

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ  
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ**

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИНСТИТУТЫ**

**ДЖУМАЛИЕВА Л.Т.**

**XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың басындағы  
қазақ ұлт зиялыларының қалыптасуы  
(оқу құралы)**

**Ақтау -2010 жыл**

УДК 94(574). (075.8)  
ББК 63.3 қаз. я 73  
О-59

Пікір жазғандар: тарих ғылымдарының докторы, профессор, Озғанбаев Ө.  
тарих ғылымдарының докторы, Бердіғожин Л.Б.  
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Қараманова М.С.

XIX ғасырдың екінші жартысы- XX ғасырдың басындағы қазақ ұлт зиялыларының қалыптасуы: оқу құралы /Құраст.- тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Л.Т. Джумалиева -Ақтау, 2010.- 87 бет.

ISBN 978-601-7276-38- 6

XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың басындағы қазақ ұлт зиялыларының туған елін бодандықтан құтқарып, Отанының тәуелсіздігі жолындағы тарихи күресі туралы айтылады.

Оқу құралы тарих мамандығы бойынша жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттарға арналған.

ББК 63.3 қаз. я 73

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің Оқу-әдістемелік кеңесінің шешімі бойынша баспаға ұсынылған.

ISBN 978-601-7276-38- 6

© Ш. Есенов атындағы КМТЖИУ

## КІРІСПЕ

XIX ғасырдың басында қалыптасқан қазақ зиялыларының мемлекетті басқару ісіне араласуы және олардың саяси белсенділігінің шарықтау шегіне жеткендігін, жаңа сапаға көтерілгенін айғақтайды.

XX ғасырдың бас кезінде Ресейдің қоғамдық-саяси өмірінде күрделі оқиғалар мен елеулі өзгерістер болды. Соның ішінде назар аударарлық әлеуметтік ықпал буржуазиялық- демократиялық даму жолына бағытталған өзгерістер болатын. Сонымен қатар, сол дәуірдегі саяси әлеуметтік ірі оқиға Мемлекеттік Думаның шақырылуы еді. Кеңес дәуірінде Мемлекеттік Думаны буржуазия мен помещиктердің біріккен таптық ұйымы, саяси-қоғамдық сілкініске қарсы, халықты алдап-арбау, оларды революциялық қозғалыстан тыс теріс бағытқа сілтейтін реакцияшыл қауымдар ортасы деп қарады. Осының салдарынан бұл органға қазақ сахарасынан депутат болып сайланған Дума фракцияларына, соның ішінде саяси топтарға белсенді қатысып ұлт мүддесін қорғаған зиялы азаматтардың аттары аталмай келді. Шын мәнісінде олардың ұлтының азаттығы мен бостандығына сіңірген еңбектері айрықша.

Мұнымен қатар әр түрлі деңгейде өткен қазақ съездерін ұйымдастыруға мұрындық болған интеллигенция өкілдері мемлекет билеу түрі, жер, дін, оқу-ағарту және тағы басқа осы сияқты өзекті мәселелерді күн тәртібіне қойып, ортақ тұжырымдар жасады. Аталған мәселелерді заңдық негізде бекіту мақсатында шақырылуға тиісті Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына даярланған еді.

Қазақ съездерін шақырудың нәтижесінде ұлттық мүддеге сәйкес бағдарламалық жобасы бар, халқы мойындаған «Алаш» партиясы құрылды. Жергілікті түркі тілдес мұсылман халықтарының азаматтық және саяси құқын қорғау мақсатында Қоқан съезінде жарияланған Түркістан автономиясы мен Орынборда өткен 2-ші жалпы қазақ съезінде ұлттық-территориялық қазақ автономиясын жариялаған Алашорда үкіметі тарих сахнасынан өз орнын алды.

Қазақ халқы дербес мемлекет құрудың сан ғасырлық сатысынан өтті. Тамырын тереңге тартқан қазақ халқы жеке ел болып, дербес мемлекет құрғанға дейін талай белестерден аман өтті. Тарихы талқыға түсіп, шындалған Ұлы дала тағдыры ортақ алуан ұлыстың құтты қонысына айналды. Зиялылардың көш басында Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов сынды білімді азаматтар тұрды. Алаштың ардақты ұлдары дербес мемлекеттілік орнатуды, тәуелсіздікті ту етті. Аласапыран кезеңде өлкеде өмір сүріп жатқан барша ұлттардың басын біріктіріп, ел болып қалудың саяси амалдарын қарастырған табанды тұлғалар Алаш автономиясын құрды.

Алаш өкіметі жаңа тұрпатты қазақ мемлекеттілігінің бастауына айналды. Алаш өкіметімен бір тұста Түркістан автономиясы дүниеге келді. Оңтүстік өңірлерді қамтыған Түркістан өкіметінің басында Мұхаметжан Тынышбаев, Мұстафа Шоқай сынды зиялылар шоғыры тұрды. Сонымен қатар Алаштың көрнекті жетекшілерінің қайраткерлік іс-әрекеттері қоғамдық өмірдің әр саласында олардың әрқайсысына тән ерекшеліктерімен тарихта хатталып қалды. Мәселен, Әлихан Бөкейхановтың саясаткерлігі, саясат жүргізудегі

«батысшылдығы» ерекше көзге түсті, Ахмет Байтұрсыновтың ең әуелі ағартушылық-ғылымдық пен саяси қимылда байсалдылық және ұстамдылығы тән болды. Халел Досмұхамедов пен Мұхамеджан Тынышпаевтардың қоғамдық қайраткерлігінен ғалымдық, зерттеушілік қасиеттері басым жатты.

Енді міне, тәуелсіздігін алып, еркін даму жолына түсіп, өз тарихын жаңаша зерделей бастады. Өзінің сан ғасырлық қайғы-қасіретке толы тарихында қазақ халқы тағдырдың талай тәлкегіне түсіп, көптеген оқиғаларды басынан кешірді. Сол тар жол, тайғақ кешулерден арып-шаршасада, қажып-қансыраса да әрқашан қадір-қасиетін жоғалтпай, ар-намыс, абыройын төкпей шығып отырды. Соның бәрінде оған жігер қосқан, рухын көтеріп, арманын асқақтатқан халықтың еркіндікті, тәуелсіздікті аңсауы, соған деген ұмтылысы, құштарлығы еді. Осы өшпес рухани қасиет әкеден балаға мирас болып әрдайым алға жетеледі.

Тек тәуелсіздік алуымызға байланысты ғана әділ бағасын алып, оған қатысушылар ақталып, шындық айтыла бастады. Қазақтың сан ғасырлық бай тарихы, мазмұнды мәдениеті, асыл мұрасы, оны білген, ардақтаған, насихаттаған, дамытқан абзал азаматтар аталмады. Тек өздерінің идеологиясын сөзсіз мақұлдап, мүлтіксіз орындаған, уағыздаушыларға ғана жағдай жасалды. Енді егемендік алып, тәуелсіз мемлекет құрғанымызда ел қамын ойлап, сол жолда өмірін сарп еткен асыл азаматтарымыздың ұлт-азаттық күресін толығымен көрсететін кез келді.

Дүние жүзі қазақтары Құрылтайының салтанатты мәжілісінде Н.Ә.Назарбаев айтқандай, бүгінгі бостандық, бүгінгі тәуелсіздік өзінен-өзі келіп, басымызға қона қойған жоқ, азаттық үшін миллиондаған адамдардың қаны шашылып, жаны қиналды, жазықсыз зардап шекті. Сол үшін ата-бабамыз өмір бойы күресті.

Алаш зиялыларының идеялары сан ғасырдан тәуелсіздікті аңсап келген ата-бабаларымыздың арманымен астасып жатыр. Бүкіл ғұмырларын күреспен өткізген арыстарымыздың қолы жетпеген тәуелсіздікке бүгінгі күні біз қолымызды жеткізіп отырмыз. Сондықтан да Алаш зиялыларының қоғамдық-саяси, құқықтық ой-пікірді дамытуға қосқан үлестері, ұлт болашағы үшін әр бағытта атқарған ерлік істері мәңгілік халық жадында сақталады.

1937-1938 жылдардағы ұлттық интеллигенцияға қарсы жүргізілген жаппай жазалау саясаты, сондай-ақ Кеңес үкіметі кезінде тоталитарлық идеологияның орын алуының нәтижесінде ұлт зиялылары «халық жаулары» атанғаны баршамызға аян. Бүгінгі таңда Қазақ елі тәуелсіз мемлекет ретінде танылып, ұлттық мемлекетіміздің әлемдік үрдісте тарихи және саяси орны айқындалып жатқан тұста ұлт зиялыларының қазақ халқының бостандығы мен еркіндігі жолында жұмсаған ерен еңбектерін жарыққа шығару - әрбір қазақ азаматының парызы болып табылады.

## **I. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның мәдениеті.**

XIX ғасыр Қазақстанның мәдени өміріндегі ағартушылық ғасыры деп аталады. Дүниежүзілік өркениеттің қуатты ықпалымен Ресей қосып алған шығыстағы жерлерге терең мүдделілік танылды. Қазақстанға ғалымдар, географтар мен саяхатшылар, шығыстанушылар келіп жатты. Білім мен мәдениеттің дамуына алдыңғы қатарлы орыс зиялылары үлкен ықпал жасады. Қазақстан Орыс географиялық қоғамы бөлімшелерінің зерттеу объектісіне айналды, мұнда мәдени-ағарту мекемелері мен статистикалық комитеттер жұмыс істеді. Өлкетану мұражайлары ашылып, ертедегі ескерткіштер, халықтың ауызша шығармашылығы және құқықтық заңдар соның ішінде қазақтардың дағдылы құқығы зерделенді [1].

Қазақ Ренессансы дәуірінде орысша білім алған, еуропалық мәдениеттен сусындаған, сонымен қатар өз еліне қызмет етуді өмірлік мұратына айналдырған адамдар бой көрсете бастайды. Олар туған халқының алдында жалғыз-ақ жол бар деп санайды; жаңа заманның өнерін, білімін, ғылымын, мәдениетін меңгеру. Бұл ретте ең алдымен Абылай ханның шөбересі, Омбы кадет корпусын бітірген офицер, әрі саяхатшы Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановты айтуымызға болады [2].

Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов - біздің елімізде мәдениет, ғылым қоғамдық ой тарихында орын алды. Оның саяси-қоғамдық, ғылыми және әдеби қызметі ежелден көрші қазақ - орыс халықтарының арасындағы шиеленіскен қатынасты достық-шығармашылық қатынасты айналдыруға әрі нығайтуға үлкен рөл атқарды.

Ол өз заманының жарқырап шыққан ұлы ғалымы болды. Оның ғылыми мұрасындағы география, тарих, әдебиет, этнография, фольклор шығыстанушы, нумизматика, археология, бейнелеу өнері саласындағы еңбектері Азия халықтарының өмірін зерттеуде аса құнды дүниелер болып табылады. Ғылыми еңбектерін, саяси көзқарасын алдыңғы қатарлы Ресей интеллигенциясы және Батыс Еуропа ғалымдары да өте жақсы бағалады. Қазақтың ғалымы, қоғам қайраткері Ш.Ш.Уәлихановты биікке шарықтатын және оны құрметтеген олар жылы лебіздерін жазып қалдырды. Шоқанның кадет корпусындағы алғашқы жылдардан бастап-ақ профессор Березинмен қадір тұтар ұстазы Костылецкий арқылы шығармашылық байланыс орнатқаны бізге бұрыннан белгілі.

Бұл туралы көптеген мұрағатта материалдар сақталған. Березиннің өтінішімен Шоқан архаизмге айналған қазақ сөздерін жинаған. Олардың барлығы Березин үшін Алтын Орда хандарының жарлықтарын зерттегенде және оларды басып шығарғанда аса қажетті материалдар болды. Хандар жарлықтарында келтірілген терминдердің мағынасын түгелдей шешіп дайындаған жас ғалым, яғни кадет корпусында оқитын қаршадай қазақ баласы Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов еді.

Ұлы ағартушы ғалым Ш.Ш.Уәлиханов артында орасан көп ғылыми мұра қалдырды. Ол негізінен ірі ғылыми еңбектерден, публицистикалық шығармалардан, пікірлерден, күнделіктерден, халық аңыздарынан, шежірежелерден және көптеген бейнелеу өнерінің нұсқаларынан тұрады. Оның барлық жұмысы ғылыми жағынан құнды. Оның күнделіктері өзінің терең мағыналық жазылуымен, көркемдігімен бағалы.

1856 жылы 21 жастағы офицер жас ғалым Шоқанның өмірінде елеулі оқиғалар болды. Соның бірі дәл сол жылы оны белгілі ғалым Петербургтен Сібірге командировкіге келген Семенов Тянь-Шанскиймен танысуы еді. Петр Петрович жас ғалымның тұрған пәтерінде болып, оның көптеген ғылыми еңбектерімен, ғылыми қолжазбаларымен танысып таң қалады. Шоқандағы тың материалды көріп, ол дереу оған «Жоңғария очерктерін» жазуды тапсырады. Себебі Петр Петрович Жоңғария туралы өзі жазбақшы болады. Сондай-ақ сол жерден Петр Петрович Петербургтегі Орыс географиялық қоғамына Шоқан туралы хат жазып, оны қоғамға мүше етіп алуға рекомендация береді.

1857 жылдың қаңтар айында Орыс географиялық қоғамының мүшесі болып сайланады. Шоқан «Жоңғария очерктері» атты ғылыми еңбегін жазып бітіреді. П.П.Семенов өзі неміс тілінен аударып, баспаға дайындап жүрген К.Риттердің «Землеведение Азии» атты кітабын Шоқанға сеніп тапсырады. Шоқан бұл қолжазбаны қарап шығып, тез арада көп түзетулер енгізеді. Кейін Петербургте болғанда осы кітаптың жарық көруіне түгелдей қатысады [3].

Шоқанның 1856 жылы П.П.Семенов-Тянь-Шанскиймен танысқанға дейін жазған ғылыми мұрасы бұл күнде оның I ші және II ші томдарын құрайды. Олар негізінен мыналар: «Письмо профессору И.Н.Березину», «Географический очерк Заилийского края», «Исторические предания о батырах XVIII века», «О формах казахской народной поэзии», «Записки о киргизах» және тағы басқалары. Жалпы айтқанда, Шоқанның көзі тірісінде жарыққа шыққан қандай да ғылыми еңбектері болса да белгілі ғылыми орталықтарда аса жоғары бағаланды. Оның қазақ халқының тарихи аңыздарына байланысты еңбегі алғаш рет 1857 жылы газеттерде басылып шықты. Ал, оның ғылыми еңбектері бірнеше жылдардан кейін, мерзімді баспасөздерде жиі-жиі көріне бастады. Әсіресе «Очерки Джунгарии», «Описание Алтышара» сияқты ірі еңбектерінің баспа жүзін көруі жас ғалымға Еуропа ғылыми орталықтарының назарын аудартты. Сондықтан оның екі еңбегі Петербургте орыс тілінде шыққан бойда Еуропаның көптеген халықтарының тілдеріне аударылып басылды.

Шоқан Уәлихановтың ғылыми еңбектері шет елдерде жарық көріп аса жоғары бағаланды. Әсіресе Батыс Еуропа ғалымдары қазақ ғалымының ойлы әрі терең талдауларына көңіл бөлді. Оның ғылыми зерттеулері неміс, ағылшын және француз ориенталистерін, географтарын және тарихшыларының назарын аудартты. «Очерки Джунгарии» және Шығыс Түркістан туралы жазылған ірі туынды «Описание Алтышара» неміс тіліне аударылып Германияда жарық көрді. Сондай-ақ Шоқанның бұл еңбектері ағайынды Джон мен Роберт Мичельдердің аудармасымен ағылшын тілінде Лондонда жарық көрді. (1865 жыл) Бірнеше жылдан соң Шоқан еңбектері француз баспасөзінде де көріне бастады. Француз тіліне аударып, Парижде бастырған әйгілі публицист Эмиль Жонво еді. Қазақ ғылымының еңбектеріне белгілі француз ғалымы Элизе Реклю де көңіл бөлді.

Ш.Уәлихановтың мұрасын көптеген ағылшын ғалымдары аса жоғары баға берді және өз еңбектерінде жан-жақты пайдаланды. Шоқанның жетістіктеріне кезінде Потанин: «..... Валиханов был первым по времени казахом, вставившим свое имя в список русских писателей...»-деп әділ бағасын берген. Қазақ ғалымы әрі жазушысы Ш.Ш.Уәлиханов қырғыздың «Манас» жырының бір бөлімін, қазақтың атақты жырлары «Едіге» мен «Қозы Көрпеш –Баян сұлу» жырын оның

тарихы еңбектердің ішіндегі –«Жами-ат-тауарихи» (Жалаири), «Тарихи и Рашиди» (Дұғлати) тағы басқаларын орыс тілінде аударды. Еуропа мен Ресейдегі шығыстану ғылымында Ш.Уәлихановтың қосқан үлесі зор [4]. Сонымен қатар, Шоқанды тағы бір сырынан қарайтын болсақ, ол белгілі түпнұсқа танушы, яғни түпнұсқаға және оның кейбір аудармаларына сынмен қараушы ғалым.

Жалаиридін «Жами-ат-тауарих» еңбегін Шоқан мұқият зерттеп, кейбір тарауларын алғаш рет орыс тіліне аударды. Ыстықкөлге экспедициясы кезінде Ш.Ш.Уәлиханов ғылыми деректермен қатар, көненің көзі ерте заман бұйымдарының құнды үлгілерін жинады. «Ыстықкөлге барған сапардың күнделігі», «қырғыздар туралы жазбалар» деген аяқталған тарихи этнографиялық туындылары жоғарыда аталған сапарлардың нәтижесі болатын.

Ш.Ш.Уәлихановтың ғылыми қызметінің жаңа кезеңі 1858 жылғы Қашқарияға құпия сапары болды. Қашғар саяхаты барысындағы ауыр сапар және жол үстінде кездескен азап пен бейнет жас ғалымның денсаулығына кесірін тигізіп, елге қайтып келгеннен кейін ауырып қалады. Оның ғылыми мұрасы Қазақстанның және көп ұлтты Ресейдің басқа да халықтары проблемаларының өзекті тұстарын қамтиды. Шоқанның қазақ халқының құрылуы, ХУІІ-ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстанның әлеуметтік және саяси тарихы, қазақтардың ресей бодандығын қабылдауы, Орта Азия мен Шығыс Түркістан халықтарының рухани және материалдық мәдениетінің тарихы проблемаларына арналған ғылыми зерттеулері Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тұрмысын зерттеуге аса бағалы үлес болып қосылып, замандастарының орасан зор ынтасын туғызды [5].

Ол бүкіл Орта Азия мен оған іргелес жатқан аймақтар халықтарының географиясын, этнографиясы мен фольклорын зерттеуге үлкен үлес қосты. Алтын Орда мен қазақ және қырғыз халқы туралы Ш.Уәлихановтың зерттеулері шығыстану мәселесінде жаңа рухани күш әкелді. Ол өзіне дейінгі зерттеушілердің біраз кемшіліктерін көрсеткен себепті еңбектері өз құны мен маңызын одан бетер асырды. Мысалы, Н.И.Веселовский Шоқан еңбектерімен танысқан соң бұрынғы И.Н.Березин сияқты беделді зерттеушілердің еңбектеріне сын көзбен қарайтын болды. Сан проблемалардың ішінде жас ғалым Шоқанды ерекше толғантқан қазақ халқының қалыптасуын ХІУ ғасырда басталған деп сенімді түрде жазып қалдырды. Сондай-ақ, әйгілі шығыстанушылар А.И.Левшин мен Сенковскийді Фердоуси жазған деректер бойынша қазақ халқының шығу тарихын ІХ ғасырға жатқызғанын батыл сынады. Сондай-ақ Шоқан Шыңғысұлы Әбілғазының түрік шежіресі, Жалаиридін «Жами ат- тауарих», Кемал-аддин Али мен Мұхамедтің (Бенаи) «Шайбани-Наме», Мұхамед Хайдар Дұғлати «Тарихи и Рашиди» атты еңбектеріне көп көңіл аударды, себебі қазақ хандығының тарихы туралы негізгілері осылар еді [6].

Ал, Рашид-Еддин, Жувейни тағы басқа еңбектері де Шоқан назарынан тыс қалмады. Осы еңбектерді және Еуропа ғалымдарын түгелдей зерттеп, қамтыған қазақ ғалымы өз халқы туралы аса құнды еңбек «Казахское родословие» атты жоғары дәрежелі зерттеуді дүниеге келтірді. Ш.Уәлиханов шын мәнінде, ХІХ ғасырдағы ірі ғалым ретінде Орта және Орталық Азияның тарихы, географиясы мен экономикасы туралы аса бай мұра қалдырды. Әрине, әрбір ғылыми еңбекті жазу оңай болған жоқ, оның бәрі ауыртпалығы мен қиындығы мол тарихын,

мемлекеттік құрылысын, оның басқа елдермен сауда және саяси қатынастарын, халықтарының өмірі, тұрмысы, салты мен мәдениетін зерттеуде шығыстану ғылымына өте үлкен септігін тигізді.

Ш.Уәлиханов өз халқының тарихын, географиясын, фольклорын зерттеуде шығыстану ғылымына айрықша үлес қосты. Оның тарих, этнография, өнер әдебиет саласындағы зерттеулері маңызы мен тереңдігі жөнінде сол заманда жазылған еңбектердің бәрінен де шоқтығы биік. Құнды зерттеулеріне тән ерекшелік-эрқашан түп нұсқалық байлық, терең мағына, демократ идея, ғылыми қорытындылар сол заман түгілі осы күнге дейін өз мәні мен маңызын жоғалтқан жоқ.

Шоқан өзіне дейінгі батыс Еуропа мен Ресей шығыстанушыларының барлық еңбектерімен таныс болған. Қандай тілде жазылған еңбектерінің ешқайсысы да қазақ ғалымының назарынан тыс қалмаған. Ол алдымен шығыстағы белгілі тарихшылар Раши-Еддин, Жувейни, Шари-Еддин Али Иезди, Васаф, Хидулла Казвини, Мұхамед Хайдар Дұғлати және басқалардың еңбектерін кеңінен пайдаланды. Шоқан орыс жылнамаларына да ерекше көңіл бөлді. Еуропаның атақты саяхатшылары Плато Кароппини Рубрук, Марко Поло, Иоганн Шильдберг, Дженкинсон, Кастрен тағы басқа жазбалары мен мәліметтерін аса жоғары бағалады.

Шоқан Еуропа деректерінің ішінде Қазақстан мен Орта Азияға байланысты мәліметтерге ертедегі тарихшылар Геродот, Птоломей, Константин Багрянородный, ал соңғы кездегі тарихшылар мен географтар әлде шығыстанушылар Миллер, Фишер, Рычков, Риттер, Гумбольдт, Шренк, Влангали және тағы басқалардың еңбектеріне сүйенеді. Қазақтың халық мұрасын Шоқанға дейінгі ғалымдар аз зерттеген жоқ, алайда олардың бәрі де Шоқан жеткен шыңға жете алмады. Мысалы, Ресейдегі белгілі ғалым әрі жазушы, қазақ халқының ауыз әдебиетін көп зерттегендердің бірі- В.И.Даль. Ол, әсіресе қазақ ауылындағы ақындар айтысы, қазақ поэзиясы туралы еңбектер жазды. Бірақ, Даль жалпылама болмаса, қазақ поэзиясын жан-жақты зерттеп талдау жасамады. Оның орнын, әрине, Ш.Уәлиханов терең түрде толықтырды. Даль қазақтың қара өлеңін жалпыға бірдей тар жолды, яғни ақындар айтысы үшін ғана қолданады, -деп жазса, Шоқан қазақ поэзиясының түрлерін жүйелі жіктеп, алғаш ғылыми бейнеде көрсеткен еді [7]. Ш.Уәлихановтың шығармашылық мұрасы қазіргі зертеушілердің үнемі назарында, сондықтан оның өмірі мен шығармашылығы туралы ғылыми еңбектер тарихнамасының өте ауқымды екендігі табиғи нәрсе.

Қазақстанда ХІХ ғасырдың 60-шы жылдарында халықтық мектептердің ашылуы аса көрнекті ағартушы, қоғам қайраткері, жаңашыл педагог, этнограф ғалым, қазақтың жазба әдебиетінің және тілінің негізін салушылардың бірі- Ыбырай Алтынсариннің есімімен тығыз байланысты. Ыбырай графикасына негіздеп қазақ әліп-биін жасады. Осы әліп-би бойынша жүргізілген сабақтар ол ұйымдастырған қолөнер және ауыл шаруашылығы (училищелерінде қазақ балаларының дүниеге көзін ашты. Ол қазақ қыздарын өнер-білімге кеңінен тартты. Осы мақсатта ашылған қыздар мектеп-интернаты 1888 жылы Ырғызда, 1891 жылы Торғайда, 1893 жылы Қазалыда, 1895 жылы Қарабұтақта, 1896 жылы Ақтөбеде жұмыс істей бастады. Оны бітірген қыздар кейін қазақ даласында білім ұрығын септі. Ыбырай Орынбордағы ғылыми-жағрафиялық қоғамның тілші мүшесі болып



сайланды. Ыбыраймен тұстас Батыс Қазақстанда өмір сүрген көрнекті қаламгер, этнограф тарихшы Мұхамбет Салық Бабажанов (1832-1872 жж.) өзінің шығармашылығымен кеңінен мәлім [8].

Соңғы кезге дейін көптеген жарық көрген еңбектерде аты аталып, бірақ өмір жолы, еңбектері қалың жұртшылыққа беймағлұм болып келген Мұхамбет Салық Бабажанов қазақ халқының тарихына, этнографиялық өткендеріне, мәдениетіне, тұрмыс-тіршілігіне байланысты ресейдің орталық басылымдарына көптеген мақала, очерктер, зерттеу материалдарын жан-жақты талдау және ғылыми айналымға енгізу арқылы ХХ ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген М.С. Бабажановтың тарихшы этнограф, жағрапия ғылымының көрнекті маманы, ғалым жазбагер ретіндегі бет-бейнесін анықтауға мүмкіндік береді. Бөкей Ордасындағы ХІХ ғасырдың алғашқы жартысынан бастаған әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісуі барысында өмірге көзқарасы қалыптасып, келе жатқан М.С.Бабажановтың ой-өрісі, өмірлік мағлұматтары кеңейе түсті. М.С.Бабажановтың орыс жағрапия қоғамында қызмет етіп, оның тапсырмасымен қазақтың тұрмыс-тіршілігін зерттеп, ғылыми мағлұматтар жинастыру болса, екіншісі, ғылымға қажетті материалдық деректер тауып қоғамға өткізу болды. Осы екі міндетті де ол өзіне тән ұқыптылықпен атқарды.

Соның нәтижесінде 1862 жылы ол жағрапия қоғамына қазақтың тұрмыс-тіршілігіне байланысты этнографиялық экспонаттар тапсырып, бөлімше жұмысына бағалы көмек көрсеткен үшін қоғамның бірінші дәрежелі үлкен алтын және кіші алтын, күміс медальдарымен наградталды.

М.С. Бабажанов өзінің қазақтың тұрмыс-тіршілігі туралы жазбаларында ол ХІХ ғасырдың алғашқы жартысынан бастап шәй сусынының Ішкі ордаға қалай тарай бастағанын баяндайды. М.С. Бабажанов «мұсылман діні қазақ жеріне кіріп, халықтың наным-сенімі ретінде қалыптаса бастағанша бірнеше жүз болғанмен оны таратушы, уағыздаушы, жұрттың санасына сіңіруші молдалар ХІХ ғасырдың 30-жылдарында қазақ жерінде, әсіресе Кіші Ордада аз болды. М.С.Бабажанов қазақ халқының, Ішкі Орда қазақтарының тұрмыс-тіршілігіне, жер бедері мен байлығына, мәдени қоғамдық өміріне сипаттама беруімен бірге қазақтың қанатты сөздерін, аңыз әңгімелерін көп жинаған.

1871 жылы Мұхамбет Салық Бабажановтың « Жылқылар және оларды Ішкі Ордасында баптау» деген көлемді еңбегі Санкт Петербургте шығатын екі журналда бірден жарық көрді. Салық Бабажанов негізін салған тұқымды жылқы өсіру тәжірибесі ХХ ғасырда, кеңес өкіметі жылдарында да жалғасын тауып, Батыс Қазақстан облысының Орда ауданындағы жылқы зауытында әскерге керекті аттар өсірілді [9].

ХІХ ғасырда орыстардың, қазақтардың зиялы қауымның санаткерлік салихалы бітім-болмысын өзінің өзек жарды туындыларымен танытқан мұхамбет Салық Бабажановтың жарияламаларында оның Ішкі Орда қазақтарымен, Орал орыс-казактарының арасындағы әлеуметтік-рухани қарым-қатынасқа да көңіл бөлгенін көреміз. М.С.Бабажанов өзінің көптеген мақала, очерк, хаттарында отаршылдық саясаттың салдарынан туған жер мәселесіндегі әділетсіздіктерді әшкерлеп, қазақтардың жайылым, шабындық жердің тапшылығынан көріп отырған қиыншылықтарына шын жүректен жанашырлық білдіреді. Жер мәселесі, осыған байланысты жүргізілген реформа, жерді жекешелендіру, шабындық пен

жайылымның жетіспеуі Ішкі Ордада екі түрлі әлеуметтік қайшылық туғызды. Оның бірі жердің әділ бөлінбеуінен, нулы, сулы шалғындардың ірі бай феодалдардың қолына топтастырылып, орташалар мен кедейлерге құнарсыз, өнімсіз учаскелердің тиюінен туды. Кіші ордадағы ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы шаруалардың наразылығы, әр түрлі толқулар, Исатай мен Махамбет көтерілісі осындай әлеуметтік теңсіздіктің салдарынан болды [10].

Аса көрнекті ағартушы Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының қоғамдық ой-пікірі, мәдениеті мен әдебиеті тарихында жаңашыл педагог, жаңа мектептердің ұйымдастырушысы, этнограф, фольклоршы, ақын, прозашы және орыс классиктері туындыларының, атап айтқанда, Крылов мысалдарының аудармашысы ретінде кеңінен мәлім. Ы. Алтынсарин дүниежүзі әдебиеті классиктері – Шекспир, Гете, Байрон, Пушкин, Гоголь, Лермантов, Фирдоуси, Низами, Навои және басқаларының туындыларын өз бетімен оқыды. Ол белгілі шығыс зерттеушісі, шекаралық комиссияда қызмет еткен В.Григорьевпен араласып, оның бай кітапханасын пайдаланды. Ы.Алтынсарин қарапайым халықтың қамын ойлады. Патша өкіметінің жүгенсіз саясатына қарсы болды. Мұны оның 1880 жылғы «Оренбургский листок» газетінде жарияланған мақалалары дәлелдейді. Ы.Алтынсарин өз бастамасы бойынша және тікелей қатысуымен Қазақстанда халықтық азаматтық мектептер желісінің құрылуына қол жеткізіп, ағартушылық ісіне көп күш-жігер жұмсады.

Ы.Алтынсариннің мектептегі қызметі халық арасында лайықты бағасын алды. Ол қолөнер және ауылшарушылығы училищелерін ашуға көп-жігерін жұмсады, байырғы халық арасынан Қазақстанның экономикалық дамуы үшін қажетті мамандар даярлауға ерекше мән берді. Қазақстанда қыз балаларға білім берудің басталуы да Ы.Алтынсариннің есімімен байланысты. 1888 жылы ол Ырғыз қаласында қазақ қыздарын оқытатын, интернаты бар мектеп ашып, патша әкімшілігінен интернаттары бар қыздар училищелерін ашуға рұқсатталды. 1891 жылы Торғайда, 1893 жылы Қостанайда, 1896 жылы Ақтөбеде интернаты бар қыздар училищелері жұмыс істей бастады. Сонымен қатар, орыс-қазақ мектептерінің мұғалімдеріне оқулық-көмекші құрал ретінде орыс педагогтары мен жазушыларының еңбектері мен оқулықтарын ұсынды. Белгілі дәуірдің адамы және қайраткері болған Ы.Алтынсарин өз көзқарасында кейбір қайшылықтардан арыла алмады. Барлық ағартушылар сияқты ол да ағарту ісінің әлеуметтік және өзгертушілік рөлін көбінесе асыра бағалады.

Ы.Алтынсарин жан-жақты білімді адам болды. Ол қазақ этнографиясының кейбір мәселелерін егжей-тегжейлі зерттеп, 1868 жылдың наурызында Орыс географиялық қоғамы Орынбор бөлімінің мәжілісінде өзінің «Орынбор ведомствасы қырғыздарының құда түсу мен үйлену тойы кезіндегі әдет-ғұрыптарының очеркі» атты еңбегін оқып берді. Мақала қоғам мүшелері тарапынан жаппай қолдау тауып, көп ұзамай жарық көрді [11].

1898 жылдың 1914 жылға дейін Қазақстандағы бастауыш мектептердің саны 730-дан 1988-ге дейін, ал олардағы шәкірттер саны 29,1 мыңнан 101 мыңға дейін өсті. Орта оқу орындарының, реалдық училищелердің, ерлер мен қыздар гимназияларының саны 1914 жылы олардың жалпы саны 12-ге жетті. Бұларда 4 мың шәкірт қыздар білім алды. Қыз балаларға білім берудің дамуы прогрессивтік құбылыс болды. Барлық оқу орындарында дерлік оқу орыс тілінде жүргізілді,

жергілікті халықтардың тарихы мен әдебиеті мүлде оқытылмады. Ы.Алтынсарин салдырған жаңа мектептің ашылу салтанаты 1864 жылғы 8 қаңтарда өтті. Оған 16 бала жазылды, мектеп жанынан балалар жатып оқитын интернат ашылды.

Ы.Алтынсариннің өзі орыс-қазақ мектептерінің оқушылары үшін екі оқу құралын: «Қырғыз хрестоматиясын» және «Қырғыздардың орыс тілін үйренуіне бастапқы нұсқауды» жазды. Орыс классиктерінен аудармаларында, қазақ тіліндегі өз шығармаларында ол демократиялық ағартушылық идеяларды насихаттады. Мектептік білім жүйесінің кеңейтілуі және қазақ қоғамының әлеуметтік өміріндегі ілгерушілік маман даярлау мәселесін алға қай кездегідей де өткір қойды. Ы.Алтынсарин қазақ мәдениетін дамыту үшін ағартушылық қызметті өркендету мәселесіне айрықша көңіл бөлді. Ол қазақ жастарының орыс жазуын, орыстың тілі мен білімін меңгеру арқылы Еуропа мәдениетін игеруіне жол ашпақшы болды. Оның бұл талабын қолдайтын қазақтың көңіл көзі ашық, прогресшіл азаматтары аз болған жоқ [13].

Қазақтың жазба әдебиетінің негізін салушы – Абай Құнанбаев. XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген ол өлеңдер, дастандар, қара сөзбен жазылған ғақлиялардың мол мұрасын қалдырды. Ол өз шығармаларында адамгершілікке, рухани тазалыққа үндеді. Оларға жат қулық-сұмдықты, залымдықты шенеді. Ол туралы қазақтың аса көрнекті ойшыл жазушысы Мұхтар Әуезов былай деп жазды: «Абай өзінің кіршіксіз ақ жүрегін тебіrentкен сансыз ойларын маша шығармалары мен жырларының бетіне маржандай төгілдірді, оның әрбір бетінен, әрбір жолынан, әрбір сөзінен бізге соншама ыстық, соншама жақын леп сезіледі, ол леп кешегі өткен заманның, кешегі тәркі дүниенің соққан тынысы болса да бізге түсінікті, жүрегімізге қонымды. Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы – заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн біздің үнімізге қосылып жаңғырып жаңа өріс алып тұр».

Абайдың ақын шәкірттері өз балалары - Ақылбай, Мағауия, туысы Көкбай, інісі Шәкәрім қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылатын көптеген шығармалар қалдырды. Әсіресе Шәкәрім Құдайбердіұлының жазғандары көп болды.

Абай Құнанбаев – көшпелі кезеңнің соңғы, жаңа заманның алғашқы ұлы тұлғасы болып тарихқа кірді. Сондықтан оның шығармаларындағы жан күйзелісі халқының қасіреті мен рухани дүниесінің айнасына айналды. Данышпан Абай бабамыздың бізге қалдырған ұлы мұрасының түпсіз тұңғығына бойлап, санаға сіңіру - өмірде қолдану жеке мүдделілік емес жалпыхалықтық маңызы бар мәселе [14].

Патша өкіметінің отаршылдық саясаты және XIX ғасырдың екінші жартысында езгінің күшеюі салдарынан халық бұқарасының жағдайы күрт нашарлап, қазақ шаруалары күйзеліске түсті. Қазақтардың көпшілігі малдарынан айрылып, кәсіпсіз адамдар тобырын толықтырды. Абай қазақ кедейлеріне тіршілік ету жолын нұсқап, жалпы еңбектің ең прогресшіл нысаны - жалдама еңбектен бойды аулақ салмауға шақырды. Оның пікірінше, адамның мінез-құлқы қиыншылықтармен күресте, осы қиыншылықтарды жеңуде ғана шындалады. Абай Қазақстан экономикасының гүлденуі үшін сауданы одан әрі дамыту қажет деп санады. Ол көптеген елді аралап, сауда жасаған өзбек саудагерлері туралы үлкен құрметпен айтты. Олардан қазақтар да негізінен малға айырбастап, көптеген тауарлар сатып алатын. Абай сауданы халықтар арасындағы қарым – қатынас

құралы, қоғамның өндіргіш күштері дамуының стимулы деп қарастырды, сондықтан оны Қазақстанда одан әрі дамытудың белсенді насихатшысы болды. Отаршылдық езгінің күшеюі және Қазақстандағы патриархаттық қатынастардың қалдықтары Абайдың ел билігі, басқару мәселелеріне көзқарастарынан көрініс тапты.

Абай парақор билеушілерді, ашкөз судьяларды, надан молдаларды жек көріп, әшкерлеп отырды, оларды бүкіл халықтың игілікке жету жолындағы қырсық деп санады. Ол басқа да ағартушылар сияқты, бұл қырсықты жоя алатын негізгі күш ғылым мен білімде деп білді. Ғылым мен білімнің қоғам үшін маңызын ашып көрсете келіп, ол бұлардың «өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік, бекер мал шашпақтықпен» сыйыспайтынына кәміл сенді. Аса көрнекті ойшыл қазақ қоғамындағы мұндай жағымсыз қасиеттерге жиіркенішпен қарады, оларға қарсы күрестіөзінің негізгі борышы деп білді. Ол үздіксіз еңбектеніп, білім алу арқылы ғана ғылымды өркендетуге болады деп санады. Абай ел ішінде татулық пен бірлік болғанда ғана қоғамның негізгі қозғаушы күштері – ғылым, алдыңғы қатарлы идеялар, мәдениет толық көлемінде дами алады және бүкілхалықтық игілік әкеледі деп санады [15].

Әр дәуір өзінің қайталанбас тұлғаларын өмірге әкелді. Сол тұлғаларға қоғамдағы тарихи орнына, атқарған еңбегіне орай әрқилы баға беріледі. Кейінгі ұрпақ оларды тарихтағы орны, жұртшылықтың көзқарасы арқылы танып біледі. Адамның өз тәжірибесі жүріп өткен жолы болады. Ол жолдың жаман-жақсы көз алдында сайрап тұр. Істегеннен көрген артық. Көргеннен бастан кешкен артық. Бірақ, бұл әркімнің өз тәжірибесі қанша қымбат болғанмен, қатесіз жол деуге болмайды.» -деп Мағжан Жұмабаев айтқандай, жеке адамның өмірдегі жолы өзіне тайға таңба басқандай анық болғанымен, оның орнын замандастарының, кейінгі ұрпақтың бағалауының жөні бөлек [16].

Ал егер ол жұртшылыққа белгілі тұлға болса, оның біржақты бағаланбай, тарихтағы шынайы бейнесін табуы күрделірек мәселе. Тарихтың даму белестері кезінде кейбір ірі тұлғалар саясаттың ықпалына орай, идеологиялық шеңбердің аясында бағаланды. Көптеген ізгі ниетті қайраткерлер мен елдің мұң-мұқтажын жоқтаған арыстардың жарқын бейнесі, халыққа сіңірген өлшеусіз еңбегі жөнінде жан-жақты түсінік берілген жоқ. Өйткені көп ұлтты республикаларды біріктіретін ірі державаның азаматтарына таза ұлт мүддесін көздейтін мұраларды кеңінен тарату «ұлтшылдықтың» белгісі болып саналатын еді. Ал бірі сталиндік репрессияға ұшыраған, енді бірі шығармалары жұртшылыққа ұсынуға зиянды деп саналған арыстардың көпшілігінің ой-арманы ұлттың болашағын өркендетуге байланысты болатын.

Сексенінші жылдардың екінші жартысындағы қоғам өміріндегі өзгерістер: ірі державаны құрайтын республикалардың егемендікке, тәуелсіздікке ұмтылыстары тарихтағы орны бұрмаланып келген бірқатар есімдерді қатарға қосты. Заманның жылымық лебі мен ұлттың қайта түлеуінің арқасында халық өздерінің көш бастаушысы болған ағартушылық ой-сананың көсемдері Шәкәрім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов сынды арыстарды қайта танып білді. Қазақ әдебиетіне баға жетпес асыл мұралар қосылды. Қазақ әдебиетінде шығармалары қайшылыққа толы күрделі тұлға саналған ақындардың бірі- Мұрат Мөңкеұлы еді. Ескі ақындардың өмірбаянын білсек, соның әрқайсысы өмір сүрген заманның тірі

пішінді белгісін тауып алғандай боламыз. Әрбір дәуірдің сондайлық бір белгісі болса, « темір аяқ тебендей» болатын көмескі, күңгірт, ертегі заманның ұзақ сапарында қадам басып, жылжи беруге болады».

Мұхтар Әуезовтың пікіріне сүйенсек, Мұрат ақынның шығармаларын өзі өмір сүрген қоғамнан бөліп қараудың жөні жоқ. Мұрат Мөңкеұлы өзі ғұмыр кешкен кезеңдегі ел ішіндегі ахуалды, халықтың басына түскен ауыртпалықты жырға қосты, жұртының жағдайын ойлап қабырғасы қайысты.

Ахмет Байтұрсыновтың « Ақындық жалғыз өз көңілінің күйін толғай білуде емес, басқалардың да тілін танып, күйіне салып толғай алуында» деп тұжырымдағаны сияқты Мұрат та, қара басын күйттеген ақын емес, халықтың үні мен елдің мұңын жеткізуші болды.

«Зар заман деген ХІХ ғасырда өмір сүрген Шортанбай ақынның заман халін айтқан бір өлеңінің аты. Шортанбайдың өлеңі ілгері ілгергі, соңғы ірі ақындардың барлық күй, сарынын бір араға тұтастырғандай жиынды өлең болғандықтан, бүкіл бір дәуірде бір сарынмен өлең айтқан ақындардың барлығына «Зар заман» ақындары деген ат қойдық»- деп М.Әуезов сипаттама жасаған кезеңнің ақындарының белді өкілдерінің бірі- Мұрат Мөңкеұлы болды [17].

Жүз жылға созылған зар заман дәуірінің ақындары халықтың басына төнген қайғы- қасіретті сары уайымға салыну, торығу сарынымен жырлады.

Әсіресе, Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы өмір сүрген кезең- патшаның отаршылдық саясаты дәуірлеп, қазақ жерінің нағыз талауға түскен шағы еді [18]. Бұл кезде патша өкіметі жаңаша реформалар жасап, қазақ жеріне орыс шаруалары көптеп қоныс аударып жатты. Ел билеудің жүйесіне өзгеріс енгізіліп, халықтық салт-дәстүрлердің жолы кесілді.

1868 жылы «Жаңа низам» заңының жүзеге асырыла бастауы да дала қазақтарының зорлық пен зомбылыққа ұшыратты. Бұл кезең туралы Сәбит Мұқанов былай деп жазды: «Жер отарлаудың мәнісі: қазақ даласына ішкі Ресейден переселендерді қаптатып, жиілетіп, орыс шаруа поселкелерін орнату, қазақтың бар құнарлы жерін переселендерге беру, сөйтіп, жерге мал отынан айырып, қазақты кедейлендіру, содан кейін аздырып-тоздырып, ұлттылығын, елдігін жою» [19].

Міне, нақ осы саясат отарлаушылардың қазақ жерінің бар байлығын алып, түгін тартса май шығатын өлкені армансыз пайдалануына себепкер болды. Күні кеше ғана ұлан-ғайыр территорияға үстемдік еткен орталықтың ұстанған бағыты да осыған орайлас еді. Зар заман ақындарының көрнекті өкілі Мұрат Мөңкеұлы қазақ жері талауға түсіп, отаршылдардың ойранына айналған жылдарда халқына ұран тастады. «Үш қиян», «Сарыарқа», «Қазтуған» толғау-дастандарында ел жағдайы мен жер жағдайын байланыстыра жырлап, ата дәстүрінің үзіліп, ата-қоныстың қадірі кетіп, өлкенің тоз-тозы шыққанын сөз етті. Халқын сүйген ақынның өміршең шығармалары ұзақ жылдар бойы жартылай ақтаңдақ ретінде бағаланып, жұрт аузына алынбай келді. Мұның себебі, Мұраттың отаршылдықты ашықтан-ашық сынап, орыс халқының қазақ жерін жайлай бастауына күдіктене қарауынан еді. Мұраттың шығармашылығын алғаш зерттеген Халел Досмұхамедұлы оның мұрасын жүйелеп, өлеңдеріндегі қайшылықтарға баға беріп, мұраттанудың негізін қалады.

Әдебиет зерттеушілері, ақын-жазушылар әр жылдарда Мұрат мұралары туралы пікірлер айтты. Әсіресе ақын шығармаларына тереңірек тоқталған М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев, М.Жолдыбаев, Қ.Жұмалиев, Ә.Тоқмағамбетов, С.Мұқанов, Ы.Дүйсенбаев, Х.Сүйіншәлиев сынды ғалым-жазушылардың ой-пікірлері Мұрат Мөңкеұлының мұраларының табиғатын ашып, байыпты талдау жасаумен құнды. Философ-ғалым Қ.Бейсембаев те, Мұраттың дүниеге, қоғамға көзқарастары жөнінде пікір айтты. Алайда оның тұжырымы сол кездегі идеологиялық ойлаудың өлшеміне сай болды.

Мұрат ақынның мұралары Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясы Тіл және әдебиет институтының 1940 жылдардың орта шенінен бастап ұйымдастырған ғылыми экспедицияларының нәтижесінде жиналды.

Мұраларды Атырау өңірінен іздеп тауып, Академия кітапханасының қолжазба қорын дамытуға Б.Қорқытов, А.Әбдірахманов, Ғ.Әбілмәжінов, М.Тілеужанов, Сұлтанғалиева тағы басқа жинаушылар үлес қосты [20].

Ақынның өлең толғауларының көпшілігі Мұраттың ұлы Дәулетқалидың аузынан жазып алынды. Мұрат ақынның шығармалары қай кезде де әдебиет зерттеушілерінің назарынан тыс қалып көрген жоқ. Мұратбек Бөжекеев филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін жазған диссертациясының бір тарауын Мұрат Мөңкеұлының өлең-дастандарына арнады [21].

Ақынның ардақты есімі ақталғаннан кейін мерзімді баспасөзде Мұрат Мөңкеұлы жайында бірнеше мақалалар жарияланды. Ақынның өленінің толғаулары газет-журналдарда жарық көрді. 1991 жылы ғалымдар Қ.Сыдықов пен Ш.Керімов Атырау, Маңғыстау өңірлерінде өмір сүрген төрт ақынның (Қашаған Күржіманұлы, Шығияз Шанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Насихат Сүгірұлы) «Алқаласа әлеумет» деп аталатын жыр жинағын құрастырып бастырып шығарды [22].

Осы жинақта Мұрат шығармаларының бұрынғы басылымдарымен салыстырылған текстологиясы жасалды. Сол жылы шыққан Халел Досмұхамедұлының «Аламан» атты кітабына [23] құрастырғандар (Ғ.Әнесов, А.Мектепов, Ш.Керімов) Мұраттың 1924 жылы Ташкентте жарық көрген жинақта жарияланған өлең-толғаулары енгізілді. «Әлем алманағының» алғашқы санында «ХІХ ғасыр әдебиеті» оқулығының хрестоматиясында Мұраттың өлеңдері жарияланды. Ақын шығармаларының баспасөзде жарық көруіне ғалым С.Дәуітов көп үлес қосты. Мұрат Мөңкеұлының шығармаларын әр қырынан алып қарауға болады. Қай қырынан көз салсақ та ақын тұлғасы даралана биіктей түседі. Ол сөз сайысында алдына жан салмаған, қарсыластарының бәрін де тізе бүктірген ұшқыр ойлы, суырып салма айтыскер. От ауызды, орақ тілді шешен. Ел тарихын, жер тарихын өте жетік білетін шежіреші.

Қанша ғасыр өтсе де мән-мағынасын жоймайтын, аумалы-төкпелі заманға тап келсе де қадірі кемімейтін, өктемдіктің қылышына туралса, кейіннен бүтінделетін, қара күйе жағылса, соңыра сәулесін шашып, жарқырай түсетін, қын түбінде жатпас алтын кездік секілді рухани құндылықтар болады. Елдің мұңын, халықтың қайғысын ойлап, ұлтын ұлықтап, жұртын жоқтаған арыстардың жәдігерлік дүниелері күрмеуі көп күрделі кезеңде қапасқа қамалып, табанға тапталғанымен, түптің түбінде тарихтың шөгіндіні батырып, шын асылды қалқытып шығаратын толқындарына ілесіп, жағалауына жол тартады.

Жаңа заманның жаңаша ойлайтын ұрпағының қолына тиеді. Бағасы аспандап, қадір-қасиеті артып, құндылығы еселеніп жетеді. Қара өлеңнің, сиқырлы сөздің тұтқынға тұтылып, шырғалаңға шырмалып, кәдімгідей қасірет шегетіні арқаға аяздай бататын ащы шерді ақтарғандығынан. Ал ащы ақиқат қайғы-мұңның зілмауыр салмағы түскенде ғана айтылады.

Ұлы Абайға жүгінсек, «Көкірек толған қайғы кісінің өзіне де билетпей, бойды шымырлатып, буынды құртып, я көзден жас болып ағады, я тілден сөз болып ағады. Өз ұлтының төл тарихымен тамырлас қазақ әдебиеті де қайта оралған қазыналардан кенде емес. Соның көпшілігі құлашты кең жаздырмаған құрсаулы жүйенің, озбырлық пен ойранға толы отарлау дәуірінің ақиқатын айтқан шығармалар екені даусыз. Бодандық бұғауына түскен ұлт пен ұлыстардың қайғы-шері мен зар-мұңы, азаттықты аңсаған ұлы арманы жыр болып ақтарылып, запыран болып төгіліп, халық жадынамасындағы рухани мұралармен бірге жасасып келеді. Бодандықтың қамытын киген көшпенді халық кешегі күнгі жалына қол тигізбейтін еркіндігін, өзінің табиғатына ғана жарасатын салт-дәстүрлерін, той-думанмен өткен дәуренін шерлі сағынышпен еске алады.

Сонымен қатар, қайғы жұтқан қалың елдің өз басындағы ахуалға, замананың өзгерген түріне, отарлаушылардың озбыр іс-әрекетіне, жаңа билеушілердің мінез-құлқына, оларға құлдық ұрған ел пысықтарының жағымсыз жүріс-тұрыстарына бағыштап өз сөзін айтуы заңды нәрсе. Бұл шерді шындық тіршіліктің қақпасын ән-жырмен ашып, пәниден көшкенде зар-жырмен қоштасатын қазақ халқының әдебиетінде көрініс тапса, оған таң қалатын дәнеңесі де жоқ. Мұндай рухани құндылықтарды санаға саясаттың салқыны тиген, ой-пікір бостандығына тұсау салынған кезеңде шынайы бағалап, шоқтығын көтеруге мүмкіндік болмады.

Қазақ әдебиетіндегі зар заман ақындарының ой-тұжырымдарын олардың өздері ғұмыр кешкен кезеңге көзқарастарының жиынтығы тұрғысынан бағалағанның өзінде жыр жүйріктерінің мұраларынан ғибрат аларлық нәрсе аз емес. Жариялылықтың лебі ескен жылдардан бастап, ардақты есімі ақталған әрбір ақын-жазушының әдеби мұрасын тұтастай қамтып, жеке тұлға ретінде шығармашылық өмірбаяны арқылы зерттеу үрдіске енді. Соның нәтижесінде жалпы жұртшылыққа бұрын елеусіз қалып келген рухани құндылықтар мен маңызды мәліметтер молынан таныстырылды. Сонымен қатар бірнеше ақындардың шығармашылығындағы ортақ ағымдары, дәстүрлерді жинақтап, салыстырып зерттеуге де қадамдар жасалуда.

Тәуелсіздікке қол артқан кезеңнен бергі мұндай ізденістер мен талпыныстар қазақ әдебиетінің тарихын ұлттық мазмұн жағынан байыта түсті. Түптеп келгенде әдебиетімізде ақтаңдақ беттердің орын алуы ұлттық мүддеге орайлас асыл мұраларымыздың идеологиясы интернационалистік қағидаларға негізделген көп ұлтты мемлекеттің саяси бағыт-бағдарларымен үйлесім таппағандығына байланысты болғаны рас. Өнер мен өлеңге саясат үстемдік еткенде шығармашылық еркіндіктің шектеулі келетіні әу бастан-ақ белгілі нәрсе. Секемшіл саясат, құрсаулы жүйе, оған қоса, тырнақтың астынан кір іздеген саяси қырағылық айтулы арыстарымыздың толымды туындыларын ұзақ уақыт бойы жарыққа шығармады. Қазақ әдебиетінің тарихында зар заман ақындары деген атаумен белгілі жыр жүйріктері –заманның желі оңынан туғанға дейін

шығармалары жұртшылыққа кеңінен таныстырыла қоймаған тұлғалар.

Кеңестік кезеңде олардың ардақты есімдерін негізінен әдебиетшілер, сол ақындар ғұмыр кешкен өлкелердің халқы, көзі қарақты, көңілі ояу оқырмандар ғана жақсы білгенімен, былайғы ел-жұрт жыр жампоздарының мұраларын толық пайдалануға мүмкіндік ала қойған жоқ. Зар заман ақындары шығармаларының жұртшылыққа тоқтаусыз жол тартып жатқаны –кейінгі жылдардың жемісі.

"Тарихтың қызметі-бүтін адам баласының, яғни бүтін бір жұрттың не бір топтың өткен өмірін болған күйінде айнытпай айту. Тарихтың мақсаты-бүтін адам баласының өмірі нендей табиғат заңымен өзгертетінін білу" дейді-Ахмет Байтұрсынов.

Ғұламаның бұл пікірі зар заман деп көзқарас тұрғысынан баға беру қажеттігін еске салды. Зар заманның қайғы үйірген қамшысы, алдымен, жырлары, жұртының арман тілегімен үндес арқылы ақындарының жанын жаралаған. Қалың елді бостырып, шұрайлы жерін тулақтай кесіп-пішіп, мал-жанын емін-еркін иемденген. Ресей империясының зұлым саясатын әріден сезген Дулат, Шортанбай, Мұраттар ел қамын жеген қамқор сондықтан отарлық езгіге қарсы шыққан күрескер, ұлт қайраткері дәрежесіне дейін көтерілгені даусыз.

Мұраттың ақындық ғұмыры қайшылыққа толы күрделі кезеңде өз үнін таныстырғандығымен, қазақ қайраткер ұлы болғандығымен, қазақ әдебиетінің тарихында үлкен орны бар ақын ретінде қалғандығымен бағаланады. Ол патша үкіметінің 1867-1868 жылдары жүргізген реформасының мәні мен мақсатын айқын түсінгенін жоғарыдағы аталған толғау-поэмаларында дәл тауып басып айтқан. Орал, Торғай облыстарындағы 1870 жылғы Адай көтерілістерінде Мұрат есімінің естілмеуі мүмкін емес еді.

Ұлан-ғайыр шұрайлы далаға патша үкіметінің ашкөздігінен тап беруі ақынның ыза-кегін оятып, толғау болып төгілген. Ақынның отаршылыққа қарсы жазылған толғауларында патша үкіметінің отарлау саясатын өз кезінде ашықтан-ашық жырлаған. Сондықтан Мұрат ақынның мұралары тарих оқулықтарына енсе, жас ұрпақтың Отанымыздың жарқын болашағын аңсаған өзінің өлеңдері арқылы патша үкіметінің отарлау саясатына қарсы шыққан халқымыздың тарихи тұлғалары туралы білім ауқымы молая түсері сөзсіз.

Әдебиетші ғалымдар бас қосудағы жалпы сарыннан ауытқымай, Шортанбай, Дулат, Мұрат сияқты ақындардың XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ қоғамының әлеуметтік өмірдегі жаңалықтарын түсінбей, шошынғанын, патшалық отаршылықтан қорғану, үрку нәтижесінде орыс халқының ұлы мәдениетінен де тартынып, жатырқағанын, кей сәтте қарсы шыққандығы туралы аталып өтті.

Кейіннен осы кезең ақындарының мұрасын жан-жақты зерттеген ғалымның Дулат, Мұрат және басқа да заман күйін толғаған жыр жүйріктері жөнінде сүбелі дүниелер ұсынғаны белгілі [24].



## 2. XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың басындағы ұлт зиялыларының қалыптасуы.

«Интеллигенция» сөзі қазақ тілінің қорына кейініректе кірді. Қазақ хандығы тұсында «жақсылар», «ел ұстайтын ұл», «ерлер» ұғым, түсініктері қолданылған. Келе-келе жинақтама термин орнықты. Ахмет Байтұрсынов пен Әлихан Бөкейхановтар тарих сахнасына шыққан ғасыр басында адамдардың осынау қауымдастығын оқығандар, зиялылар деп атаған [25].

XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың басында Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуында болған өзгерістер қазақ халқының рухани өміріне терең әсер етті. Ұлттық зиялылардың қалыптасу жолы бірдей болған жоқ, күрделі және ұзаққа созылған үрдіс болды.

XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың басы халықтың интеллектуалдық күштері дамуындағы жаңа кезең болып табылады. XIX ғасырдың екінші жартысында дамып келе жатқан капиталистік шаруашылық жағдайында Халық ағарту министрлігінің бастауыш орыс-қазақ және орыс мектептері елдің шаруашылық өмірінің қажеттерін қанағаттандыра алмады. Ел өмірінде неғұрлым жоғары деңгейдегі оқу орындарын құру қажеттігі пісіп жетілді. Осыған байланысты өлкеде қалалық училищелер, орта мектептер, кәсіптік мектептер ұйымдастырыла бастады. Қазақстанда 1867 жылдан Верный және Орал мен Семейде қыздар гимназиялары ашылды. Орта мектептерде оқу үшін жоғары ақы төленуі оларға негізгі халықтың қолы жетпейтін еді. Өлкеде мектептердің үш үлгісі: педагогикалық, ауылшаруашылық және қолөнерлік үлгілері болды. XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ оқушыларына арналған интернаттар ашылды, олардың мақсаты тәрбиеленушілерді отырықшы орыс адамының тұрмысы мен өмір салтына және орыс тілін неғұрлым ойдағыдай оқуға үйрету еді [26].

Ресей империясының қазақ даласына мұжықтарды жаппай қоныстандыру арқылы қазақ жерін отарлауы мен оның қазақ қоғамына тигізген зардаптарын зерттеу бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі еді. 1867-1868 жж. реформа бойынша Қазақстан жері патшалық Ресейдің меншігі деп жариялап, жергілікті халыққа мал жаюға, егін салуға қолайлы, сулы, нулы, құнарлы жерлері тартып алынып, қоныстанушыларға үлестіріп берілді. Әрине, бұл қоныстандыру саясатының астарында қазақ қоғамының саяси әлеуметтік-экономикалық және рухани жағынан да отарлау пиғылы жатты.

XIX ғасырдың 80-жылдардың соңында қазақ даласында қоныс аударушыларға жер бөлумен оларды орналастыру жұмыстарын атқаратын органдар мен ұйымдар құрылып, «басы артық» жерлерді мемлекет меншігіне ала бастады. Соның салдарынан жер тапшылығына ұшырап, дәстүрлі шаруашылықтары бұзылған қазақтар адам төзгісіз қиыншылықтарды бастан кешірді. Міне, осындай шиеленісулер отаршылыққа қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалыстың туындауына әкеп соқтырды. Бұл қоғамдық қозғалыстардың басында сол замандағы көзі ашық, көкірегі ояу Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Халел Досмұхамедов, Мұхамеджан Сералин, Міржақып Дулатов, Мұстафа Шоқай, Ғұмар Қарашаев, Серәлі Лапин, Жақып Ақбаев сияқты көптеген қазақ зиялылары тұрды. Олар империяның «солақай» саясатын ашық сынға алып, ұлт болашағы үшін туған елінің, халқының азаттығы мен бостандығы үшін

күреске шықты. Солардың бірі – Орал өңірінде дүниеге келген **Бақытжан Қаратаевты** айтуымызға болады. Уақытша ереженің қазақ даласына әкелген зардаптары мен жерінен айрылған қазақтардың басына төнген ауыр жағдай мен шеккен қайғы- қасіретін ашық жазады. Бақытжан Қаратаев өз халқының қабырғасына ерекше батқан жер мәселесіне ерекше көңіл бөліп, оны шешу үшін белсенді әрекеттер жасады. Оның өміріндегі ең маңызды кезең - 1907жылы Орал облысынан ІІ Мемлекеттік Думаға депутат болып сайлануы еді. Ол мамыр айында өткен пленарлық мәжілісте депутат қазақтардың арасында тұңғыш патша үкіметінің Қазақстандағы аграрлық, отарлық саясатын қатаң сынға алды [27].

Жерге орналастыру жөніндегі мәжілісте Бақытжан Қаратаев ІІ Мемлекеттік Дума депутаттары А. Бірімжанов, Ш. Қосшығұлов және Т. Нүрекеновпен бірге Орал, Темір, Ырғыз, Торғай, Ақтөбе, Қостанай уездерінде қоныстандыру қорына жер кесу көшпелі қазақ халқына өте қауіпті екендігін айтып, қазақ даласына орыс шаруаларының қоныс аударуына тоқталып, оның қателігіне үкіметтің назарын аудару мақсатымен мәлімдеме жасайды.

Ол ІІ Мемлекеттік Дума басталғанға дейін де, одан кейін де аграрлық мәселемен Петерборға барып, қазақтардың өздеріне де жердің жеткіліксіз екендігін және орыс шаруаларын қоныстандыруды тоқтатуға өтініш білдірді.

Ресейдің қазақ даласындағы отарлауы қоныс аудару саясатының негізгі қарқын алуына орай дамып отырды. Қоныс аудару негізінен төрт кезеңде жүргізілді.

I кезең- 1867-1897 жж. Бұл кезеңде өкімет тарапынан қоныс аударуға дәйекті зейін қойылмай, селқос жүргізілді. Елде өнеркәсіп қаулап өсіп келе жетқан бұл тұста патша өкіметі тегін жұмыс күшінің шығысқа ағылуына мүдделі болған жоқ. Сөйтіп, 1881 жылы қоныс аударудың «Уақытша ережесін» жасауға кірісті. Бұл құжат 1889 жылы жарық көрді.

II кезең- 1897-1905 жж. аралығында қуаңшылық болып егіннің шықпай қалуына байланысты, аштыққа ұшыраған орталық аудандардағы шаруалардың Қазақстанға шығыс аймақтағы шет аймақтарға қоныс аударуы жиіледі. Әсіресе, 1891 жылдан бастап кең етек ала бастады.

III кезең 1905-1910жж. Бұл кезең 1905жылдың 9 қаңтардағы «Қанды жексенбісімен» байланысты болды. Осы тұста орталық аймақтардан «бүлікшіл» шаруалар топтарын басқа жаққа көшіру және сол жерге тұрақтандыру шаралары қолға алынды. Бұған Столыпиннің аграрлық реформасының да белгілі дәрежеде әсері болды.

IV кезең 1910-1917 жж. Бұл қоныс аударудың жаңа кезеңі деп аталып жүр. Патша өкіметі осы тұста «кулактар» шаруашылығын өркендету арқылы шеткері аймақтардан өздеріне сенімді тірек таппақ болды. Ал қазақтарды бақылап отыру үшін әскери күш ұстап, оның шығынын жергілікті халықтан жинау қажет деп табылды.

XX ғасырдың басында Ресей империясының отарлық езгісіне, қыспағына түскен туған еліне, халқына еркіндікті, тәуелсіздікті аңсаған қазақ зиялылары патша өкіметінің қанаушылық саясатына қарсы және ашық батыл түрде талаптарын қойып, қазақ елінің барлық мұң-мұқтаждарын баяндап газет беттерінде мақалалар жазып, патшаға петициялар жолдай бастады. Соның бірі -

1905 жылдың жазында Торғай және Орал облыстары қазақтарының орталық билік органдарына жолданған петициялар еді [28].

1908 жылы Бақытжан Бисәліұлы, Елжан Оразаев және Серәлі Лапинмен бірге қазақтарды жерге орналастыру турасында заң жобасын дайындап шығарады. Б. Қаратаев азамат соғысының от-жалынын кеше жүріп, болашақ Қазақ автономиясының мәселелерін көтерген ұйытқы топ құрамында бірқатар елеулі іс тындырды. 1919 жылғы 24 шілдеде Ресей Федерациясының Халық Комиссарлары Кеңесі оны Қазақ өлкесін басқару жөніндегі Әскери-революциялық комитетінің мүшелігіне тағайындады. Бір қарағанда, текті тұқым өкілінің жарлы-жақыбайлар жағына ойланбастан шығып, жаңа өкімет үшін жан аямай күресуі таң қалдырады. Бақытжан Бисәліұлы Әбілқайыр ханнан тікелей тараған бұтаққа жатады.

1860 жылы Орал облысындағы Дәулетжан сұлтанның шаңырағында дүниеге келген кішкене Бақытжанды үлкен әкесі (Әбілқайыр ханның немересі, Нұралы ханның баласы Қаратай ханның ұлы) Бисәлі сұлтан буырына басқан көрінеді.

Жас сұлтан әуелі ауыл мектебінде, сосын Орынбор гимназиясында оқиды. 1886 жылы императорлық Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне түсіп, оны 1890 жылы бетіне «ИПСУ. 1890. Каратаев» деп аты жазылған кіші алтын медальмен аяқтап шығады.

Б.Қаратаевтың азаматтық көзқарасы шәкірт шақтарында, жас кезінде сол тұстардағы оқиғалар сырын зерек түсіну орайында қалыптасты. Оның мектеп пен гимназияда оқып жүрген жылдарында патша әкімдері өмірге енгізген, қазақ тұрмысына қолайсыз тиген, халық қаламаған реформаларға орай үлкенді-кішілі толқулар туған болатын. ИСПУ-ді тәмамдаған соң Бақытжан Қаратаев Правительствующий (билік айтушы, басқарушы) сенаттың екінші департаментіне қызметке қалдырылады. Бұл оқиғаны «дала уәлаяты газеті» қазақтар үшін үлкен жетістік ретінде қуана жариялайды. Алайда басқарушы сенат Қаратаевты өзінің айбарлы қабырғасында ұзақ ұстамай, Кутаиси қаласына тергеуші етіп жібереді. Бұл жәйт 1891 жылғы Дала ережесінің қабылдануымен тұстас келеді.

Бақытжан Қаратаев 1907 жылдың басында екінші мәрте шақырылған мемлекеттік Думаға орал облысы қазақтарының атынан депутат болып сайланды. Дума жұмысына қатысу үшін Петербургке жүрер қарсаңында ол баспасөзде өзінің ұстанымын – империя парламентінде қазақтар атынан өкілдік еткенде атқармақ болашақ депутаттық және қоғамдық-саяси қызметіне бағдарлама іспетті мақаласын жария етті.

XX ғасырдың басында патша үкіметінің отаршылдық шаралары үдеп бара жатқан шақта, халықты қолданыстағы заң ауқымында көшпенділік өмір салтын өзгертуге, мал басын азайтып, оның өнімділігін арттыруға, егіншілікпен, саудамен айналысуға, білім алып, ғылымның қыр-сырын игеруге үндегені сұлтан Қаратаевтың бірінші кезекте бұқара қамын ойлаған көреген қайраткер екенін дәлелдей түседі. Халық ұмытпайтын соңғы бір ерлігі 1932 жылғы жазда Қазақстанның «жарты патшасы» Филипп Голощекинді ашаршылық қырғынын жасаған қылмысты саясатын бетіне басып, Ақтөбе вокзалы алаңындағы дүйім жұрт көзінше айыптағаны...

Өмірінің соңғы жылдары ол ғылыми жұмыспен шұғылданды. Артына мол мұра қалдырды. Оның өлкедегі азаттық қозғалыстары жайындағы тарихи шолуы бүгінде ғылыми айналымға енген. Орталық мемлекеттік мұрағатта арнайы

«Қаратаев қоры» бар, зерттеушіге құжаттар мен материалдардың революция тарихынан көп мағұлмат берері сөзсіз. Бақытжан Қаратаев- қазақ тарихындағы ірі тұлғалардың бірі [29].

XX ғасырдың басында қазақ жерін орыс империясының жаулап алу, отарлау саясатына қарсы батыл пікір білдіріп, қызғыштай қорғап, қазақтарды отаршылдыққа көшіру жолымен жерді халықтың меншігіне сақтап қалудың тетіктерін ойластырып, туған елінің және халқының жарқын болашағы үшін нақты белсенді әрекеттерді жүзеге асырып, аянбай тер төккен асқан білімпаз, ұлтжанды қоғам қайраткері, ағартушы демократ, дарынды заңгер ретінде Бақытжан Қаратаевтың есімі қазақ тарихында мәңгі сақталмақ.

Тілекті бүгін хақтың берген күні,  
Көл-дария көздің жасын көрген күні.  
Талайдың тіршілігін қол сермеген

Қайғысын тас-талқан қып бөлген күні, - деп Сәбит Дөнентаев ағамыз жырлағандай, XX ғасырдың басындағы қазақ халқының тарихы ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан қазақ зиялыларының есіммімен тікелей байланысты. Ширек ғасыр аралығында ғана дамыған қоғамдық-саяси және құқықтық ой-пікірлердің озық философиясы мен жоғары идеялық тұжырымдары сан ғасырлық мерзімге жүк боларлық көкейтесті мәселелерді заман сахнасына көтерді. Атап айтқанда, олар ұлттық тәуелсіздік, өзін-өзі басқару, құқықтық мемлекет принциптерін қазақ қоғамына енгізу, ағарту ісін жақсарту, тілді дамыту, әдеттік құқық жүйесін жаңарту, олармен қатар, шарифат заңдары мен Ислам талаптарын бұлжытпай орындау сияқты биік мұрат, мақсаттардан тұрған болатын.

Қазақ қоғамы XX ғасырдың басында аса күрделі саяси-әлеуметтік жағдайды бастан кешірді. Қазақ елін бір жағынан, ресейдің большевиктер партиясы бастаған солшыл күштері революция орбитасына тартса, екінші жағынан ұлт-азаттық күрес арқылы отаршылдық бұғауынан құтылуға ұмтылыс жасады. Міне, осындай жағдайда Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы бастаған ұлттық рухы басым қазақ азаматтары: Ұлттық автономия жариялаудан басқа жол жоқ, саяси тұрақсыздық жағдайында тек біртұтас ұлттық мемлекеттік құрылым ғана қазақ елін апаттан құтқарып, бостандық жолына алып шыға алады», - деген тұжырымға келеді. «Алаш ұлы қазақ пен ардақты қырғыз ағайынға» деп аталатын арнайы үндеуде олар елде қалыптасқан төтенше саяси жағдайға байланысты орынбор қаласында қазақ-қырғыз болып бас қосатын бір жалпы съезд өткізіп, онда анархиядан өзін қорғау үшін қазақ пен қырғызға әскер жасақтау туралы шешім қабылдау керектігі айтылады.

Ресей империясының, кейін көп жағдайда оның мұрагері ретінде танылған Кеңес Одағының құрамындағы қазақ, өзбек және басқа да түркі тектес халықтардың ұлт-азаттық қозғалысы тарихында **Мұстафа Шоқайдың** алатын орны ерекше. Алайда отандық және шетелдік әдебиетте қазақ қайраткерінің шығармашылық мұрасы мен қоғамдық-саяси көзқарастарына көбірек көңіл бөлінеді де, ұйымдастырушылық, дипломатиялық жай адами қырларын пайымдау қағажу қалып келеді. Сондай мәселелер қатарына жиырма жылға уақыт бойы Еуропаның төрінде тәуелсіздік үшін күрес туын көтерген саяси ұйым құрудағы Мұстафа Шоқайдың ерен еңбегін жатқызуға болады.

Тәуелсіздік үшін күресте Ресейді мекендейтін түркі халықтарының басын біріктіру, олардың бірыңғай саяси ұйымын құру идеясы әлдеқашан-ақ пісіп жетілген еді. Бірінші орыс революциясы тұсында «Мұсылман одағы» құрылса, 1905 жылы 19 қарашада одан да кең көлемдегі «Автономияшылар одағы» дүниеге келеді. Осы уақыттан-ақ отарлық езгіге қарсылық жаидіткі және түрікшілдік қозғалыстың жаңа жағдайда, жаңа деңгейде жалғастырушы болды. Бір орталыққа бағынған ұйымдатырушы, бағыт беруші орталықсыз отарлық озбырлықтарға қарсы күрестің нәтижелі болмайтындығы жөніндегі пікірге Мұстафа Шоқай сонау студенттік кездерінде-ақ келген сияқты.

Қазақ, өзбек, қырғыз, түрікмен, татар, башқұрт халықтарының басын бір орталыққа біріктіретін саяси ұйым құру мәселесін Ақпан төңкерісінен кейінгі ахуалды жеделдетеді. Бұрыннан белгілі «Шуро-и Исламия», басқа да ұйымдар Түркістанда күн санап күрделеніп келе жатқан жағдай талаптарына жауап бере алмады. 1917 жылы 17-20 қыркүйекте Ташкент қаласында Түркістан және қазақ мұсылмандарының съезі өтіп, оған осы өлкенің әр аймағынан және экономикалық мәселелер талқыланады. Пікір алысқан ең маңызды тақырып Түркістан мен Қазақстан мұсылмандарына басшылық жасайтын саяси партия құру туралы шешімнің қабылдануы еді. Партия «мұсылмандар одағы» деп аталады да, «Шуро-и-Исламия» мен «Тұран» ұйымдары таратылып, олардың орнына «Мұсылмандар одағының» бөлімдері құрылмақшы болды [30].

Мұстафа Шоқайдың жары Марияның естелігін оқысақ, Отанға қызмет етудің сан жолы болатынын ұлы тұлға өмірінің соңғы сәттерінде жиі айтылып жүрді. «Алла елімнің тәуелсіздікке қол жеткізгенін көруді нәсіп етсе, мен үгіт – насихат ісімен ғана айналысар едім деген екен – Мұстафа Шоқай. Ол Түркістан автономиясы дегенде етек-жеңін жиып, бөлектеніп кетуді ойламаған. Ол тәуелсіздікке, өзге халықтармен қоян-қолтық араласа жүріп жетуді мақсат еткен. Мұстафа Шоқай біртұтас Түркістан идеясын көтерсе, төрт құбыласын жіті болжаған, қазақ жұртының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2005 жылғы халыққа Жолдауында «Мен Орталық Азия елдері одағын құруды ұсынамын», - деген еді. Бұл идеяның иесі Мұстафа Шоқай екенін де атап айтқан болатын [31].

Жаңадан табылған құжаттар жас Мұстафаның Санкт-Петербург Императорлық институтының заң факультетінде 1910-1914 жылдары оқыған кезеңі жайлы баяндайды. Құжаттардан Мұстафа Шоқайдың 18-20 жасында түскен бұрын белгісіз болып келген фотосуреті табылып отыр және Санкт-Петербург университетінің ректорының атына оны студент қатарына тіркеу туралы өз қолымен жазған өтінішін оқуға болады. Сондай-ақ Мұстафаның Ташкенттегі ерлер гимназиясын бітіргендігі туралы дипломын және «Заң факультеті студентінің жазбасын» немесе қазіргі тілмен айтқанда, студенттің есеп кітапшасын әрі Мұстафаның Туу туралы куәлік көшірмесін көруге болады. Зерттеушілер үшін қызықты саналатын бұл жаңа «азаттық» радиосынан жариялаған белгілі алаштанушы ғалым, журналист Сұлтан Хан Аққұлұлы. Ғалымның тыңнан тапқан құжаттары мен зерттеулері Мұстафа мен Әлиханнның қарым-қатынастарына байланысты тың деректер беруімен де құнды екендігін атап көрсеткен [32].

Мария Шоқай өзінің күйеуі туралы естеліктерінде олардың 1918 жылдың қараша айында Екатеринбургте аялдағандары, онда Құрылтай жиналысына кандидаттар Ілияс Алкин, Вадим Чайкин, Мұнауар Қаримен бірге болғандары

жөнінде жазады. 1919 жылы 19 қарашада Құрылтай жиналысы таратылады. Осыдан кейін Америка Құрама Штаттарына визаға дейін алып қойып, жолға шыққалы отырған Мұстафа Шоқай мен оның серіктестерінің жоспары бұзылып, бас сауғалауға тура келеді. М.Шоқай Челябинскіге жетіп, одан әрі қазақ даласы арқылы Әзірбайжанға, кейін Грузияға, 1921 жылдың ақпан айында Түркияға өтеді. М.Шоқайдың шетелге кетуімен қазақ, өзбек, башқұрт халықтарына ортақ бір саяси ұйым құру жөніндегі ұмтылыс тоқтап қалмайды.

Орта Азия мұсылман ұлттық қоғамдары федерациясының III конгресі 1922 жылы 18-22 қыркүйекте Ташкентте конспиритивтік жағдайда өтеді. Жанама мәліметтерге қарағанда жиын Ташкенттің нағыз орталығында орналасқан Қазақ педагогикалық институтының ғимаратында болған секілді. Конгресте қазақ зиялылары басым болады. Ұйымның аты «Түркістан Ұлттық Бірлігі» (ТҰБ) болып өзгертіледі. Түркістанда біртұтас тәуелсіз мемлекет орнату үшін бірлескен күрес жүргізу жөнінде бірауыздан шешім қабылданады.

Өлкені мекендеген жергілікті халықтарды ұлт, ру-тайпаға бөлмеу жөнінде келісіледі. Сөйтіп, ұлы Түркістан ұғымы дүниеге келеді, бұл болса Мұстафа Шоқайдың бұрыннан алға тартып келген ой-пікірлерінің заңдастырылуымен тең еді. Жалпы алғанда съезд жұмысының табысты аяқталуына оған қатысқан Халел Досмұхамедов, Жаһанша Досмұхамедов, Мұхамеджан Тынышпаев, Мұнауар Қари, Ғазымбек Бірімжанов секілді тұлғалар үлкен ықпал жасайды. Конгрестің шешімі бойынша ұйымның төрағасы А.-З. Валидидің Еуропаға өтіп, М.Шоқаймен бірлесе отырып Түркістан халықтары мәселесін халықаралық аренада қою ұсынылады. Саяси ұйым құру және оның барлық бағдарламалық шешімдері бойынша қайраткерлердің М.Шоқаймен хат арқылы келісіліп отырғанын ерекше атауымыз керек. Оны А.-З.Валидидің өзі мойындайды. Бұқара Халық Республикасының бұрынғы қорғаныс министрі Абдулхамит Арифов өзі де хабарласып, М.Шоқай мен А.-З.Валидидің хаттарын бір-біріне жеткізіп тұрады.

1923 жылдың 26-28 шілдесінде Түркістан Ұлттық Бірлігінің Кабулда (Ауғанстанда) өткен мәжілісінде ұйымның өкілдері болып Еуропада –М.Шоқай, Түркияда –Осман Қожаев, Ауғанстанда-А.Арифов тағайындалады. А.-З.Валидиге Париждегі М.Шоқаймен бірлесе отырып, ТҰБ-ның осыдан кейінгі басқосулары Еуропада өтеді, мұнан кейбір авторлар оның негізінің шет жерде қаланғандығы жөніндегі пікірге келеді.

1924 жылдың 9 мамырында ТҰБ-нің Берлинде өткен отырысында М.Шоқайды ұйымның Еуропадағы өкілі етіп тағайындау жөніндегі шешімі күші жалғастырылады. 1927 жылдың ақпан айында Гейдбельберг қаласында өткен кезекті мәжілісте М.Шоқай Кеңес өкіметінің Түркістандағы ұлт саясатына арналған баяндама жасайды. ТҰБ-нің сол жылдың наурыз айында Ыстамбұлда өткен конгресінде М.Шоқайдың Еуропадағы өкілдігі бекітіледі. Жиынға А.-З.Валиди, Осман Қожаев, Бұқара Халық Республикасының бұрынғы қаржы министрі Насыр Махмдум, Мустафа Шахкули, Абдулкадыр Инанның редакторлығымен 1927 жылдың маусымынан бастап жарық көре бастады. ТҰБ-нің жұмысын баспа органы ретінде М.Шоқайдың басшылығымен 1929 жылдың ақпанынан Берлинде «Яш Түркістан» журналы шығарылады. ТҰБ-нің жұмысын жолға қою, эмиграциядағы азаттық қозғалысы жетекшілерінің бір мақсат жолында бастарын біріктіру оңайға түспеді. «Түркістан Ұлттық Одағ», «Орта Азия

Комитеті» деген бұрын жеке-жеке құрылған ұйымдардың ТҰБ атынан емес, өз алдына дербес әрекет етуге тырысушылығы орын алды. Ұйым басшыларының араларындағы пендешілікке негізделген түсінбеушіліктер, кеңес барлау органдарының іріткілік әрекеттері де ұйымға теріс ықпалын тигізеді.

Қазақ қайраткері 1928 жылы желтоқсанда поляк барлауының майоры В.Дабровскийге жазған хатында 1927 жылдан кейінорыс газеттеріне мақала беруін тоқтатқанын, яғни өз ұстанымының анықтығын айтады. Бірақ Мұстафаның өзінің пайымдауынша мәселе кімнің қай басылыммен қатынасында емес, жарияланған мақаларының мән-мағынасында, эмиграциядағы қайраткерлердің Түркістан халықтарының азаттығы үшін күрес тактикасын дұрыс анықтауында, бұрынғы монархиялық күштер мен отаршылдықтың одақтастары жөнінде қандай бағыт ұстау керектігінде еді [9]. Ұлы халықтың мұңы мен қасіретінің де ұлы болатынын есте жоқ ескі заман абыздары айтқан деседі... табысынан тауқыметі, тапқанынан жоғалтқаны көп болатыны да сондықтан шығар... Ұлымды қайтсем ұлықтыққа жеткізем деп арпалысқан, сол мақсаты үшін «тар жол, тайғақ кешудің» небір зұлматын көріп, көкірегін дәуірдің жезұшты жебесі мен сайгез оғына төсеген ерлер қаншама!. Етігімен су кешкен ерлер. Қазақ тарихында олардың саны жетерлік. Әйтсе де, қызыл империяның жымсық саясатына көнбей, бірінші жауы атанған, сталиндік қанқұйлы режимнің шылауынан қазақ дейтін текті жұртты аман сақтаудың бар айла-шарғысын қарастырып, тау басып, тас басқан, көбесінен қан ақса да, көнбіс халықтың көркем болашағы боларына жандүниесімен сенген, бірегей болмыс иесі- Мұстафаның орны бір төбе.

Мұстафа Шоқай өз дәуірінің маңдайына сыймаса да, ұлтының риясыз құрметіне бөленген ұлдарының бірі-Мұстафа. Оның көкsegені: ісі түркі жұртын жұмыр жердің бетіндегі айтулы ұлысқа айналдыру еді. Оның көкsegені: Ұлы Даланың қойны-қонышын сәруар сағынышына орап, бек өзгеше қалпымен күн кешіп жатқан қазақты жат қолында зар илетпеу еді. Ол Орталық Азияның әлем картасындағы оймақтай орнын өткен өкпекті ғасырдың басында-ақ сызып беруге талпынған еді. Ірі саяси орталарда саңқылдап ол сөйлегенде, көшпенділердің жаужүрек баһадүрлері ойқастап кіріп, келгендей тіксіне де, сескене қарайтын.

2010 жылы түркиялық азамат Мұзаффар Акчора еліміздің Орталық мемлекеттік мұрағатына Мұстафа Шоқайдың бір топ хаттары мен мақалаларын табыс етті. ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы ие болып, Алматыға жеткізілген хаттар мен мақалалар топтамасы -340 бетті құрайтын құнды дерек. Өз қолымен жазған хаттар –украин, грузин, әзірбайжан, осетин тағы басқа халықтардың сол кездегі зиялылары мен белгілі саяси қайраткерлеріне, бір ниеттес достарына жазысқан ішкі ілтипаттары мен көздеген мақсат-мұраттары, сондай-ақ 1940 жылы Ыстамбұлда Мұстафа Шоқайға Түркістан ұлттық орталығы атынан берілген өкілеттік куәлік, өзі жазған мақалалар мен бір романды құрайтын бұл асыл мұра Мұстафатанудың жаңа кезеңін айқындайтыны даусыз.

А.Акчораның айтуынша, бұл мұрағатты қырым татарларының белді қайраткері, Мұстафа Шоқайдың өмірінің соңғы күндері қасында болған үзеңгілес досы Тахир шағатай уақыты келгенде Мұстафаның еліне табыстауын сұрап, сеніммен тапсырған екен. Сыйлас кісінің аманатын арқалаған Акчора жуықта ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы Дүйсен Қасейіновты іздеп келіп, қолындағы деректі елге жеткізуін өтінген болатын. М.Акчора болса, айтулы жиында өзінің

қолына бұл құжаттардың қалай түскендігі туралы мән-жайды баяндап: «Қазақ халқының біртуар ұлының мұрасын еліне жеткізу – мен үшін үлкен абырой. Бұл дала – барша түркі халқының ата қонысы іспеттес, кие дарыған жер» - деді [33].

Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы мен фашистік германия басшыларының Мұстафа Шоқайды өз мақсат-мүдделеріне жұмыс істеуге көндіруге әрекеттенуіне, осы себепті қазақ қайраткерлерінің түркістандық істерінен қол үзуіне байланысты, ТҰБ бірте-бірте жұмысын тоқтатуға мәжбүр болды. Қазақ қайраткерінің жұмбақ өлімінен кейін ұйым қажыр-қайрат пен ақыл-ойдың қайнар көзіндей қайталанбас тұлғадан айрылды. Алайда ұзақ жылдар бойы Түркістан халықтарының бірлігі мен тәуелсіздігі жолындағы күресі тарихында өз орны бар «Түркістан Ұлттық Бірлігі» де, оның рухани көсемі бола білген Мұстафа Шоқай да ұрпақтар жадында ұмтылмайды [34].

Мұстафа Шоқай кеңес өкіметінің қоныс аудару саясатының мазмұны мен мақсаты отарлаудың амалы деп бағалады және кеңестік патшалық империялық саясаттың мұрагері деп есептеді. М.Шоқай қоныс аударудың астарынан ұлттық тәуелсіздіктен мәңгілікке ажырататын озбыр саясатты көре білді. Туған елінің бостандығы үшін күрескен ол, шетелдік баспасөз беттерінде қызыл империя саясатын аяусыз сынап, оның қаупін қазақ атаулыға жеткізуге тырысып, күш біріктіруге шақырды [35].

XX ғасырдың басындағы демократияшыл қазақ зиялыларының бүкіл азаттық қозғалысы сияқты, бұл газеттің де жетекші бағытын белгілеуде қазақ халқының бостандығы жолындағы аса көрнекті күрескер, саясатшы, экономист, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, статистик-социолог, көсемсөзші, энциклопедиялық тұрғыдағы ғұлама **Әлихан Бөкейханов** зор рөл атқарды [36].

Математика ғылымдарының маманы, профессор «Алаш» қозғалысын ұйымдастырушылардың бірі, көрнекті мемлекет қайраткері Әлімхан Ермеқұлының айтуынша, Әлихан Бөкейхан Ульянов-Ленинмен бірге Санкт-Петербург университетінің заң факультетін экстерн түрінде бітіріп шыққан. 1894 жылы Ә.Бөкейхан институтты «ғалым орманшы» мамандығы бойынша бітіріп, оған қоса университеттің заңгерлік дипломын алып, туған еліне оралады. Ә.Бөкейхан Омбыға келген күннен бастап-ақ қаланың қоғамдық-саяси өміріне қызу араласып кетеді. Омбының «Степной край» газетіне қызметке орналасқан ол осындағы Орман шаруашылығы училищесінде математика пәнінен дәріс береді. 1895-1896 жылдары аталған училищесі Қазақстанның орманды алқаптарына жақын Ақмола облысындағы Көкшетау қаласына көшіріледі. Омбыда тұрып қалған Әлихан Бөкейхан орыс, қазақ тілдерінде шығатын мерзімді баспасөзге «Киргизская степная газета», «Степной пионер», «Дала уалаятының газеті», «Сибирская жизнь», «Семипалатинские областные ведомости», «Туркестанские ведомости» жиі жазып тығыз байланыс жасап, шығармашылық қызметін жалғастыра береді.

1896 жылдан Әлихан Бөкейхан ғылыми жұмысқа біржола көшеді. Сол жылы Сібір ғалымдарының кепілдемесімен Императорлық орыс географиялық қоғамы Батыс-Сібір бөлімшесінің толық мүшесі болып сайланады. 1896 жылдан 1901 жылға дейінгі уақытта Тобыл губерниясын экономикалық жағынан зерттеу жөніндегі Щербинаның экспедициясы құрамында қызмет етеді. Ол қазақтың жер қауымдастығының тарихын зерттеп, үлкен ғылыми мәні зор жаңалықтар ашады.



Сол кезеңде үлкен сипат алып отырған жерді пайдалану мәселесін Әлихан Бөкейхан тарихи деректер негізінде тың әрі көңілге қонымды қорытындылар жасайды [37].

Қазақ халқының аса бір маңызды тарихи кезеңінде саяси сахнаға шыққан Әлихан Бөкейхан ұлтының санасын оятуға айрықша әсер етті, оның әлеуметтік-саяси өміріндегі бұрын-соңды болмаған ерекше жаңалықтардың, тағдырлы оқиғалардың басы-қасында болды, оны ұйымдастырды және соған жетекшілік жасады.

Әлихан Бөкейхан –қазақтың жаңа тұрпатты ұлт-азаттық қозғалысының көсемі. Ол ұлттық мүдделерді көздейтін өз алдына партия құруды мақсат етті. Ол 1917 жылғы Бірінші бүкілқазақтық съезде сөйлеген сөзінде Алаш қозғалысының ұйымдық күшін арттыра түсу мақсатында оны бір орталықтан басқару үшін қазақтың саяси «Алаш» партиясын құру туралы айтқан еді. Ондай партия осы съезде құрылған еді. Қазақтың арғы бергі төл тарихында терең із қалдырған «Алаш партиясының саяси сахнаға шығуы, біріншіден, патшалық Ресейдің Қазақстанды отарлау саясатының терең дағдарысын көрсетті. Екіншіден, Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш зиялыларының саяси-құқықтық және рухани мүмкіндіктерін байқатты. Үшіншіден, қазақ қоғамын жаңа саяси-экономикалық және әлеуметтік негізде қайта құруды күн тәртібіне қойды. Мұны «Алаш» партиясының бағдарламасы айқын танытады. Партия бағдарламасы қазақ елінің өзін-өзі басқаратын мемлекеттік жүйесін құру, ішкі Ресейден қоныс аудаушыларды тоқтату, әлемдік озық тәжірибеге сүйену арқасында өмірдің жаңа сұраныстарына жауап беретіндей қазақ қоғамын демократиялық мұраттар бағытында өзгерту, ұлттық білім және мәдениеттің дамуына кең жол ашу сияқты сол кездегі қазақ қоғамы үшін ерекше өткір мәселелерді көтерген еді.

Әлихан Бөкейхан бастаған қазақ зиялылары түптеп келгенде, отарлық езгі мен феодалдық мешеулік жағдайында аяқасты болған ұлттық мүддені қорғап, Қазақ елін Еуропаның өркениетті елдері қатарына алып шығатын дұрыс та төте жол - ұлттық мемлекет орнатуды мақсат етті. Бірақ ұлттық мемлекетілікті қалыптастыру идеясын ғасырлар бойы көшпелі қазақ қоғамының ата дәстүр-салтымен, әдеттік құқық рәсімдері және сан ғасырлық қазақ өмірінде айрықша рөл атқарған билердің ісімен байланыста қарады. 1917 жылғы 24 маусымда «Қазақ» газетінде басылған «тағы жалпы қазақ сиезі» атты редакциялық мақалада қазақтың егеменді мемлекетін құру мәселесі арнайы сөз болады. Өзін-өзі билейтін тәуелсіз мемлекетілікті қалпына келтіру идеясы 1917 жылдың 5-13 желтоқсанында Орынборда өткен екінші бүкіл қазақтардың съезінде жүзеге асты. Съезд Алаш облыстарын сол кездегі бүліншіліктен қорғау мақсатында 25 кісіден тұратын Уақытша ұлт кеңесін құрылды, оның төрағасы Әлихан Бөкейхан болды [38].

Сонымен қатар, Алаштың көрнекті жетекшілерінің қайраткерлік іс-әрекеттері қоғамдық өмірдің әр саласында, Әлихан Бөкейханның саясаткерлігі, саясат жүргіздегі «батысшылдығы» ерекше көзге түсті [39].

Біртұтас болып біріккен ғажайып үштік - Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейханов қалың қазақ елінің мүддесін білдіріп, оның шамшырағы болған ғасырдың ұлттық газетін құра білді. Олар «Қазақ» газетінің төңірегіне қазақ демократиялық зиялыларының бүкіл бетке ұстарларын, соның ішінде Шәкәрім Құдайбердиев, Мағжан Жұмабаев, Ғұмар Қарашаев,

Сұлтанмахмұт Торайғыров, Жүсіпбек Аймауытов, Бейімбет Майлин, Жақып Ақбаев, Халел Досмұхамедов, Сәбит Дөнентаев, Мұстафа Шоқай, Мұхамеджан Тынышпаев және басқа да көптеген адамдар сияқты көрнекті қайраткерлерді топтастыра алды. Дегенмен де, негізгі идеялық-тнориялық салмақты А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Бөкейханов көтерді. Ә.Бөкейхановтың өзі 200-дей мақала жазыпты [40].

Әлихан Бөкейхан «Қазақ» газеті бетінде жарияланған ғылыми негізі терең, дәлелі тиянақты публицистикалық мақалаларында қазақ оқырмандарына патшалық Ресейдің отаршыл аппаратының зорлығын, жасап жатқан айласын жан-жақты сынап, әшкерлеп, сол арқылы халықтың көзін ашып, әлеуметтік шындыққа жетеледі. Патшалық әкімшілік тарапынан болып отрған әділетсіздікті көріп-біліп отырған ол: «Өстіп жұртты билеген патшалық бар ма екен? Біздің қазақ жерінен күнде көшіретіндей не жазып еді?, деп ашына жазды. Қай заманда болса да қоғамның демократиялық барометрлерінің бірі сайлау жүйесі болып табылады. Өз елінің осы бағыттағы дамуын мұрат еткен Әлихан Бөкейхан өзінің осы бағыттағы дамуын мұрат еткен Әлихан Бөкейхан өзінің «Сайлау», «Сайлау құқы», «Комитет сайлау» және «Қазақ депутаттары» атты мақалаларында қазақ даласындағы сайлаудың берекесіздігін отарлық саясаттан көрді.

Әлихан Бөкейхан –қазақ қоғамының алдында тұрған сан алуан міндеттерді шешу халықтың бірлігі негізінде ған мүмкін екенін терең түсінген қайраткер [41].

Сан ғасырлық тарихымыздың ең жарқын беттерінің бірі – Алаш қозғалысы. Ол қазақ баласының даму жолын жаңа арнаға бұрып, ендігі тұста ұлт ретінде дербес өмір сүруге, өзгелермен терезесі тең халық ретінде күн кешуге болатындығына әлеуметтік жағынан сендіре отыра жаңа жол көрсетті. Айрықша күрделілігімен, сансыз оқиғаларының сапырлысымен, ұлттық сананың оянуымен ерекшеленген осы кезде Алаш ұранын көтеріп, ісі қазақ баласын азаттыққа бастаған шоғыр «Үркердей озық шағын топ» ой пікірлерімен әрекеттері тоғысқан жағдайда ұлтының қамы үшін ең бір есте қаларлық тағылымы мол жұмыстарды атқаруға белдерін бекем буған болатын.

Ұлт зиялыларының елінің ертеңі үшін аянбай еңбек еткен көрнекті өкілдерінің бірі де бірегейі ХХ ғасыр басындағы дүрбелеңнің бел ортасында жүріп, туған халқының көкірегіне сәуле құюды армандаған, ел көсегесінің көгеруін басты мақсат тұтқан қазақ халқының асыл перзенті, зерделі өкілі **Халел Досмұхамедов** жұртына көп жұмыс істеп, еңбек сіңірген біртуар азаматтардың бірі [42].

Халел Досмұхамедов 1883 жылы 4 сәуірде Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Тайсоған болысында дүниеге келген. Оның жастайынан білім бұлағына сусындап, талаптануына өскен ортасының тікелей ықпалы ерекше. Орыс-қазақ мектебіне түскен ол мектептен кейінгі білімін Орал реалдық училищесінде жалғастырды. Оны 1903 жылы үздік бітіріп, Санкт-Петербургтегі Әскери медицина Академиясына түсіп, емші дәрігер атағын алады.

Халел Досмұхамедовтың қоғамдық-саяси қайраткерлік қадамы Санкт-Петербургте оқыған жылдардан басталды. Ол әскери медициналық Академияда оқыған кезде бүкіл Ресейде болған, өз кезегінде дүниені дүр сілкіндірген 1905-1907жылдардағы төңкерісті көзімен көрді. Бұқара халықтың ашу ызасы, қанды қақтығыстар және жеңілістің ащы сабақтары болашақ

қайраткердің рухани дүние танымының өсіп-жетілуіне, идеялық жағынан қалыптасуына игі әсерін тигізді. Қорғансыз елдің теңдігі үшін басты қауіп-қатерге тігіп, бес облыстан жиналған қазақтың зиялы азаматтары Теке (Орал) қаласында конституциялық, демократиялық саяси партия құрғанда араларында Санкт-Петербургтегі Әскери медициналық Академия студенті Халел Досмұхамедовта бар еді.

Бұл жөнінде 1905-1907жылдары Оралда Камил Тухватулиннің басқаруымен шығып тұрған «фикр» (пікір) газетінде 1905 жылғы 1 желтоқсандағы санында аталған партияның Орталық Комитетінің құрамына тоғыз адамның (Б.Қаратаев, Т.Бердиев, М. Бақтыкериев, Н. Айтмұхамедов, М. Мұханов, Т.Рахымбердиев, И. Дүйсенбиндердің) кіргендігі жарияланды. Елдің қуғын-сүргін басталған тұста Орталық комитет мүшелері ретінде қатаң бақылауға алынған Халел Досмұхамедов те басқа жолдастарымен ізін жасырып асыратын қимылға көшеді. Ғасыр басындағы отаршыл Ресей империясының қоғамдық өмірінде орын алған әлеуметтік толқулар мен саяси төңкерістер қазақ көгіне азаттықтың үміт сәулесін себелеп, төге бастады.

Осы кезде Халел Досмұхамедов те саяси белсенділік танытып, түрлі бағыттағы жұмыстарға араласа бастайды. 1917 жылдың сәуір айының 19-22 аралығында Орал қаласында өткізілген бірінші Орал облыстық қазақ съезіне қатысып, ерекше белсенділік көрсетеді. Жалпы осы күрделі кезеңде Оралда 7 мәрте түрлі деңгейдегі облыстық, уездік съезд шақырылды. Онда зиялылар тобымен қатар Халел Досмұхамедов те ұлттық мүддеден туындаған өзекті мәселелерді талқылауға бас болып, съезд шешімдерін іске асыруда іскерлік танытқанын естен шығармағанымыз жөн.

Ақпан айынан кейін Оралдан шалғайдағы өңірде де түрлі басқосулар болып жатты. Соның бірі наурыз айының алғашқы жартысында өткен Ойыл болыстары ел ағаларының жиналыстары болатын. Бұл жиын жұртты жаңа үкіметтің, әр түрлі қазақ һәм басқа жұрттардың ұйымшыл өкілдерімен әрекеттесуге шақырып, Ойылда өлкелік қазақ атқару комитетін құрды. Осы өлкелік комитет Орал облысы қазақтарының екінші съезін 1-5 маусымында көкжар жәрмеңкесінде өткізу қажет деп шешеді.

Съезд қабылдаған жергілікті өзін - өзі басқару туралы ереже негізінде облыстың қазақ Управасын сайлау үшін сол съезде қазақ комитеті мүшелерінің жиналысы өткізілуге тиіс деген ұйғарымға келді. Съездің алғашқы күні отырысында облыстық қазақ комитетінің құрамына 20 адам сайланды. Олардың қатарына (Ж.Досмұхамедұлы, Т.Сарбөпеұлы, Д.Нүсіпқалиев, Б.Жанқадамұлы, Х.Досмұхамедов, Ы.Тынайұлы, К.Жәлелұлы, С.Омарұлы) кіреді. Ойылдағы осы жиындарда Жайық сырты земствосын сайлануы тек осы өңірде ғана емес, бүкіл қазақ даласындағы өзін-өзі басқарудың жаңа үлгісін жасауға бағытталған алғашқы батыл қадам болды. Ұлт зиялыларының кейбір өкілдері уақытша үкіметтің жергілікті оғандары болған облыстық және уездік атқару комитеттерінің құрамдарына енгізілді.

Халел Досмұхамедов Орал облысының атқару комитетінің мүшесі болды. Халел Досмұхамедов 1917 жылы мамырда Мәскеуде өткен Бүкіл ресейлік Мұсылмандар съезіне қатысты, саяси күрес пен қызметтің тағы бір мектебінен өтті. Зиялылар тарапынан жалпы ұлттық саяси партия құру, жалпы қазақ съезін

шақыру туралы алғы шарттар осы кезде қалыптасты. «Қазақ» газеті жанында құрылған ұйымдастыру бюросы қазақ мақсаттарын түгел көздейтін өз алдына жеке партия құрмайынша, бұл жұмыстың оң нәтиже бермейтінін еске салды. Уақытша үкіметке зиялылар тобының көзқарастары осыдан соң күрт өзгерді. Ендігі жерде (аграрлық, ұлттық мемлекеттік құрылыс және дін тағы басқа мәселелерді талқылау үшін бүкіл қазақтық съезд шақырылу ұйғарылды. Осы мақсатты жүзеге асыруда Әлихан Бөкейхановқа сенімді қолдау көрсеткен қазақ зиялыларының белгілі шоғырының қатарында Халел Досмұхамедовта болды.

1917 жылдың 21-26 шілдесінде Орынборда өткен бірінші жалпы қазақ съезінде «Алаш» партиясының құрылуы қазақ халқы өміріндегі елеулі оқиға болды. Осы съезде Халел Досмұхамедов Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутатыққа кандидат ретінде ұсынылды. Араға бірнеше ай салып Орынбор қаласында желтоқсан айының 5-13 күндері екінші жалпы қазақ съезі ашылып, күн тәртібіне «Алаш» партиясы бағдарламасы жобасының талаптарынан және елде қалыптасқан қоғамдық-саяси өзгерістерден туындаған 10 мәселе ұсынылды. Халел Досмұхамедов съезде Алаш Орда үкіметінің ұлт кеңесінің құрамына сайланды және оның жұмысы барысында төрағалық етеді. Тарихи деректер сыр шерткендей II Жалпы қазақ съезінде автономияның жариялау төңірегінде болған қызу айтыстарда Халел және Жаһанша Досмұхамедовтер бірден қазақ автономиясын жариялауды талап еткен батыл ұстанымда болды. Ә.Бөкейханов Қазақстанды мекендейтін орыстардың еркін білмейінше автономияны жариялауды кідірте тұрудың қажеттілігін айтады. Дегенмен, ұлттың халықтық мүддені жеке басының саяси ұпай жинауынан жоғары қойған Ә.Бөкейханов басқарған съезд делегаттары «Алаш» автономиясын жариялауға байланысты ортақ келісімге келеді.

Ресейдегі түрлі аймақтарда саяси тұрақсыздықпен соғыс қаупі жағдайында құрылып жұмысын бастаған, Алашорда үкіметі қазақ халқының және оның жерінде тұратын басқа да халықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін күрес алаңына шықты. Алайда, Қазан төңкерісінен кейін жер жерлерде орнай бастаған Кеңес билігі Алашорда үкіметінің жергілікті жерлердегі бөлімдерінің құрылу процесіне тежеу болды.

1918 жылы 18 қаңтарда қызылдар жасағы Орынбор қаласын басып алғаннан соң, барлық қазақ жерлерін біртұтас қазақ автономиясына біріктіре алмаған Алашорда үкіметі бірлігінен айрылып қалды. Үкімет мүшелерінің біразы Семей қаласына келіп, өздерін Алашорданың шығыс бөлімі деп жарияласа, екінші бөлігі Орал облысындағы Жымпиты елді мекеніне келіп, өздерін Алашорда үкіметінің Батыс бөлімі немесе Ойыл уәлаяты деп атады [43]. Қазақстанның барлық облыстарында Кеңес өкіметі күшейіп жатқан кезде Алашорда Орталық Кеңесі үкіметімен және оның жергілікті органдарымен амалсыз байланыс жасауға мәжбүр болды. Осы кезеңде Халел Досмұхамедовтың Алашорда үкіметін құруға қатысқандығы және көптеген жұмыстар атқарғандығы туралы оның Түркістан халық денсаулық сақтау комиссиаратында сақталған өз қолымен толтырған анкеталық мәлімдемесінде «1918-1920 жылдары Қырғыздардың (Қазақтардың – С.А.), Ұлтшыл ұйымы Алашорданың мүшесі болдым», - деп жазылған [44].

1918 жылы наурыз айында Ә. Бөкейханов Мәскеуге Кеңес үкіметінің басшысы В.И. Ленинмен және ұлт істері жөніндегі халық комиссары И.В. Сталинмен келіссөздер жүргізу үшін өзінің екі жақын серігін Халел және

Жаһанша Досмұхамедовтерді жібереді. Оралдан Мәскеуге барған бетте олар аталған лауазымды адамдарға екінші жалпы қазақ съезінің (Орынбор 1917ж желтоқсан) қаулысын табыс етеді. Осы келіссөздердің барысында Алашорда жетекшілері В.И. Ленинмен И.В. Сталиннің талап етуі бойынша «Кеңес үкіметін Ресейдегі барлық автономиялы халықтардың кіндік үкіметі» деп тануға мәжбүр болды.

Осыған қарамастан олар Алаш автономиясының тәуелсіздігін белгілі дәрежеде қамтамасыз етуге тиісті біраз талап -тілектерді Орталық Кеңес үкіметінің алдына қояды. Келіссөздердің аяқталуын хабарлай келе, Халел және Жаһанша Досмұхамедовтер Семейге Халел Ғаббасұлына 12-сәуірде жолдаған жеделхатында Кеңес үкіметі Қазақстанның әрбір облыстық кеңесінде тұтқындалған қазақ қайраткерлерін босату жөнінде ғана нұсқау бергендігін, ал Алашорда ұсынған өзге шарттарға таяу күндері жауап беретіндігін және РКФСР-дің Ұлт істері жөніндегі комиссариатының құрамында қазақ бөлімі құрылатынын мәлімдеді. Кеңес үкіметінің талаптары Орталық Алашорда үкіметінің ойынан шықпай, келіссөз тұйыққа тірелгеннен кейін де, Жаһанша бастаған делегация Совнаркомда Алашорда өкілдерінен тұратын Қазақ комиссариатын құру жұмыстарымен айналысты.

Халел Досмұхамедов - 1981-1919 жылдары мемлекеттік саяси құрылым ретінде өмір сүрген Ойыл уәлаятының негізін салушылардың бірі. 1981 жылы 18-21 мамыр аралығында Жымпиты қаласында Орал өңірі қазақтарының облыстық съезі өтеді. Ілбішін, Ойыл, Орал уездерінен 300-ден астам делегат қатысқан бас қосуда оны ұйымдастырушы Досмұхамедовтер 20 мәселе төңірегінде өз бағыттарын айқындап сол кездегі ең өзекті мәселелерді шешуге ұмтылды. Олардың қатарында жалпы мемлекеттік аймақтық және ұлттық саясатқа байланысты мәселелер бар болатын.

Халел Досмұхамедов земстволық жиналысқа «гласныйлар» сайлау және земство басқармасын басқармасын құруға барынша ат салысады. Оны өзі толтырған анкеталық деректе анық көруімізге болады. Ол онда «1917-1918 жылдары Орал облыстық земствосында қызмет еттім» деп жазады. Съез шешімімен «Ойыл уәлаятының уақытша үкіметі» құрылады немесе Ойыл облысы деген ат беріледі [45].

Ойыл уәлаяты уақытша үкіметтің билігі орнап, оның құрамына Ілбішін, Орал, Гурьев, Атырау, Ақтөбе, Ырғыз уездерінің қазақтары мекендеген аудандары, Маңғыстау, Ойыл, Бөкей уездері кірді. Осылай ұлттық аумақтық автономия Батыс өңірінің едәуір жерінде жүзеге асты.

1918 жылдың 8-23 қыркүйегінде өткен кеңеске қатысқан Жаһанша бастаған делегация «Ойыл уәлаятын» таратып, оның орнына Орал облысында орныққан Батыс Алашорда жетекшілері үкіметті Ойылға көшіріп, Жымпитыда қорғаныс комитетін құрады. Ревком дала жұртын Кеңес үкіметіне бағынуға шақырады. 1920 жылдың 5- наурызында Алашорда үкіметінің Батыс бөлімі таратылады, оның мүшелеріне кешірім жасалып, олардың көпшілігі қазақ даласынан оқшау жерлерге қызметке жіберіледі. Кеңес үкіметі тарапынан кешірім жасалған Халел Досмұхамедовтің де ендігі жерде табиғат берген дарынының арқасында өз халқына оқу-ағарту, ғылыми ұйымдастырушылық салаларында білек сыбана қызмет етуіне кіріседі.

Ол 1920-1925 жылдары Ташкенттегі Орта Азия университеттерінің медицина факультетінде ординатор, Түркістан автономиялық Республикасы Орталық Атқару комитеті жанындағы қырғыз-қазақ білім комиссиясының төрағасы қызметін атқарады. Әсіресе Ташкентте өткізген 10 жылының ішінде шын мәнінде Қазақстан мен Орта Азияда денсаулық сақтау жүйесінің алғашқы ұйымдастырушысының бірі болды. Халел Досмұхамедовтың ұлт зиялыларын өз төңірегіне жинай отырып, ұлт мектептерімен жоғары оқу орындарына арналған қазақ тіліндегі оқулықтармен құралдарын жазуда да үлкен еңбек сіңіргенін ерекше айтуға тиіспіз. Республика үкіметі жоғары педагогикалық оқу орнын ашу туралы мәселе алғаш қойған күннен бастап, Халел Досмұхамедов осы істердің басы-қасында оны ұйымдастыруда ерекше еңбек сіңірді. 1926 жылы қазіргі Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университетін (ҚазПИ) құру жөніндегі комиссияның төрағасы болды.

Қазақстанда 1928 жылы құрылған тұңғыш оқу орнының проректоры қызметін атқарды. 1930 жылы Алашорда құрамында болғаны үшін саяси айып тағылып, жұмысынан босатылып, Ресейдің Воронеж қаласына жер аударылады. Сөйтіп қуғын-сүргін кезеңі басталған тұста 1938 жылы 26 шілдеде тұтқынға алынады. Қарашаш Халелқызы аяулы әкесін былай деп еске алады: «1938 жылғы бұл күнгі түн менің мәңгі есімде қалды. Түн ауа біздің үйдің есігінің тарсылынан шошып ояандық. Есік ашылғанда ішке әскери киім киген екі кісі кіріп келді. Әкеме қолдарындағы қағаздарын көрсетіп, тінту жасай бастады. Ағам Әділхан әкеммен қазақша бірдеңе дей бастап еді, келген кісінің бірі: - сіз қазақша сөйлеспеніз, - деді. – Мен орысша білмеймін, - деген Әділханның жауабына: - сіз қалайша білмейсіз? Медицина институтында оқымайсыз ба? – деп, түсін суытты, әлгі адам бәрін біліп отыр екен. НКВД-ның екі кісісі үйдің астан-кестеңін шығарып, үш-төрт кітап, тағы бірдеңелерді алды. Әкем кетерінде – мені енді күтпеңдер Алматыға көшіңдер, - деді де қараңғылық құшағына сіңіп кетті».

Үштіктің шешімі мен ату жазасына кесілген Халел Досмұхамедов 1939 жылы 19 тамызда түрме ауруханасында өкпе ауруынан қайтыс болды. Кешегі 1937-1938 жылдар ұлтқа жасалған қанды қырғын Алаш жетекшілерін арман – мақсатына жеткізбеді. Қасапшы қол, сталиндік саясат тамаша идеяларды көкөрім шағында турап тастады бірақ олар елдік мұраттарымызды баянды ету жолында өз дәуіріндегі барлық мүмкіндіктерді сарқа пайдаланды, бүгінгі тәуелсіздігіміздің іргетасын қалап кетті.

Халел Досмұхамедов 1958 жылы ақталғанымен ұзақ жылдар бойына есімі аталмай, еңбектері жарияланбай келді. Тек тәуелсіз ел болған тұста ғана оның еңбектері халқымен қайта қауышты. Оның мұралары зерттеліп өмірімен шығармашылығы туралы еңбектер жарық көрді, танымал шығармаларының жинағы басылды. 1994 жылы 23 мамырда Министрлер кабинетінің шешімімен Атырау мемлекеттік университетіне Халел Досмұхамедұлы есімінің берілуі оның жерлестерінің ғана емес иісі қазақтың өміріндегі айтулы оқиға болды. Білім ордасы қабырғасында жыл сайын ғылыми-теориялық конференциялар өткізіліп тұрады оның мұрасынан кандидаттық диссертациялар қорғала бастады, арнайы «Халелтану» курсы оқылады, зертхана жұмыс жасайды. Университет алдында Алаш ардақтысының ескерткіші қойылған. Алматы және Атырау көшелеріне оның есімі берілген. Ел үшін аянбай еңбек еткен қоғам қайраткері ғұлама ғалым Халел

Досмұхамедовтың өмір жолы әр уақытта бүгінгі ұрпақтың жадында, арыстар аманатына адалдық елім, жерім деген әрбір азаматтың адалдығы қызметтің алтын арқауы болуы тиіс, ұлт ардақтысының халқы үшін жасаған еңбектерін зерттеп - зерделеу жалғасын таба береді [46].

XX ғасырдың басындағы саяси өмірдің бел ортасында Халелдің қайраткерлік іс-қабілеті ардагер азаматы ұлтының ұраны боларлық биік дәрежеге көтергені рас. Арпалыс кезеңдерде өткізген өзінің қысқа ғұмырында ол дархан дарынын, қарымды қабілетін және еңбекқорлығын мейлінше, өз деңгейінде көрсетіп көрсетіп кеткен азамат. Табиғатынан талантты тұлға – Халел Досмұхамедұлының қалыптасқан ортасы – қазақтың әруақ қонған киелі ауылы мен ел билігін тізгіндеген билер ортасы еді. Ол өзінің ана тілі – қазақ тілімен бірге латын, араб, парсы, түрік орыс, неміс және француз тілдерін тиісті деңгейде еркін меңгерген. Ол сезімтал лингвист, фольклоршы, тарихшы-этнограф және аудармашы болған. Жан-жақты білімнің арқасында биология, зоология, медицина салаларында мән-маңызы жоғары көптеген еңбектер жазды. Халел Досмұхамедұлының бүгінгі таңда биология ғылымының қазақ топырағында өсіп-өркендеуі үшін қосқан үлесі зор.

Сонымен бірге ол, ұлттық психология сол ұлттың болашағы – ұрпағының қалыптасып, дамуына тікелей ықпал ететін бірден-бір рухани күш екенін ғылыми түрде дәлелдеп, оны ағарту саласына ұсынады. Халел Досмұхамедұлы этнопеддагогика мен этнопсихология саласына айтарлықтай қомақты үлес қосты. Қазақ халқының ұлттық мінез-құлқының ерекшеліктерін ғылыми түрде алғаш рет негіздеді. Х.Досмұхамедов ана тілінің ұлт өміріндегі алатын орны туралы айтқан жүрекжарды ғибарат сөздері ұрпақтан-ұрпаққа айтылып жүр.

Халел Досмұхамедұлы баспа ісімен де айналысып, өзін журналист ретінде көрсете білген. Қазақтың ұлтжанды қайраткерлерінің ұлт, оқу-білім, мәдениет хақындағы жүрекжарды ой-пікірлері мен көзқарастары мерзімді баспасөз беттері арқылы бүкіл қазақ сахарасының рухани саяси өрлеуіне ықпал етті. Мерзімді баспасөз қазақ зиялыларының рухани серігіне айналды. Ғұмырын халқына арнаған, жүрегі халқым деп соққан асылдар заманның қасіретті кезеңінде де ел үшін қызмет жасаудан аянбады. Әділетсіз тар заманда жарық жұлдыздай ғұмыр кешкен Халел Досмұхамедұлы халқының асылдары Шернияз, Базар, Мұрат, Абай, Махамбет секілді ақын-жыраулардың шығармаларын халыққа танытты. Халықтың жан-дүниесінің баюына, дамуына ықпал етті. Саяси еркінен айырылған елінің рухани еркін жоғалтып алмауына тырысты. Қазақтың ұлт болып сақталып қалуы үшін тіл тазалығы мен әдет-ғұрпының жоғалмауына баса көңіл бөлді. Қазақтың ғылым-біліс ісі мен ағарту саласында өз қолтаңбасын қалдыруы осының айғағы [47].

Халел Досмұхамедов қазақтан шыққан алғашқы дәрігер ғана емес, елінің қамын, ұрпағының болашағын ойлаған күрескер. Ол халқының саяси тағдырына, азаттығы үшін күресіне байланысты мәселелерді шешуге алдыңғы қатарлы қазақ жастарымен бірге белсене қатысқан. Ол қазақ деген ұлттың бар екенін білімімен, біліктілігімен, ақылдылығымен мойындатқан энциклопедист ғалым, қоғам қайраткері [48].

**Ахмет Байтұрсынов** - қазақ мәдениетінің аса көрнекті қайраткері, тіл білімінің ғұлама ғалымы [49]. XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетін бостандық

пен тәуелсіздік жолындағы күрес идеясымен байытқан ақын. Оның «Маса» деген поэтикалық жинағы (Орынбор, 1911) халықтың ауыр, құқысыз жағдайына, оны отаршылдықтан азат етуге, дамудағы мешеулікке, надандыққа арналған. Сонымен қатар, білімге, ғылымға, мәдениетке шақырған. Тіл білімінің дамуындағы келелі жетістіктердің ықпалымен XX ғасырдың басында қазақ зиялыларының тарапынан араб әліппесінің жазу үлгісін жетілдіру мәселесі күн тәртібіне қойылды [50].

Араб әліппесінің қазақтың ұлттық тілімен ұтымды ұштастырып жазуға, қолдануға қолайлы, ыңғайлы, бұрынғысынан жеңілірек етіп пайдалану мақсатында Ахмет Байтұрсынов араб әрпімен жазудың жаңа үлгісін ұсынды. Ол қазақ тілінің дыбыс жүйесі бойынша 28 дыбыс түрі бар екенін, оның 5 дауысты, 17 дауыссыз, 2 жартылай дауысты болып жіктелетінін дәлелдеп, араб қарпі қазақ жазуындағы жіңішке дыбысты ажырату үшін айырым белгі – дәйекшені енгізу қажет екендігін айтты. Тіл білімін жетілдірудегі аса жетістік ретінде танымал болған А. Байтұрсыновтың бұл жаңалығы «Айқап» журналының 1912 жылғы 4-5 сандарындағы оның «жазу тәртібі» деп аталатын мақаласында баяндалды. Бұл мақала сол жылы Орынборда жеке кітап болып шықты [51].

А. Байтұрсыновтың оқулықтары қазақтар үшін ғана емес, сонымен қатар, бүкіл түркі тілдес дүние үшін де жаңалық болды. Кейініректе ол әдістемелік сипаттағы «Баяншы» (1926), «Тіл жұмсарту» (1928) деген кітаптары шықты. Әдебиеттану жөніндегі тұңғыш еңбегі - «Әдебиет танытқыш» (1926) деп аталды [52].

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ атаулыға қадірлі, аяулы есімі жылдан жылға уақыт көші ілгері озған сайын әлемдік мән-мағына ала түскендей. Жиырмамыншы ғасырды қарсы алған және оны бүгін шығарып салғалы тұрған екі буын зиялылардың, әлемнің әр шалғайында, Орынбор мен Алматыда, Түркия мен Германияда өткен халықаралық симпозиумдар мен конференцияларда, басқа да алқалы жиындарда қазақ, орыс, нидерланд, қырғыз, түрік, неміс, қарақалпақ, өзбек өзге де түрлі ұлт ғалымдарының ол жөніндегі ой-толғамдары, ғылыми баяндамалары мен зерттеу мақалалары соған айғақ.

Ахмет Байтұрсынұлының рухы ұлт өркениетінің өркендеу жолында былайғы заман ұрпақтарының санасында да осылай сабақтасып жалғасты. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ өркениетінде Абайдан кейін дара тұрған, ең бір жарқын, күрделі тұлға екенін көреміз. Ондай тұлғаны тану- алдымен оның туған халқын, өмір сүрген дәуірін, еңбек еткен ортасын, айналасын тану, буын-буын келер ұрпақ тәрбиесі үшін өнегелі мәні, маңызы зор халқына тұлға, тұтқа ретінде атқарған ұлы тарихи миссиясын ашып көрсету болып табылады [53].

Ахмет Байтұрсынұлының оқу-ағарту ісі мен білім-ғылым саласында істеген қызметі тарихымызда теңдесі жоқ феномендік құбылыс болып табылады. Бұған XX ғасырдың алты миллиондай ұлттық жазу таңбасын жасап бергені; қазақ балаларының өз мектебінде оқуларына күш салып, ана тілінің әліппесі («Оқу құралы») мен бастауыш білім сатысына арналған тұңғыш оқулықтарын («Тіл – құрал») жазуы; сауат аштыру әдістерін («Баяншы») ұсынуы; кейінірек (1926 ж.) әдебиеттануға арналған («Әдебиет танытқыш») болды. Ахмет Байтұрсынұлының терминология саласындағы еңбегі азды-көпті арнайы не жол-жолай сөз еткендердің барлығы да оның термин жасауда қазақ тілінің өз қазынасына иек артқанын баяндап, «А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов, Х. Досмұхамедовтер



терминдерге шет тілдік сөздерді алмау, қазақ сөздерін пайдалану принципін ұстады» деген пікірді айтты [54].

Ахмет Байтұрсынұлы теориялық жағынан келешекте осылай негізделуге тиісті концептуалды, бағдарламалық тұжырымды тек әдеби тілге ғана емес, сонымен қоса тіл мәдениеті, этнолингвистика, тіл біліміндегі қазіргі прагматикалық бағыт, функционалды грамматика проблемаларына қатысты да айтқан [55].

Қазақ қоғамында өз халқының егеменді ел болуына көксеген Батыс Алашорда үкіметін құрушы азаматтардың бірі - Жаһанша Досмұхамедов еді. 1917 жылғы Ресейдегі ақпан революциясынан кейін Ж.Досмұхамедов саяси белсенділік танытып, қоғамдық жұмыстарға араласа бастайды. Ол Уақытша Қазақ комитетінің арнайы шақыруымен Оралға келіп, 1917 жылдың 19-22 сәуір аралығында өткен I қазақ Орал облыстық съезіне қатысады. Съезде Уақытша үкіметтің төрағасы болған Ғабдолла Әлібеков 4 наурыз-19 ақпан аралығында атқарған қызметі жайында есеп беріп, съезге «Президиум сайлау» турасында ұсыныс айтады.

Ж.Досмұхамедов осы съезде Мәскеуде өтетін I Бүкілресейлік мұсылман съезіне делегаттыққа сайланады. 1917 жылдың 13 мамырында Бүкіл ресейлік мұсылмандар Кеңесі жиналыс өткізіп, Жаһанша Досмұхамедовты Шура-и-Ислам комитеті төрағасының орынбасарлығына сайланады. Бүкіл ресейлік мұсылмандар Кеңесінің Атқару комитетінің құрамында Жаһаншамен бірге Уәлитхан Танашев, Зәки Валиди, Кәлібай Төгісов және Ғ. Ходжаевтар болды. Жаһанша 1918 жылы мамыр айында Жымпитыда өткен IV Орал облыстық съезінде төрағалық етіп, осы съезде «Ойыл уәлаяты» Уақытша үкіметінің төрағасы болып сайланады.

1918 жылы қыркүйекте Ж.Досмұхамедов Қазақ Атқару Комитеті атынан Комучке (Самарадағы Құрылтай жиналысы мүшелерінің комитет Р.М.) мүше болып кірді. Сондай-ақ, 1918 жылдың 8-23 қыркүйек аралығында өткен Уфа кеңесіне қатысады. Жаһанша бастаған делегация «Ойыл уәлаятын» таратып, оның орнына Батыс Алашорда үкіметін құрды. Батыс Алашорда үкіметін Ойылға көшіріп, өзі Жымпитыда Қорғаныс Комитетін құрады. Батыс Алашорда жетекшілері Орал облысында орныққан Кеңес өкіметінің ықпалынан алыстап, дербес билікті сақтап қалуға тырысып, өздерінің большевиктерге беруін талап еткен шартына келіспей, тең құқылы қарым-қатынас орнатуға тырысты. Халел мен Жаһанша арасында кейбір істер жөнінде келіспеушіліктер болғанмен де, Алашорда үкіметінің Батыс бөлімшесін құруда екеуінің ойлары бір болып, ұлттық аумақтық автономия құруда бірлесе күресті [56].

**Міржақып Дулатов** – Ахмет Байтұрсынұлының халық бостандығы жолындағы күрес жылдарында да, әдебиет саласында да онымен қатар жүрген серігі. Оның «Оян, қазақ!» (Уфа, 1909) жинағы – халық тағдырының проблемалары өткір көтерілетін алғашқы туындыларының бірі. Ол өз заманындағы қазақ қоғамы өмірінің келеңсіз жақтарын ашып көрсете келіп, М.Дулатов отандастарын жаңа өмірге шақырды, басқа халықтардағы жақсылық жағын үйренуге үндейді, ғылымды, білімді, әйелдердің тең құқықтылығын жақтайды [57].

Әрбір шығармашылық еңбектің маңдайына біткен талан-талайы болады. Патшалық Ресейдің зәресін алып, құтын қашыра келген «Оян қазақ!», міне сондай «қатыгездік» сипатымен маңдайын тасқа да соқты, тауға ұрды. Міржақыптың

көксегені де сондай елшілік еңсе көтерудің қамы болатын. Жинақта қазақты маужыраған күйінен оятып, «күннің көзі жалқауға да, іскерге де, байға да, пақырға да бірдей түскені секілді», көпке бірдей болған жақсылықтан мақұрым қалмауға үндеуі – Міржақыптың айнымас азаматтық ұстанымының алтын қазығы іспетті. Ұлтым деп соққан жүрегінң атойы өлшеулі ғұмырында бір әлсіреп, демікпегені содан деуге болады. «Жер мәселесі» деген мақаласында міржақып көкейтесті екі жағдайды қозғайды. Бірі-қала болу керек деушілердің пікірі. Екіншісі - көшіп жүруді қалайтындардың тоқтамы. Осы екі ойдың жақтастары әрқилы шешім айтады. М.Дулатов дінге қатысты ой-пікірлерін проза, пояззия түрінде жазып, әр түрлі басылымдарда, атап айтқанда, «Серке», «Қазақ» газеттері мен «Айқап» журналында жүйелі жариялап отырған.

Қараңғы қазақ жаңалыққа да селт етпейтін көнбіс болып алған. Мұндай енжарлықтың да ұпай түгендетері шамалы екендігін Міржақып жақсы түсінеді де, ең болмағанда билікке, басқаруға қатысты қарапайым нәрсені біле жүруіне үндейді. Алдымен, земство қандай қажеттерді өтейтін түсіндіре бастайды. Земствоның өтейтін қажеттері: оқу- оқыту ісі, от пен судан сақтау, адам һәм мал дәрігерлігі, ашаршылықта, жұтта мұқтаждарға жәрдем беру, жол түзету, поштаханалар ашу һәм басқа сондай жұрттың күшімен басқарылатын жұмыстар екендігін тізіп береді. Көрнекті көсемсөзші өмірден көрген-түйгенін қазақтың қамы үшін, әлеуметтік тұрғыдағы тұйықтан шығуы үшін, шаруасын жақсы күйттеп, әлді тұрмыс құруы үшін, биліктегі шенқұмарлықтан арылып, халқына адал қызмет етуі үшін мысал, үлгі, насихат ретінде байытып, назарға ұсынып отырды. Оның сезгіш жүрегі биліктегілердің былығынан жиіркенді.

Биліктегілердің былығынан жиіркенді. Дәл осы тұста жөнсіз билікті түйрей сынайды: «Ел билеген жақсылардың ойлағаны ел қамы болмаса, әрқайсысы өзінің пайдасын ойлап мұқатқаны ағайын-жұрты болса, билерде әділет болмаса, енді жақсылықты жұрт қайдан күтпек керек?!» -деп әділдіктен аттағандарға ой тастай сөйлейді. Қазағынның қамы үшін шыншылдықпен: сендер жан ауыртпасаңдар, кім қамқорлық жасамақ деп, салмақты салады өздеріне. «Сана қайда!» деп талатын мақаласында қазақ халқының қолына тиген бостандықты баянды ету үшін саналы түрде істер істеу қажеттігі айтылады. Көп жерлерде баяғы ескі әдеттерден әлі арылмағанына өкініш білдіріледі. Мысалы, комитет сайлауы кезінде бұрынғы болыс сайлауы тұсындағыдай жікке бөлініп, халық мүддесі естен шығарылғаны сынға алынады. Алғашқы қазақ съезі қарсаңында халықты әділдікке үгіттеген Міржақып елден жұрт болудың қамын мықты ойластыруды талап етіп, біраз мақалалар жазды [58].

Ол орыс және шетел классиктерінің (Пушкин, Лермантов, Шиллер, Тоқай) бірқатар туындыларын аударды. М.Дулатовтың қазақ көсемін дамытуға да қосқан үлесі баға жеткісіз.Отаршылдық басқару жүйесі кезіндегі қазақ халқының жағдайы кейінгі кезеңдегі әдебиет дамуында өзекті проблема болып қала берді. Сол кезеңде әдебиетке келген М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, Б.Майлин, С.Мұқанов және басқалары сияқты жас таланттар демократиялық-ағартушылық дәстүрлерді жалғастырып, оны бостандық идеяларымен байытып, өздерінің алғашқы туындыларын жариялай бастады.

XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті сол тарихи дәуірдегі халық өмірінің шындығы туралы көркем шежіре болды.

### 3. Мемлекеттік Дума және қазақ зиялыларының қызметі

Революция (1905-1907жж.) қарсаңында өлкеде жұмысшылардың, шаруалардың және басқа да халық топтарының жергілікті өкімет орындарының, байлар мен өнеркәсіпшілердің озбырлығына қарсы жекелеген стихиялы бой көрсетулері болып өтті. Қазақстанда жұмысшы қозғалысы кеңейе бастады. Ереуілдер саны көбейіп, олар неғұрлым бұқаралық және табанды сипат алды.

1901 жылдың тамыз-қыркүйек айларында Қарағанды кең орындарында Орынбор губерниясынан келген башқұрт жұмысшылары ереуіл жасады. 1902 жылдың маусымында Семей облысының зайсан уезінде Михайлов кенішінің жұмысшы қазақтарының толқуы болып өтті. 1903 жылдың маусым-тамыз айларында екібастұз көмір кендерінде жұмысшылардың ереуілдері болып, олар жалақының кешігуіне қарсы шықты. Табанды күрестен кейін жұмысшылар жеңіске жетті. Орынбор-Ташкент теміржолы құрылысшыларының арасында да жұмысшылардың бой көрсетулері басталды, онда жұмыстан өз бетімен кетіп қалуға қоса, құрылысшы жұмысшылардың азды-көпті ұйымдасқан едәуір бөлігі ереуілдерді ұйымдастыра бастады [59].

Шалқар станциясы аймағындағы қазақ еңбекшілерінің қозғалысы Орынбор-Ташкент теміржол құрылысшыларының ереуілімен бірігіп кетті. Көтеріліс басшысы Мырзағұл соңында 800 шаруа ерді. Бұл көтеріліс екі жылға созылып, 1905 жылы Шалқар, Бершігүр станцияларының аймағындағы елді-мекендер тұрғынын қамтыды [60].

Көтерілісті Торғай әскери губернаторының жазалаушы тобы күшпен басады. Қазақ жеріндегі ереуіл қозғалысын өнеркәсіп орындары мен теміржолда еңбек ететін 62 мыңдай жұмысшы жалғастырды. Оларды мұндай қаракетке жеткізген - жұмыстың ауырлығы, жалақының мардымсыздығы еді. Оған саяси, рухани ұлттық езгі де қосарланды. Ресей монополистерінің ағылшын, француз капиталистеріне жалға берген Екібастұз, Қарағанды, Риддер тағы басқа кәсіпорындарындағы шетелдік қанау қосылып, еңбекші бұқараның күнкөрісін бұрынғыдан бетер қиындатты. Бірінші орыс төңкерісінің оқиғаларына үн қосқан ереуіл бүкіл елге тарады [61].

1905 жылдың қазан-қараша айларында Қазақстанның көптеген аудандарында ереуілдер мен шерулер патша манифесінің абыройын төгетін ұрандармен өтті. Қазан айында болған саяси ереуілдерге алдымен Орал станцияларының жұмысшылары, оларға Перовск, Ақтөбе теміржолшылары қосылды. 19 қазанда Петропавлскіде шеру болып, онда: «Патша жойылсын!», «Ресейдегі әріптестеріміздің күресін қолдаймыз!» деген ұрандар көтерілді. Жергілікті өкімет осы қозғалыстың қанат жайып кетуінен мазасызданып, барлық шаруалар басшылығын міндеттеуге шарасыз болып, барлық шаруалар басшылығын міндеттеуге шарасыз болып: «енді өз учаскелерін аралап, көп адамдар тұратын жерлерге бірнеше күн тоқталып, халыққа 1905 жылғы 17 қазандағы заңды түсіндірді [62]. Бұл бірақ, мемлекет үмітін ақтамады. Ресейде және Қазақстан өлкесінде революциялық күрес одан әрі күшейді. Ресей қалаларында тек қана қаңтар айында 444 мың адам ереуілге 810 мыңдай адам қатынасқан [63].

XX ғасырдың басындағы қазақ қауымының рухани және саяси сұраныстарына толық жауап беруге ат салысқан ұлттық интеллигенция 1905-1907 жылдардағы революциялық қозғалыс барысында барлық деңгейдегі орыс әкімшілігімен бетпе-бет келіп отырды. Сондай-ақ, олардың қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасып, бірыңғай саясатпен араласуына осы 1905-1907 жылғы орыс революциясы белгілі дәрежеде ықпал жасады [64].

Қазақстандағы жұмысшы қозғалысының да, аграрлық қозғалыстың да, жалпы өлкедегі азаттық күресінің дамуында XIX-XX ғасырлар шебінде туындаған зиялылар айтарлықтай рөл атқарды.

XX ғасырдың алғашқы ширегінде Ресей империясының отарлық билік жүйесіне қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалыс. Ғасырдың бас кезінде қазақ қоғамында мүлдем жаңа жағдай қалыптасты. Ресейлік әскери-монархиялық басқару жүйесі, қазақ жерінің орыс мемлекетінің меншігі етіп жариялануы, осыған орай ішкі Ресейден қоныс аударушылар легінің күрт өсуі, қазақ бұқарасының зорлықпен егіншілікке жарамды жерлерден ығыстырылуы, дәстүрлі қазақ шаруашылығының терең дағдарысқа ұшырауы сол қалыптасқан жағдайдың нақты көріністері еді.

Сол кездегі қазақ қоғамы дамуының күн тәртібінде қазақ халқының ұлт ретінде жоғалуы, не өзін-өзі сақтауы үшін күреске шығу мәселесі тұрды. Қалыптасқан жаңа саяси ахуалға лайық жаңа күрес құралдары, әдіс айла қажет болды, ең негізгісі халыққа оның алдында тұрған негізгі мақсат-мүдделерін түсіндіріп жеткізетін, сөйтіп оны заман талабына сай күрес құралдарымен қаруландырып, азаттық үшін қоғамдық қозғалысты бастап кете алатын мүлдем жаңа саяси әлеуметтік күшке сұраныс үлкен еді.

Ал ондай күштің қалыптасып келе жатқанын 1905-1907 жылдардағы оқиғалар көрсетіп берді. Ол күш – сан жағынан аз болғанымен, бірақ саяси күрес қазанында қайнап, тез ысыла бастаған ұлттық интеллигенция болатын. Осы бірінші орыс революциясы жылдары ұлттық зиялылар кейін Алаш қозғалысы атаған қоғамдық қозғалыстың негізін қалады. 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде дүниеге келген Қарқарлы құзырхаты (петициясы) оның бағдарламалық құжаты болатын.

Осы мезгілден бастап Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов жетекшілік еткен ұлттық зиялылар жаңа өрлеу ала бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа нысаналы сипат беру үшін газет шығару, азаттыққа үндеген кітаптар бастырып тарату, Мемлекеттік Дума жанындағы мұсылман фракциясы жұмысына, жалпы ресейлік мұсылман, түрікшілдік қозғалыстарына ат сабысу сияқты қазақ қоғамына бейтаныс күрес әдістерін игере бастады.

Ал 1911 жылдан шыға бастаған «Айқап» журналы, 1913 жылдан жарық көріп, жалпыхалықтық басылымға айналған «Қазақ», оның артын ала өмірге келген «Бірлік туы», «Сарыарқа», «Ақжол» газеттері ұлт-азаттық күрес идеологиясының қалыптасуына қызмет етті. Алаш қозғалысының басты мақсаты - қазақ елінің өзін-өзі басқару, яғни ұлттық мүддесін қорғай алатын мемлекеттік жүйе құру құқын метрополияға мойындату, түбінде дербес мемлекет құру, қазақ жерлеріне ішкі Ресейден қоныс аудауға шек қою, әлемдік озық тәжірибені пайдалана отырып, дәстүрлі мал шаруашылығын өркендету, сонымен қатар егіншіліктің, өнеркәсіптің дамуын қамтамасыз ету, рыноктық қатынастарға жол ашу, жеке адам құқын және басқа демократиялық принциптерді қадір тұту, ұлттық

мәдениетті өркендету, оқу жүйесінің, тілдің дамуына қажет шарттар түзу болды. Бірінші орыс революциясы жылдарынан бастау алатын Алаш ұлттық қозғалысы 1917 жылы ақпан және желтоқсан айлары аралығында өзінің шарықтау шегіне жетті. Мемлекеттік тәуелсіздік, жер және кезінде Алаш зиялылары күн тәртібіне қойған қоғамдық-саяси басқа да мәселелерді басты талабы етіп, ұлт-азаттық қозғалыс жаңа сипатта Т.Рысқұлов, С.Аспендияров, С.Қожанов, С.Садуақасов, Ж.Мыңбаев қызметінде одан әрі өрши түсті [65].

Енді ғана өз билігі өзіне тиіп, ұлттық мемлекетінің іргетасын қалай бастаған қазақ халқы үшін өзінің жүріп өткен жолының ғылыми шынайы тарихын жазу қажеттілігі күннен-күнге айқын сезілуде. Өйткені ұлттың бүгінге дейінгі тарихы – оның ертеңгі тағдыры. Барлық халықтар сияқты қазақтар да өзінің тарихи жолында жиған тәжірибесінің арқасында бүгінге жетті, бүгінгі болмысына сүйеніп, ертеңіне қол созып отыр. Демек қазақтың бүгінгі – қалтарысы мен қапылысы, шырғалаңы мен ұмтылысы, қайғысы мен қасіреті көп кешегісінің арманға, мақсатқа жеткізер, мол үмітінің артар ертеңі- бүгінгі күннің жалғасы.

Сондықтан ұлттың кешегісін бүгіннен, бүгінін ертеңінен айыру мүмкін емес. Ал осы бітұтас ұлт өмірінің алтын діңгегі, оның тұлға бойындағы – оның тарихы. Қазақ елі сияқты бодандық бұғауынан енді ғана босанып, алдына әлемдегі өркениетті халықтар санатына қосылу мақсатын қояп отырған ұлт үшін өзінің өткенін білу, төл тарихынан тағылым алып, оның сабақтарын ескеру-болашақ мақсаттарға жеткізер негізгі факторлардың бірі. Демек, қазақ халқының келешегінің қалай қалыптасуы, көп жағдайда, оның ғылыми тарижының қазіргі кезеңде қалай жазылуына, оның тарихи санасының қалай қалыптасуына байланысты.

Қазақ елінің жүріп өткен жолы, осы жолда жиған мол тәжірибесін ұлттық рухани болмысының қайнар бұлағына айналдырар қуатты құралдарының бірі- оның ғылыми тарихы. Төл тарихымыздағы қай мәселені алып қарасақта, күн тәртібіндегі өзектілігін жоғалтпайды. Қазақ халқы қай заманда да өзінің мәдени дамуына ерекше мән бере білген. Заман өзгеріп, уақыт ілгері жылжыған сайын талаптар да күрделене түсетіні сөзсіз. Ал біз өз тарапымыздан Алаштану мәселесіне және бір қырынан қарап көруді парыз деп санаймыз. Алаш қозғалысының көшін бастаған Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов және Міржақып Дулатовтар сол кездері жастары қырықтың қырқасынан енді ғана асып, ақыл тоқтатқан әрі өздерінен кейінгі толқын ізбасарларына Алаш идеясының өміршеңдігі ұрпақтар жалғастығында екеніні ұғындырып кеткен [66].

1917 жылы «Алаш» партиясын құрушылардың қатарындағы ең жас көсем, Алашорда үкіметінің мүшесі Әлімхан Ермеков жиырма бес жасында Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов және Мұхаметжан Сералиндермен бірге Коммунистік партия көсемі Ленинге көршілес елдерге өтіп кеткен шекарадағы қазақ жерлері қазақтікі екенін дәлелдеп, көзін жеткізіп, мәселені қазақтың пайдасына шешеді. «Алаш» партиясының белсенді мүшесі болған, кеіннен алашшыл азаматтарға қауіп төнгенде ағалардың ақылын тындап, мұраты бір жас аалашшылармен бірге Коммунистік партия қатарына өткен сұңғыла суреткер Мұхтар Әуезов және 1914-1917 жылдары «Бірлік» қоғамының мүшесі (Омбы қаласы), 1917-1918 жылдары Алашорда жағында азамат соғысына қатысқан Дінмұхамед Әділев және жалынды алашшыл жастардың тұңғыш жетекшісі

Смағұл Сәдуақасовтар сол уақытта бозбала шақты енді артқа тастаған небары он жеті жастың шамасында еді.

Есімі жиырма жастан асар аспас, кезінде үлкен қызметтер атқара жүріп, ұлт қамын ойлап, жұрт аузына ілініп, халыққа танымал болған мемлекетшіл қайраткер, ірі тұлға Тұрар Рысқұлов Түркістан АССР-і үкімет басшысы ретінде 1920 жылы тарих сахнасынан кеткен Алашорда қозғалысының жетекшілері мен белсенді мүшелеріне қолынан келген мүмкіндігінше қамқорлық жасады. Тұрар Республика үкіметін басқарған тұста Ахмет Байтұрсыновтың, халел Досмұхамедовтың, Жүсіпбек Аймауытовтың, Мұхамеджан Тынышбаевтың тағы басқа аса көрнекті қазақ зиялыларының Ташкент пен Қазақстанның оңтүстік өңірін паналап, ғылыми, педагогикалық және шығармашылық жұмыспен айналысуға мүмкіндік алулары Тұрар қамқорлығының арқасында екендігі күмән тудырмайды. «Алаш» партиясының көрнекті қайраткерлерінен басқа қатардағы есімдері атала бермейтін мүшелерінің бүгінде мүмкіндігінше барлығының аты-жөнін ардақтау парыз [67].

«Алаш» партиясын ұйымдастырушылар, халқымыздың біртуар ұлдары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ә.Ермековтармен серіктес болып, халық қамы үшін бірге күрес жүргізген алаш ұрандарының бірі Имам Әлімбеков. Ол «Алаштың» семей облыстық ұйымы төрағасының орынбасары, «Алаш» партиясының орталық үні 1918-1919 жылдары шығып тұрған «Сарыарқа» газетінің редакторы, «Алаштың» атты әскерлер полкын жасақтаушылардың бірі болды. Ал, А.Байтұрсынов, М. Дулатовтардың шәкірті, ізбасары ретінде солармен үндес, пікірлес болған өрелі өрен Ғазымбек Бірімжанов қаламгер, дәрігер, агроном және ағартушы-қоғам қайраткері санатына көтерілген жастардың қатарынан табылды.

Сондай-ақ жалпы қазақ съезінде алашорда өкіметіне мүше болып сайланған Отыншы Әлжанов Жетісуға келіп, съезд қаулыларын жүзеге асыру ниетімен өлкенің айтулы азаматтары М.Тынышпаев, Б.Мамытовтармен тізе қоса отырып, игілікті істердің ұйытқысы болады. Алашорда милициясының алдында тұрған міндеттерді саралайды.

Сондай-ақ Мұстафа Шоқай өз дәуірінде Шығыс Түркістан мәселесін «Яш Түркістан» беттерінде қалай көтере білсе, бүгінгі «Жас Түркістан» да бұл мәселені «жабулы қазан» күйінде қалдырмайтынын ескерте кеткіміз келеді. Ж. Мухлисидің жаралы жүрегін жарып шыққан бұл сұраққа шынайы жауап беру тәуелсіздіктерін жаңа алған түрік мемлекеттері басшылары түгілі, Түркия басшыларына да қиын соғары белгілі. Патшалық және Кеңестік билігі тұсында қолдан бөлшектеліп, өткен тарихы түгілі, Түркия басшыларына да қиын соғары белгілі.

Патшалық және Кеңес Ресей билігі тұсында қолдан бөлшектеліп өткен тарихы түгілі өз болмысынан айрылып қала жаздаған Түрік мемлекеттерінің зиялыларына қандай кінә тағуға болады? Біз Ж. Мухлиси тарапынан түрік мемлекеттерінің басшылары мен зиялыларына тағылған айыптауларды түсіністікпен қабылдай отырып, алдағы уақытта мұндай өзекті мәселеге өз пікірін білдіруден абай болғаны жөн деп санаймыз. Мұндай айыптаулар 30 жылдары Түркияға тағылған болатын. Сонда біздің ұстазымыз Мұстафа Шоқай: «Біз Түріктер Түркияға қатысты мәселелерде абай болуға тиіспіз Түркияның төл мүдделерімен, оның ішкі және сыртқы саясатымен қайшы келетін істерге

бармауымыз лазым. Қазіргі қиын жағдайда Түркияның алдында орындалуы болмайтын талаптарды қою арқылы біз жалпы түрікшілдіктің болашағына залалды наразылдықтардың туылуына себепкер болуымызға ықтимал. Сол себепті де біз Шығыс Түркістандағы болсын немесе басқа жерлердегі болсын барлық түрік тұқымдас бауырларымызды осы бір түйінді мәселені дұрыс түсінуге ағат басудан сақ болуға шақырамыз.» -деп ескерткен болатын.

Ия Шығыс Түркістан мәселесі, ондағы біздің бауырларымызға қарсы, жүргізіліп жатқан ұлттық геносит – түріктер тарихын қаралы парақтармен толтыруда. Шығыс Түркістан – барлық түрікшілдердің жазылмас жараса түрік халықтарың ортақ қайғысы болып отыр. Бірақ дәл бүгінгі таңда Шығыс Түркістан мәселесін тарихи шындықты бұлтартпас деректермен дәйектеп беруден басқа біз не істей аламыз?! «Яш Түркістанның» 1933 жылғы №46 – санында М.Шоқай: «Шығыс Түркістан соғысы бізге – басқа өлкелердегі түріктерге – қайда болсақ та қолымыздан келген барлық шараларды қолданып, шығыс түркістандықтардың ұлт-азаттық күресіне көмектесу және кейбір орыс басылымдарында оқиғаның шығу себептері бұрмаланып көрсетілуіне байланысты тойтарыстар беру сияқты аса маңызды міндеттер жүктейді» - деп жол көрсеткен болатын. Біз осы орайда, қолда бар деректеріміздің негізінде Шығыс Түркістандағы Қытайдың отарлық саясатымен оған қарсы бағытталған ағаттық қозғалысы тарихынан өз тұжырымдарыңызды оқырмандарыңызға ұсынуды жөн көрдік.

1933 жылы 12-қарашада тәуелсіздігін жариялап, астанасы болып Қашғар қаласы бекітілген Ұлттық Республикасы дүниеге келді. Қожа Нияз қажы Республика Президенті, ал Сәбит Дамолла премьер-министр болып сайланды. Осы кезде Қытайда басталған ішкі тұрақсыздықты пайдаланған кеңестік Ресей Шығыс Түркістанды өзіне қаратуға тырысты. Орталық үкіметпен арасы бұзылған генерал Шын Шысайдың Түркістан әскери генерал-губернаторы болуына көмектесті. Қосымша әскери күш жіберіп, Шығыс Түркістан әскерлерін жеңіліске ұшыратып, генерал Шын Шысайдың Шығыс Түркістанда үстемдік құруын қамтамасыз етті. Ұлттық үкіметті таратып, басшы орындарға өз агенттерін орналастырды. Сол кезеңде М.Шоқай: «Шығыс Түркістандағы» «Мәскеу мүддесі» дегеніміз, бұл өлке сөз жүзінде қытайдыкі, іс жүзінде Мәскеудікі дегеннен басқа ештеңе де емес. Шығыс Түркістанның тәуелсіздігін Кеңес Одағы ешқашан көргісі келген жоқ және көргісі де келмейді, - деп жазған болатын.

1935 жылы ГПУ-дің үлгісімен саяси милиция ұйымын құрды. Ресейден жіберген мамандар арқылы қытайлықтарға кінәсіз адамдарды қалай қылмыскер етіп жазалаудың тәсілдерін үйретті. Бұдан кейін орыстардың қуыршағы генерал Шын Шысай 1937 жылдан бастап 300,000-нан астам түркі тұтқынға алды. Қожа Нияз қажы, Сәбит Дамолла, Шәріпхан төре бастаған 100.000-нан астам түркі өлтірудің 28 түрлі тәсілін қолданып, шейіт қылды. Тұтқындарды азаттаудың 125 түрлі тәсілін қолданды. Әр ауданда тұтқындарға 500 ер кісілік түрме салдырды. Осы қорқынышты езгінің дауылы 1943 жылға дейін Шығыс Түркістанды қан мен өлімге тұншықтырды [68].

Мемлекеттік Думаның мәні мен мазмұныны түсіну үшін оның саяси өміріндегі қажеттіліктен туындағанын айтуға болады. Ресей Мемлекеттік Думасының өмірге келуі мұқтаждығы өзінен-өзі өсіп жетіліп келе жатты. Ресейде Мемлекеттік Дума дүниеге келген кезде шаруалар елдегі халықтың басым

көпшілігін құрады. Дума өзі өмірге келген сәттен бастап-ақ бұл мәселені өз назарынан тыс қалдыра алмады. Осылайша жаңа демократиялық басқару жүйесімен ескі қоғамдық құрылыс арасындағы тартыстың өзегі болып жер мәселесі тұрды.

I-ші Мемлекеттік Дума сайлауы Қазақстанда 1906 жылдың көктемінде басталды. Сайлау науқанының ең қызған кезі сәуір-маусым айларына тұстас келді. Дала өлкесінде жарияланған әскери жағдайдағы сайлау өткізуге және оған қалың бұқараның қатысуына көп қиындық келтірді. Дала өлкесінде жарияланған әскери жағдайдағы сайлау өткізуге және оған қалың бұқараның қатысуына көп қиындық келтірді.

I-ші Мемлекеттік Думаға Торғай облысынан Ахмет Бірімжан, Уфа губерниясынан Сәлімгерей Жантөре, Орал облысынан Алпысбай Қалменұлы, Астрахан губерниясынан Бақтыгерей Құлман мен Дәуіт Ноян-Тұндұт, Ақмола облысынан Молда Тайынұлы және Семей облысынан Әлихан Бөкейхан сияқты халық қалаулылары депутат болып сайланды. Бірақ I-ші Думаның ғұмыры ұзақ болған жоқ. Демократиялық өзгерістерден қорыққан патша өкіметі 1906 жылдың 8 маусымында оны таратып жіберді.

Жүздеген жыл елді жеке-дара билеп-төстеп үйренген, жұртшылық пікірімен санасып, ел адамдарының ақылын құлағына ілмеген патша ағзам үшін демократиялық өзгерістердің аздаған нышанының өзі төзгісіздей боп көрінді. Дей тұрғанмен ол Думадан мүлде қол үзе алмады. Жаңа Дума сайлауын өткізуге мәжбүр болды [69].

II Мемлекеттік Дума өз жұмысын 1907 жылғы 20 ақпанда бастады. Оның құрамына Ақмола облысынан Ш. Қосшығұлұлы, Торғай облысынан А.Қ. Бірімжан, Семей облысынан Т.Нұркен, Жетісу облысынан М.Тынышбайұлы, Сырдария облысынан Т.Алдабергенұлы, Орал облысынан Б.Қаратай, Астрахан губерниясынан Б.Құлман сияқты қазақтар депутат болып сайланды. 1907 жылғы 3-маусымда II-ші Мемлекеттік Дума да таратылды. Патшаның осы жарлығы бойынша кейінгі Мемлекеттік думаларға қазақ елінен депутаттар сайланбайтын болды.

Ресейдің I-II ші Мемлекеттік Думаларына депутат болған Ә.Бөкейхан, Б.Құлман, А.Бірімжан, Ш.Қосшығұлұлы, А.Қалменұлы, М.Тайынұлы, С.Жантөре, Б.Қаратай, М.Тынышбайұлы, Д.Ноян-Тұндұт, Т.Алдабергенұлы, Т.Нұркен сынды аға буын өкілдерімен бірге қазақ зиялыларының қаншама даңқты есімдерін ел жадынан өшіруге кеңестік идеологияның барынша күш салып баққаны әлеумет қауымға құпия емес. Соның нәтижесінде А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Х.Досмұхамедұлы, М.Шоқай, М.Сералин, М.Жұмабайұлы, Ж.Аймауытұлы, С.Меңдешұлы, С.Қожаұлы, С.Сәдуақасұлы, Ж.Мыңбайұлы басқа да дарынды тұлғалардың есімдері соңғы кезге дейін аталмай келді.

I-ші Мемлекеттік Думаға қазақ елінен депутат болып сайланған 35 жастағы Ахмет Қорғанбекұлы Бірімжанның өмір жолы былай қалыптасты кластық училищені бітіріп, оқуын орынбор гимназиясында жалғастырған ол одан кейін Қазан университетін ойдағыдай тәмамдайды. Университеттің заң факультетін бітірген, адам құқы туралы терең білім алып, оны халқының қажетіне жаратуды ойлап, біраз уақыт Орынбор округінде және Ақтөбе уезінде сот қызметкері болып істейді. Бұл қызметінде ол ұдайы күнбе-күн арыз-шағымдарға байланысты дау



жан-жалды шешудегі, қылмысты істерді қараудағы қалыптасқан жағдайға, іс жүргізу дағдыларына қанығып көп тәжірибе жинақтады. Соры арылмаған ағайындардың азаматтық теңдігі үшін ат салысып қолдан келген көмегін көрсетті.

Ол қазақтың демократ-ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің немересі еді. Ыбырайдың ағартушылық дәстүрін жалғастырушы ол-қазақ мектептерінің қамқоршысы, кезінде заңгерлік білімін алған, университет бітірген маман. Сол тұстағы қазақ зиялыларының көпшілігі жоғары оқу орындарының заң факультетін бітіріп, құқық туралы терең білім алу арқылы жерін, елін заңсыздықтан қорғамақшы болды [70].

Думаға алғашқы сайланғандардың бірі- Шаймерден Қосшығұлұлы. Оны ел-жұрты аса қадір тұтты. Жергілікті халықтың басым көпшілігі бір ауыздан оны депутаттыққа сайланғанымен, комиссияның шешімі бойынша орыс тілін білмейді деген желеумен ол Дума мүшелігіне тіркелмеген. Ел ішінде мейірімділігі мен қайырымдылығы үшін жұрт жақсы көрген, беделі күшті Ш.Қосшығұлұлы іскер де құнтты адам болған. Ол өз күш бірнеше кітап дүңгіршегін ашып, қазақ балаларын оқытқан. Ақмола облысының халқы оны ІІ-ші Мемлекеттік Думаға да сайлады. Бірақ ол екі Дума жұмысына белсенді қатыса алмады [71].

XX ғасырдың басындағы алдыңғы қатарлы қазақ зиялылары өздерінің саяси қызметінде ұлттық, сондай-ақ жалпы адамзаттық құндылықтарды қорғауды басты мақсат деп білді. Олар өз халқына тәуелсіздік және отаршылдық құлдықтан азаттық алу жолындағы күресінде көмектесуге ұмтылды, әрбір адамның және әрбір халықтың жеке бостандығына құқығы мен бүкіл адамзат мәдениетінің жетістіктері мен табыстарына еркін қол жеткізуі сияқты жалпы адамзаттық қазыналар үшін күресті. Қазақ зиялылары 1905 жылдан бастап, осы мақсатта дала өңірінде қызу қызмет жүргізді. Қазақ зиялыларының көшбасшылары халықтың саяси жағынан көзін ашу үшін оның бойында білімге деген құлшынысты ояту, сауатсыздықты жою қажет екенін түсінді.

Қазақ зиялыларының бүкіл қызметі осы мақсатқа арналды деуге болады. Ұлттық «Қазақ», «Қазақстан» газеттерінің, «Айқап», «Сарыарқа», «Абай» журналдары мен басқаларының беттерінде олар тек білім ғана өркениетті дүниеге жол ашады, қазақтардың ұлт ретінде сақталуына көмектеседі деп, қазақ халқын білім алуға шақырды. Тіл мен әдебиетті дамыту ерекше бөліп көрсетілді. Қазақ тілі мен әдебиетінің дамыту проблемалары жөнінде араб графикасы негізіндегі қазақ әліпбиінің тұңғыш талантты реформаторы, «Оқу құралы» (1912), «Тіл құралы» (1914), «Жаңа әліпби» (1928) атты қазақтың тіл ғылымында емес, бүкіл ғылыми түркітану әлемінде де жаңашылдық деп саналған еңбектердің авторы А.Байтұрсынов көптеген мақалалар жазды.

«Қазақ» бетеріндегі еңбектерінде А.Байтұрсынов балаларды мектептер мен медреселерде оқытудың маңыздылығын атап көрсетті. Ол өзінің қазақ және орыс мектептеріндегі оқыту проблемалары туралы ой-пікірлерін баяндай келіп, балаларды міндетті түрде екі жылдық қазақ тілінде оқытуды талап етеді, «бастауыш мектептер миссионерлік саясаттан тыс болуға тиіс» деп санайды. Сонымен бірге ол орысша сауаттылықты да үйрену қажет екенін атап өтеді [72].

Ұзақ жылдар бойы Қазан төңкерісіне дейінгі ұлттық басылымдардың тарихын зерттеуші, олардың мазмұндалған библиографиялық көрсеткішін жасап, мәтіндерін қайта бастыру арқылы бүгінгі оқырманға жеткізуші ғалым

Ү.Суханбердина: «Революциядан бұрын қазақ тілінде 14 газет, бір журнал шыққан. Олар: «Түркістан уалаятының газеті» (1870-1882), «Дала уалаятының газеті» (1888-1902), «Серке» (1907), «Қазақ газеті» (1907), «Қазақстан» (1911-1913), «Ешім даласы» (1913), «Қазақ» (1913-1918), «Айқап» (1911-1915), «Алаш» (1916-1917), «Бірлік туы» (1917), «Сарыарқа» (1917), «Ұран» (1917), «Үш жүз» (1917), «Тіршілік» (1917), - дейді [73].

Жалпы ел тарихында, оның ішінде қазақ баспасөзі тарихында өзіндік орын алған, аталған газет-журналдардың алдыңғы екеуі белгілі мақсатпен шығарылған, ресми газеттерге жатса, қалғандары ғасыр басында сап түзеп, ұлт мүддесі үшін күреске шыққан, халқымыздың аяулы азаматтарының, озық ойлы ұлт зиялыларының саналы іс-әрекеттерінің салдарында дүниеге келген ұлттық бағыттағы саяси басылымдарға жатады. Ұзақ уақыт күш-жігер жұмсап, аянбай еңбектенуінің арқасында М.Сералин 1910 жылы журнал шығуға рұқсат алады [74].

Прогресшіл демократияшыл зиялылардың сан жылдар бойы аңсаған арманы орындалды. 1911 жылы 10 қаңтарда Троицкіде қазақ халқының тарихындағы тұңғыш «Айқап» ұлттық журналының бірінші нөмірі шықты. Кейіннен 1913 жылдың 2 ақпанында Орынбор қаласында шыққан «Қазақ» газетінің де тағдырына жалпыұлттық басылымдар болу жазылған еді. Ұйымдастырушы және баспагер, идеялық басшы және редактор М.Сералин (1872-1929) бұрын педагогтік және журналистік қызметпен айналысқан, сол кезге қарай белгілі ақын, әдебиетші, қоғам қайраткері болған. Кеңестік тарихнаманың дегені жүріп тұрған кезеңде көптеген зерттеушілер идеологияға жағынып, М.Сералинді ХХ ғасыр басында Оңтүстік Оралдың революцияшыл социал-демократтарының шеңберіне кіргізуге тырысты. Мұның бәрі «Айқап» журналын кеңес өкіметі контрреволюциялық ұлтшыл деп айыптаған «Қазақ» газетіне қарсы қою мақсатымен жасалған еді.

М.Сералиннің өз айтуына қарағанда, журнал «еңбекші таптың органы болған жоқ. Халықтық болған ол белгілі бір таптық, саяси және экономикалық бағдар ұстанбады». «Оренбургский край» газетінің журналды «Жергілікті халықтық басылым» деп атағаны кездейсоқ емес. М.Сералиннің сіңірген еңбегін атап өте келіп, зерттеушілер ол «Қазақстанда демократиялық бағыттағы ұлттық журнал шығаруды бірінші болып қойды. «Айқап» журналы білім әлеміне ашылған бір терезе болды» деп атап көрсетеді [75].

М.Дулатов «Оян қазақ» деп қазаққа дабыл қаққан кейін М.Сералин демократияшыл зиялыларды, либерал ниеттегі студент жастарды іс жүзінде топтасырып, олардың назары мен жігерін жалпы ұлттық проблемаларды шешуге шоғырландыра білген. «Айқап» патша өкіметінің реакциясынан кейін қазақ қоғамын оятты, «Қазақ» газеті оның жақсы дәстүрлерін жалғастырып жаңа биікке көтерілді. М.Сералинмен қатар, Б.Қаратаев, Ж.Сейдалин, С.Торайғыров журналдың рухани жетекшілеріне айналды. «Айқап» төңірегіне әртекті қазақ демократияшыл зиялыларының, талантты студент жастардың өкілдері топтасты.

Журналға А.Ғалымов, М.Жолдыбаев, Т.Жомартбаев, М.Кашимов, Қ.Кемеңгеров, М.Ж. Көпеев, А.Мұсағалиев Б.Сыртанов, С.Лапин, Н.Манаев және басқалар белсене қатысып тұрды. Журнал беделінің өсуіне бастапқы кезеңде оның жұмысына А.Байтұрсынов, М.Дулатовтың қатысуы себепші болды. Дала өлкесінің дтияшыл қалың жұртшылығы кейіннен қазақ мәдениетінің, әдебиетінің аса көрнекті қайраткерлеріне айналған дарынды тұлғалар: С.Сейфуллин,

Ш.Құдайбердиев, Б.Майлин, С.Дөнентаев, С.Торайғыров, М.Жұмабаевтардың шығармашылығымен танысуға мүмкіндік алады [76].

Сонымен қатар, зерттеу нәтижесі «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің басты айырмашылығы, тарихнамада ұзақ жылдар бойы ойы айтылып келгендей, олардың мақсат-мүдделерінің, идеялық бағыттарының өзгешілігінде емес, басылымдарды қаржыландыру жолдарының екі түрлі негізде құрылуында болғандығын көрсетеді. Қазақ газеті апталық басылым болып шықты. 1913 жылдың ақпанынан - 1918 жылдың қаңтарына дейін 3000 дана таралыммен 265 нөмірі жарық көрді [77].

«Қазақ» газеті –сахара халқының тарихындағы ұлттық-демократиялық төл мерзімді баспасөзі еді. «Қазақ» газетін шығарушылар халқымыздың ұлттық тұтастығын сақтап, Ресей империясының отаршылдық саясатының салдарынан жойылып кеткен дәстүрлі мемлекеттігімізді қайта қалыптастыруға ат салысты. Газет бетінде халықты патша әкімшілігінің отарлау саясатының қыр-сырына түсіндірі, езгіден құтылудың әдіс тәсілдеріне кеңес береді.

Империя қол астына қараған қазақ халқының 1907 жылғы 3 маусымдағы заңы бойынша Мемлекеттік Думаға сайлану құқынан айырылғандығын жою үшін Әлихан Бөкейхан барын салып әрекет етті. Оның табандылығымен жүргізілген жұмыстың нәтижесінде 1916 жылы ІУ-ші Думада мұсылман фракциясының Бюросы ұйымдастырылып, құрамына қазақ халқының өкілі ретінде өзі енді. Одан кейін Бюро мүшелігіне Санкт-Петербург университетінің заң факультетін бітірген 24 жастағы Мұстафа Шоқай қабылданды. Сөйтіп, қазақтарды сайлау құқы мен Ресей парламентіндегі орнынан айырған 3-маусымдағы заң жарияланғаннан кейін конституциялық жолмен өз мүддесін қорғау үшін күресуге нақты мүмкіндік туды [78].

Ғасыр басында көтерілген осы мәселе бүгінгі таңда да осы маңыздылығын жойған жоқ. Уфа губерниясынан сайланған қазақ С.Жантөре көп мәселеде қазақ жерінен келген депутаттармен пікірлес, бір көзқараста болды. Оларға Қазақстандағы аграрлық мәселеде қазақ емес депутаттар арсынан бұған Ш.Сыртланов, Т.Седельников, В.Недоносков, Н.Бородин және тағы басқалары белсенді қолдау көрсетті. Бұлардың екеуі казктар қауымының өкілдері еді. Аграрлық жағдайға байланысты Т.Седельниковтың көзқарасында айтылған. Т.Седельников өлкедегі аграрлық жағдай жөнінде мейлінше мақсатты да дәйекті пікір білдіруге тырысты. Ол өзі жазғандай жеті жыл бойы Қазақстандағы аграрлық мәселе жағдайларымен жан-жақты және мұқият таныс болуына мүмкіндік берді [79].

Сонымен 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы кезіндегі Қазақстандағы оқиғалар, әсіресе жұмысшылардың, шаруалардың және зиялылардың бой көрсетулері, ұлт-азаттық қозғалыс және тағы басқа олардың әлсіздігіне және бытыраңқылығына қарамастан жергілікті еңбекшілер үшін үлкен саяси мектеп болды, бұл тәжірибені олар ұлттық және әлеуметтік азаттық жолындағы, демократия прогресс жолындағы бұдан кейінгі күресінде де пайдаланды.

Бірінші дүниежүзілік соғыс Ресей империясындағы жағдайды барынша шиеленістіріп, елді орасан зор саяси-экономикалық, әлеуметтік қиындықтарға душар етті. Ресейдің шет аймақтарындағы бұғаудағы бодан елдердің азық-түлік

қоры майдан мүддесіне жұмылдырылды. қазақтарды жалпыға бірдей әскери міндетін өтеуден босату жарылқағандықтан емес, оның әртүрлі себептері де бар еді. Ресейдің соғыс министрлігі патшаға бұртана халықты әскерқатарына шақыру өте қауіпті деп әлденеше рет атап көрсеткен еді. Өйткені патша өкіметі бұратаналарға қару беруден қатты қорықты [80].

Патша өкіметі дүниежүзілік соғыстың алғашқы кезеңінде «бұратаналарды» әскерге шақырудың орнына салықпен ауыстыру тиімді әрі қолайлы деп санады. Алайда жағдай барған сайын шиеленісіп, Мемлекеттік Дума мен Мемлекеттік Кеңес мүшелері 1915 жылы қайтадан «бұратаналарды» әскерге алудың шұғыл қажеттігі жөнінде мәселе көтерді.

Майдан шебіндегі қара жұмыстың мойны босаған қазақ жігіттерінің аман-есен елге оралуларына қолдарынан келген көмектерін аямай, жол көрсеткен, І-ші Мемлекеттік Дума мүшесі Әлихан Бөкейханов бастаған қазақ оқығандары еді. Күллі қазақ-қырғызға көмек беріп, материалдық жағын көмек берді. Осының бәрінде ұлт зиялылары көш басында жүрді. Мұнан біз халықтың қалауымен Ресей Думасына депутат болған қазақ зиялыларының қам-қарекетіне зор адамгершілік пен ұлтына ақ – адал еңбек еткенін, саналы ғұмырын ел-жұртының азаттығы мен тәуелсіздігі жолындағы күрескенін көруімізге болады.

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ АҒАРТУШЫЛАРЫ



**Абай (Ибраһим)  
Құнанбаев  
(1845-1904)**

Қазақтың ұлы ақыны, ойшыл, философ, композитор, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы классигі. Семейдегі Ахмет Риза медресесінде араб, парсы әдебиетімен және Орта Азия әдебиеті классиктерінің таңдаулы шығармаларымен кең танысады. Шығыс поэзиясына еліктеп өлеңдер және «Масғұт», «Ескендір» поэмаларын жазады. Абай қазақ өлеңінің тақырып шеңберін кеңейтіп, шыншылдық, оның тақырыбына философиялық, эстетикалық нәрлілік пен тереңдік сипаттарын сіңірді.

Поэзияның жанрлық баюына оның «Сегіз аяқ», «Көзімнің қарасы», «Сұрғылт тұман» өлеңдері ұйтқы болды. Абайдың көзі тірісінде бірлі-жарым өлеңдері жарық көрді. 1909 жылы Петербургте «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңдері» таңдамалы шығармалары араб әрпімен жеке кітапша болып басылды. Абай есімін барша әлемге танытқан М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы жазылды.

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ АҒАРТУШЫЛАРЫ



**Ыбырай (Ибрагим)  
Алтынсарин  
(1841-1889)**

Белгілі қоғам қайраткері, педагог, ақын әрі жазушы. Ыбырай өзінің қоғамдық және әдеби қызметінде ағартушылық идеяларын жетекке алды. Әуелде орыс-қазақ мектептерінде оқытушы болған. Торғай облыстық халық училищелеренің инспекторы қызметін атқарған ол қазақ даласында дүниауи (светский) білім беретін оқу орындарын ашу. Сөйтіп жас ұрпақты жаңаша оқыту жолында күресті. Еуропалық үлгідегі сабақ орыс және қазақ тілдерінде жүретін бұл мектептерде, оқуға ұлдармен қатар қыздар да тартылды.

Алтынсарин өз қарауындағы мектептерде оқудың бағыты діни емес, дүниауи бағытта жүруіне, ал шәкірттердің патша әкімшілігі мен жергілікті феодалдар мүддесіне емес, қалың бұқара мүддесіне қызмет ететін азаматтар болып шығуына күш салды. Бұл ретте ол қазақ шәкірттерін орыс тілін жетік білуге, сол арқылы орыс әдебиеті мен мәдениетін игеруге, еуропаның алдыңғы қатарлы ғылым-біліміне қануға шақырды.

Ыбырайдың әдеби мұрасы орыс графикасы негізінде қазақ тілінде басылған «Қазақ христоматиясында» жинақталған. Ағартушы-педагог, дүниедегі ең үлкен байлық-білім байлығы деп санайды.

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ АҒАРТУШЫЛАРЫ



**Шоқан  
(Мұхаммедханафия)  
Уәлиханов  
(1835-1865)**

Абылай ханның шөбересі. Омбы кадет корпусын бітірген офицер, әрі саяхатшы. Шоқан орыстың ұлы жазушысы Ф.М. Достоевскиймен жан жолдас болған. Өз заманындағы орыс қауымына Шығыс Түркістан өлкесін, Ыстықкөл алабын зерттеп, география ғылымына үлкен үлес қосқан, ол қазақ халқының рухани мәдениетінің дарынды өкілі.

Шоқан қазақ қаһармандық эпосының туындысы «Едіге» жырын, қырғыз эпосы «Манастың» таңдаулы тарауларын қағазға түсірумен айналысқан ғалым. Ол қазақ, қырғыз халықтарының тарихына, этнографиясына, әдебиеті мен мәдениетіне қатысты көптеген зертеу еңбектерін жазды.

Ф.М.Достоевский бір хатында Шоқанға: "Сіз өз қауымыңыздың ортасынан шыққан, Еуропаша білім алған тұңғыш адамсыз. Бұл сізге ерекше міндет жүктейді"- деп жазды.

Шынында, Шоқан бүкіл Түркістан аймағынан шыққан жаңа типтегі тұңғыш ғалым, жаңаның бастаушысы болды. Оның артында қалған ғылыми-тарихи-әдеби мұра көлемі бес том.

# Репрессия (зобалан)

## өз халқына қарсы жасалған ірі көлемдегі қылмыс

1927-1953 жылдардың аралығында (Сталин 5 наурыз 1953 жылы қайтыс болды) Советтер одағы бойынша репрессияға ұшырағандардың жалпы саны 40 миллион адам болды. 3 770 мың адам «халық жауы» деп айыпталып, оның ішінде 642 980 адам өлім жазасына кесілді.

Қазақстан бойынша репрессияға ұшырағандар – 103 мың адам, одан атылғандары 25 мың.

Қазақстан зиялы қауымы үш рет репрессияға ұшырады:

### Бірінші рет (1929-1931 жылдар)

	Ұсталды	Атылды
Мағжан Жұмабаев	1929 ж.	1938 ж.
Жүсіпбек Аймауытов	1929 ж.	1931 ж.
Ахмет Байтұрсынов	1929 ж.	1937 ж.
Мыржақып Дулатов	1928 ж.	1935 ж.
Шәкәрім Құдайбердиев		1932 ж.
Үкілі Ыбырай		1932 ж.



### Екінші рет (1937-1938 жылдары атылғандар)

- |                 |                   |
|-----------------|-------------------|
| 1. С.Сейфулин   | 8. А.Асылбеков    |
| 2. І.Жансүгіров | 9. М.Мырзағалиев  |
| 3. Б.Майлин     | 10. С.Меңдешов    |
| 4. С.Қожанов    | 11. О.Жандосов    |
| 5. М.Тұнғаншин  | 12. Д. Садуақасов |
| 6. Ә.Байділдин  | 13. Ы.Құрамысов   |
| 7. Т.Рысқұлов   | 14. Ә.Досов, т.б. |

### Үшінші рет (1946-1950 жылдары)

Қуғын сүргінге ұшырағандар.

1. М.Әуезов
2. Қ.Сәтпаев
3. А.Жұбанов
4. Е.Бекмаханов, т.б.

*Мағдырдың теңінен,  
тозақтың өзінен.  
Анан-сау қалыпңыз,  
анан-сау қалыпңыз*





Əlixan НУРМУХАМЕДУЛЫ БӨКЕЙХАН

(1870-1937) – көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ғұлама ғалым, ұлт-азаттық қозғалысының теориялық негізін салушы әрі көсемі, қазақтың тұңғыш саяси партиясын ұйымдастырушы және Алашорда үкіметінің төрағасы. Əlixan Бөкейханның саяси көзқарасының пісіп жетілуіне, кейін белгілі саяси, қоғам, мемлекет қайраткері әрі ұзақ ұлт-азаттық қозғалысының ұйымдастырушысы және көсемі ретінде танылуына, саяси күрескер ретінде шындалуына Омбыдағы күндері ерекше ықпал етті. Ə.Бөкейхан бүкіл мағыналы өмірін халқының азаттық алып, еркін ел болуына арнаған аяулы азаматтың соңғы демі біткенше сол мақсат жолында жасаған қызметі сан-қилы. Ол - Ресей жергілікті және қалалық қоғам қайраткерлері съезінің делегаты, Ресейдің I Мемлекеттік Думасының және мұсылман халықтары съезінің депутаты, ғұлама ғалым,

тарихшы этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы әрі публицист ретінде қазақ халқының саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани тарихында өшпестей із қалдырған ұлы тұлға.



Бақытжан БЕЙСАЛЫҰЛЫ ҚАРАТАЙ

(1860-1934) – қазақ юрисі. Санкт-Петербург университетінің заң факультетін бітірген(1890). 1905-1907 жылдарда сот тергеушісі, адвокат болып қызмет істеді. 1905-1914 жылдары кадет партиясының мүшесі. 1907 жылы Орал облысынан II Мемлекеттік Думаға депутат болып сайланды. Думада мұсылман фракциясына енді. 1919 жылы мамыр- шілде айларында қазақ атты әскер бригадасы саяси бөлімінің бастығы, 1919 жылдың 26 шілдесінде РСФСР Халкомсовының шешімімен Қырғыз (қазақ) ревкомының мүшесі болып тағайындалады. 1921-1924 жылдары Ақтөбе губколлегиясының мүшесі, кейінгі жылдарда Қаз ССР Мемлекеттік мұрағатының қызметкері қызметін атқарады. ҚАССР Советтерінің 1-2 съездерінің делегаты болып сайланады. Уставтық талаптарды бұрмалағаны үшін РК(б) II Ақтөбе қалалық комитеті 1926 жылы оны партия қатарынан шығарады. Халық ұмытпайтын соңғы

бір ерлігі 1932 жылғы жазда Қазақстанның «жарты патшасы» Филипп Голощекинді ашаршылық қырғынын жасаған қылмысты саясатын бетіне басып, Ақтөбе вокзалы алаңындағы дүйім жұрт көзінше айыптағаны...  
Бақытжан Қаратаев- қазақ тарихындағы ірі тұлғалардың бірі.



Мухамеджан ТЫНЫШБАЙҰЛЫ

**(1879-1937)**- қоғам қайраткері, қазақтың тұңғыш теміржол инженері, тарихшы ғалым, ІІ Мемлекеттік Думаның депутаты, Қоқан автономиясының басшысы, Алашорда үкіметінің мүшесі. Алаштың арысы Әлихан Бөкейхановтың төңірегіне топтасқан ұлттық-демократиялық интеллигенция өкілдерімен бірге М.Тынышпаев та жалпы ұлттық «Алаш» партиясын құруға тікелей араласып, 1917 жылғы желтоқсан айында жарияланған Алаш автономиясы үкіметінің он бес мүшесінің бірі болады, «Алаш автономиясы аумағындағы уақытша жер пайдалану пайдалану туралы Ереженің» жобасын қабылдауға қатысады. Халыққа азаттық әпермек болған істерінен нәтиже шықпай, кеше өзі қарсы болған қызылдарға қызмет етуге мәжбүр болған ол енді бар күшін халықтың тарихи санасын қалыптастыруға жұмсап,

ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысады. Қазақ халқының арғы-бергі тарихына қалам тартып, бүгінгі күндері де маңызын жоймаған зерттеу еңбектерін жариялайды, қазақ шежіресін түзеді.



Мұстафа ШОҚАЙ

**(1886-1941)** – отаршылдықтың озбыр саясатына қарсы жүргізілген қоғамдық қозғалыс көсемдерінің бірі, Түркістан халықтары арасында тарихта тұңғыш рет демократиялық Еуропаның ортасында түркістандық саяси эмиграциялық қызметтің негізін қалаушы. 1917 жылдың 16-21 сәуір аралығында Ташкентте өткен Түркістан өлкесі мұсылмандарының 1-съезіне қатысып, оның төралқасына мүше болып сайланды. «Бірлік туы» газетінің негізін қалап, оның алғашқы редакторы болады. Түркістан өлкесі жергілікті халқының мүддесін қорғауды мақсат еткен қоғамдық-саяси ұйымдарының қызметін үйлестіру үшін құрылған «Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесіне» төрағалық етті. Бірінші жалпы қазақ съезіне қатысты.

М.Шоқай қайда және қандай ауыр жағдайда жүрсе де бүкіл мұсылман халықтарының қамқоршысы болуға тырысты. Түркі- мұсылман халықтарын «Батыс Түркістан», «Шығыс Түркістан» немесе «Орыс Түркістаны», «Қытай Түркістаны» деп бөле қарауға қарсылық танытты.

«Тұтас Түркістан» идеясын, түркі халықтарының бірлікте болуын насихаттады. Ұлттық езгідегі түркі-мұсылман халықтарының азаттыққа қол жеткізуі мен өзіндік құндылықтарын сақтап қалуы олардың өзара ынтымақтастығы мен бірлігіне байланысты екендігін дәріптеді. Мұстафа Шоқай Түркістандағы кеңестік биліктің отаршылдық сипатын алғаш таныған және онымен күресуге бүкіл ғұмырын арнаған, түркі халықтары тарихында жана интеллектуалды көкжиекке көтерілген қайраткер болды.

## Қорытынды

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы алдыңғы қатарлы қазақ зиялылары өздерінің саяси қызметінде ұлттық, сондай-ақ жалпы адамзаттық құндылықтарды қорғауды басты мақсат деп білді. Олар өз халқына тәуелсіздік және отаршылдық құлдықтан азаттық алу жолындағы күресінде көмектесуге ұмтылды, әрбір адамның және әрбір халықтың жеке өз бостандығына құқығы мен бүкіл адамзат мәдениетінің жетістіктері мен табыстарына еркін қол жеткізуі сияқты жалпы адамзаттық қазыналар үшін күресті. Қазақ зиялыларының көшбасшылары халықтың саяси жағынан көзін ашу үшін оның бойында білімге деген құлшынысты ояту, сауатсыздықты жою қажет екенін түсінді.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін нығайту үшін саналы жастарды білім мен біліктілікке ұлт теңдігі мен туысқандық рухында тәрбиелеу міндеті тұрады. Осынау күрделі де, тәрбие мен оқытудағы жауапкершілігі зор істегі қадамымыз Шоқан, Ыбырай, Абай мұраларына ден қойып зерттеуден басталады. Шоқан тағылымы біздерге, ұлттық тарихи сана мен ойдың жетілуіне, кешегі өткенімізге жаңаша көзқарастың қалыптасуына жол ашты. XX ғасырда бас көтерген, ұлттық үнімен тарих сахнасында көрінген, ойшыл Міржақып Дулатовтың үні айбынды «Оян қазақ» үні Шоқан ой-толғамдарымен үндесіп, жалғасқанын айтуға болады.

Соның ішінде Шоқан Шыңғысұлының бізге жеткен мұраларында қазақ халқы және басқа ортаазиялық халықтар өмірінің ең жанды мәселелері қамтылды. Ол қазақ жеріне иелік, өктемдік және заңсыздық әкелген империялық саясатты ашық және батыл сынады. Ол жергілікті биліктің халықты ауыр езгі мен қыспақ жағдайына душар екенін айтты. Шоқан Шыңғысұлы өз жұртының тұрмыс жағдайына душар екенін айта отырып, өз жұртының тұрмыс жағдайына ерекше көңіл бөлді.

Шоқан қазақ халқының ауыр тауқыметін жеңілдету жолын іздеп, ойластырды. Алаштың көрнекті жетекшілерінің қайраткерлік іс-әрекеттері қоғамдық өмірдің әр саласында олардың әрқайсысына тән ерекшеліктерімен тарихта хатталып қалды. Әлихан Бөкейханның саясаткерлігі, саясат жүргізудегі «батысшылдығы» ерекше көзге түсті, Ахмет Байтұрсыновқа ең әуелі ағартушылық-ғылымдық пен саяси қимылда байсалдылық және ұстамдылық тән болды.

XX ғасырдың басында күрделі тарихи оқиғаларға белсене қатысқан Мұстафа Шоқай сияқты тұлғаның қайраткерлігіне және еңбегіне әділетті баға беру ұлттық тарихымыз үшін ғана емес, бүкіл түркі халықтарының тарихы үшін де қажет. Мұстафа Шоқай- бүкіл саналы ғұмырын қазақ халқының, жалпы түркі халықтарының бостандығы мен тәуелсіздігіне арнаған тұңғыш эмигрант күрескер, саяси қайраткер. Аса көрнекті саясаткер Мұстафаның ұстанған жолы – халыққа тәуелсіздікті қантөгіс арқылы емес, керісінше, дүниежүзіндегі демократиялық күштерді араластыру арқылы бейбіт жолмен алу болды. Ол үшін халықтың сана-сезімін ояту қажет еді. Жаяудың шаңы, жалғыздың үні шықпайтынын жете түсінген Мұстафа кеңес үкіметінің қол астындағы мұсылмандар қауымының да жеке-дара күресі арқылы тәуелсіздік ала алмайтынын анық болжай білді. Ұлы күрескер бүкіл түркі тектес ісі мұсылман қауымын түгел көтеруді мұрат тұтты.

Мұстафа Шоқайұлы өз заманында Түркістанда орнаған кеңестік биліктің отаршыл сипатын қатесіз, тани білген және онымен ымырасыз күреске ғұмырын арнаған, сондай-ақ, бұл күреске бұрын Түркістан халықтары тарихында болмаған жаңа мазмұн беріп, оны өзінің қажырлы еңбегімен және интеллектуалдық көкжиекке көтерген ұлы қайраткер екендігін дәлелдеген тұлға. Оның өмір жолы ортақ Отан – Түркістан үшін от кешкен айтулы азаматтың жолы болып табылады.

Халел Досмұхамедов пен Мұхамеджан Тынышпаевтардың қоғамдық қайраткерлер ретінде нақтылы іс-әрекеттің адамдары еді. Олар халықты оятудың және оның ұлттық санасын жебеп, жігерлендірудің аса көрнекті шеберлері болды. Осындай әр қырынан танылған, білімді де, талантты қайраткерлер басқарған Алашорда азамат соғысы жылдарында Кеңес өкіметіне жау күштермен одақтас болды. Нәтижесінде Азамат соғысында жеңіске жеткен Кеңес өкіметі Алаш пен Алашорданы Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінен аластауда алдау мен арбау әдісінде, қару жұмсап күштеу жолын да қолданды.

Кезінде, 1919-1920 жылдары Кеңес өкіметі Алаш қозғалысына қатысқандардың барлығына кешірім жасағанына қарамастан, азамат соғысынан кейінгі 7-8 жылда Қазақстан ғылымының, оқу-ағарту ісінің, әдебиеті мен өнерінің, халық шаруашылығының дамуына қомақты үлес қосқан ұлттық-демократиялық интеллигенция өкілдері, ең алдымен Алаш пен Алашордаға жетекшілік жасаған қайраткерлер, түгелге дерлік жалған жаламен «халық жауы» аталып, сталиндік әкімшіл-әміршіл жүйенің құрбандары болды.

Танымал тарихшы ғалым М.Қойгелдиев: «Алаш партиясы мен «Алашорда үкіметі» бағдарламасы белгілі дәрежеде қазақ жұртына большевиктер ұсынған кеңестік даму жолымен бір мезгілде дүниеге келген альтернативтік өркендеу жолы болатын. Сол тарихи кезеңде қазақ қоғамына терең дағдарыстан өркендетті жолға шығу үшін, тарихи тәжірибе көрсетіп бергендей, большевиктер ұсынған жолдан алаштық интеллигенция ұсынған жол анағұрлым тиімді және азабы кем еді.

Өйткені Алаштық интеллигенция альтернативтік жол қазақ елінің сан ғасырлық даму тәжірибесін, салт-дәстүрін революциялық әдіспен күрт өзгертуді емес, қайта оларды эволюциялық жолмен, басқа өркендетті елдердің өмір тәжірибесін ескере отырып, одан әрі жетілдіре түсуді көздедеді. Ең негізгісі, бұл жол қазақ еліне өзін-өзі билеуге, сөйтіп өзінің ішкі қоғамдық мәселелерін өзі шешуге, өз атамекеніне өзі ие болуға мүмкіндік беретін жол еді»-деп көрсетеді.

Қорыта айтсақ, Алаш зиялыларының идеялары сан ғасырдан тәуелсіздікті аңсап келген ата-бабаларымыздың арманымен астасып жатыр. Өз халқын оятуда зор рөл атқарған қазақ зиялыларының тамаша шоқ жұлдызы ХХ ғасырдың басына қарай жаңа буын қалыптасты. Олар өз халқын отаршылдық бұғауынан азат, өркендетті, дербес және тәуелсіз жағдайды көруді армандады. Қазақ зиялыларының ғылыми мақалалары, сөйлеген сөздері арқылы өркендеттегі елдердегі ғылым жетістіктерін насихаттауға, қоғамды түбірінен өзгерте алатын күдіретті күшін дәлелдеуге ұмтылды. Мұның бәрі – Қазақстанның жаңа тарихындағы қазақ мемлекеттілігінің негізін қалаған Алашорда үкіметінің (13 желтоқсан 1917 жыл- 4 қараша 1918 жылы) аз уақыт өмір сүрсе де, ұлттық саяси тәуелсіздік жолындағы өшпес ізін айғақтайды. 1917 жылы 2-ші жалпы қазақ съезінде Алаш автономиясы жариялаған 13-ші желтоқсан- қазақ тарихындағы өшпес даталы күн болып есептелінді.

Ал 13 желтоқсан – Алаш автономиясына ірге тас салды. Шашыраған ұлтшылдықты біріктіріп, ұлт күресіне үлгі берді. Жалған ұлтшылдардың өрісін тарылтты. Ендеше, бұл күнді құрметпен атап өту, сол арқылы бүгінгі ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыру-баршамызға зор міндеттер жүктейтіндігін естен шығармағанымыз жөн. Тәуелсіздіктің қадірін білетін халық үшін өткен тарихын таразылау, ұлы күрес жолындағы арда туған ұл-қызын ұлықтау – азаматтық парыз. Ендеше, Алашорданың бой көтеріп, елін азат ел етіп, қазақты тәуелсіздікке талпындырған бұл күні де біз үшін ерекше күн, құрметпен қабылдайтын мереке. «Қолымыздан келеді деп деп тәуекелге бел байлаған соң, сол жолда иә өлу керек, иә көздеген мақсатқа жету керек»- деп алаш қайраткерлері де елінің азат күн кешуін арман еткен еді.

Бейқам жұртты Ахмет Байтұрсынов «Маса» болып оятуға тырысса, Міржақып Дулатов: «Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты, өткізбей қараңғыда бекер жасты. Жер кетті, дін нашарлап, хал харам боп, Қазағым, енді жату жарамасты-ты», - деп қамшылаған еді. Міне, осындай жанқиярлық күрестер арқылы жеткен тәуелсіздіктің қадірін халық жақсы біледі. Сол себепті де, арман бір ұлы күрестің нәтижесіндей болған Тәуелсіздік мейрамын даңғаза дақпыртын думандатқаннан гөрі, салмақпен саралағанды жөн санайды. Халқының азаттығы, елінің еркіндігі жолында жанын қиған талай боздақтар ерлігін ұлы сөзге ұйыттын жасқа өнеге қылысады. Яғни, желтоқсанда қазақтың ұл-қызының өршіл, намысшыл рухы асқақтады. Желтоқсанда қазақ азат елге айналды. Алашорда күнінен бастау алатын әрбір даталы күннің ұрпақ үшін ұлағаты бар. Тарихшы-ғалымдар қазақ үшін «алаш» ұғымының айрықша екенін айтады.

XX ғасырдың басындағы бодандық бұғауынан бұлқынған қайраткерлер тағылымы XXI ғасырдағы азат елдің жастарына өнеге. Ендеше, «Алаш туы астында күн сөнгенше сөнбейміз. Енді Алашты ешкімнің қорлығына бермейміз. Өлер жерден кеттік біз, жасайды алаш өлмейміз» - деген Сұлтанмахмұт данамыздың жалынын елін, жерін, ұлтын, дінін, ділін, тілін сүйген әрбір өршіл азаматтың бойынан көргіміз келетіні ақиқат.

**Мен – қазақпын, биікпін, байтақ елмін,**

**Қайта тудым, өмірге қайта келдім.**

**Мен мың да бір тірілдім мәңгі өлмеске,**

**Айта бергім келеді, айта бергім,-** деп Жұбан Молдағалиев жырлағандай, біз мәңгі өлмейтін ұлы халықтың ұрпағымыз.

Шығыс пен Батыстың құндылықтарын қатар игерген Абай ақын қазақ даласында жаңа тұрпатты зиялылар шоғырын оятты. Бүкіл ғұмырларын күреспен өткізген арыстармыздың қолы жетпеген тәуелсіздікке бүгінгі күні біз қолымызды жеткізіп отырмыз. Сондықтан да Алаш зиялылығының қоғамдық-саяси, құқықтық ой-пікірді дамытуға қосқан үлестері, ұлт болашағы үшін әр бағытта атқарған ерлік істері мәңгілік халық жадында сақталады.

16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні мерекесі. Халқымызға ғасырлар бойғы арман болған тәуелсіздік, егемендік ұстанымдарын биікке көтеретін бұл күн - біздің Отанымыздың әрбір азаматы үшін қастерлі мереке.

Тәуелсіздік - біздің бабаларымыз ғасырлар бойы аңсап, біздің ұрпақ жүзеге асырған қазақстандықтар үшін ең қасиетті құндылық. Қазақ халқы сан ғасырлар

бойы өзінің егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күресіп келді. Өзінің ең жақсы қасиеттерінің: қатер төнген сәтте бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілік, келісім мен тату көршілік жағдайында тұруға деген ынты-ықыласының арқасында ол тарих тасқынының астында қалып қоймай, өзінің мемлекеттігін қалпына келтіре алды.

Тәуелсіздігімізді жариялағаннан бергі мезгіл ішінде көптеген елеулі табыстарға қол жеткізді. Бұл Президентіміздің жүргізіп отырған парасатты көреген саясатының нәтижесі – Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігінің, көп ұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығының арқасында болып отыр. Еліміздің тәуелсіздігі мен мемлекеттілігінің орныға түсуі, ұлттық қауіпсіздігі, экономикамыздың жедел қарқынмен дами беруі, Қазақстан халықтарының өз болашақтарына деген берік сенімі, қазіргі замандағы өркениетті қауымдастық ортасында іргелі елге айналуы – стратегиялық негізгі бағыттарды құрайды.

Ата заңымыздың қабылдануы, мемлекеттік рәміздеріміз – елтаңба, туымыз бен әнұранымыздың бекітілуі, ұлттық валюта теңгенің енгізілуі - Қазақстан мемлекеттілігі қалыптасуының аса маңызды кезендері болды.

Сан ғасырлық тарихымызда мақтан тұтар, бүгінгіміз бен келешегіміз үшін ғибрат алар оқиғалар мен Отан алдындағы адал қызметінен үлгі алар ұлы тұлғалар аз болмаған. Олардың қатарына: қазақтың ұлт болып ұйысуы мен оның ұлан ғайыр ата-қонысының (этникалық территориясын) қалыптасуын; ұлттық мемлекеттігіміз – қазақ хандығының құрылуы мен дамуын; отырған тағы емес, билеп отырған халқының бағын ойлаған хандар мен оларға ел мен мемлекет тұрғысынан ақыл-кеңес берген ұлы билер дәстүрлерін; ата-бабаларымыздың халқымызға тән шаруашылық жүргізу жүйесін қалыптастыруын, таңғажайып этномәдени үлгілерін жасау арқылы әлемдік өркениетке қосқан үлесін, батырларымыздың ел тәуелсіздігі мен ата-қоныс тұтастығын сыртқы жаулардан қорғаған үлгісін жатқызуға болады. Қазақ зиялылығының алдында тәуелсіздік үшін күресу мақсаты тұрған болса, біздің алдымызда оны нығайта түсу міндеті тұр.

Қаншама ғасырлар бойы күткен, сол жолда қаншама зұлматтарды, қасірет пен қайғыны басынан кешірген, ең өкініштісі сол, тәуелсіздік жолында құрбан болған боздақтар қаншама. Демек сол тәуелсіздік жолында күреске шыққан, саяси партия құрған, алаш ұранды әдебиетті дүниеге әкелген, ең бастысы, ұлттық ояну мен ұлы мұраттарға толы тәуелсіздікті ту етіп, халық көсемдері бола білген аяулы азаматтарды үнемі есте сақтап отыру, рухани дүниеміздің төрінде ұстау бүгінгі азаттық арманына қолы жеткен бақытты ұрпақтың басты парызы болуға тиісті.

Тұңғыш Президентіміз, халықтың Көшбастаушысы Н.Ә.Назарбаев әрқашан осыны мегзеп, көрсетіп отырады. Елбасының осы алаштық ұландарға қатысты айтылған ғибратты пікірінің түйіні төмендегідей: «Алаштың асыл аманаты бізді ауызбірлігімізді күшейтуге шақырады. ...«Бірінді, қазақ, бірін дос, көрмесең істің бәрі бос», дегенде Абай атамыздың да айтқаны осы еді».

Президентіміз күні кешегі аласапыран дәуірде азаттықтың айдынына алып шықсақ деп арман еткен, сол жолда өздері құрбан болған аяулы азаматтардың асыл аманатын сақтауға шақырды, ұлы Абайдың өсиетін қағида етіп ұстанған халықтың бірлігі мен ынтымағы, татулығы мен ауызбірлігі мол болатынын

ескертті. Азаттықты армандаған алаштықтарды ұмытпауға шақырған, сол арқылы кешегі тарихты, бүгінгі бірлікті ойлаған Елбасының аманатын бәріміз бір кісідей қағидатқа айналдыруымыз қажет, сонда ғана ұлттың ұлы мұраттары жүзеге асады. Қазақ көшін әлемдік өркениеттің биік шыңына өз жолымен жетелейді. Ендеше әрқашан да әрқайсымыздың «кішкене отбасымыздан басталатын кең-байтақ ұлы Отанымыздың» көк аспанымызбен астасқан көк туымыз әрдайым биіктен желбірей берсін.

## 5. Глоссарий

\***Ваканция** – мекеме, я оқу орындарындағы бос орын.

\***Автономия** – грек сөзі, өзін-өзі басқару, тәуелсіздік. Бір мемлекеттің құрамындағы саяси ұлттық құрылымның айрықша мәртебе алып, өзінің ішкі проблемаларын дербес шешудің кең де, ауқымды мүмкіндіктеріне ие болуы.

\***Медресе** – бастауыш мектептен бір саты жоғары оқу орны. X ғасырға тән, Хорасан мен Мауренахрға кеңінен тараған.

\***Алаш партиясы** – 1-ші жалпы қазақ съезінің шешіміне сәйкес құрылған қазақтың тұңғыш ұлттық-демократиялық партиясы (21-26 шілде, 1917-1920ж.ж.)

\***Алашорда** – Алаш автономиясының үкіметі немесе Ұлт Кеңесі (5-13 желтоқсан, 1917-1920ж.ж.). Алашорданың мүшесі 25 болып, 10 орын қазақ-қырғыз арасындағы басқа халықтарға қалдырылады. Орталығы алғашқыда Орынбор, кейіннен Семей қаласы болды.

\***Жәдишілдік** – арабша «жаңаша әдіс» деген сөз. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басында Ресей империясында түркі тілдес мұсылман халықтары арасында өріс алған қоғамдық-саяси және мәдени ағартушылық қозғалыс.

\***Перселен ісі** – орыс шаруаларын қазақ жеріне қоныстандыру ісі. Мұндай іс шаралар XIX ғасырдың соңында Ресейде құрылған қоныстандыру мекемесі тарапынан мақсатты түрде жүргізілген.

\***Генерал-губернатор** – патшалық ресейдегі жергілікті жоғарғы әкімшілік лауазым.

\***Ғусмания, Расулия, Мухмадия, Хусния** – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы медресе атаулары.

\***Дала уалаяты** – 1882 жылы құрамына Ақмола, Семей, Жетісу облыстары кірген дала генерал-губернаторлығына байланысты айтылады.

\***Гос Дума** – патшалық Ресейдегі бірден-бір демократиялық және құқықтық, заң қабылдайтын орган. 1906-1917 жылдар аралығында ресейде 4 рет шақырылған.

\***Шорай – Ислам** – 1917 жылы мамыр айында Мәскеуде өткен Бүкілресейлік мұсылман съезінің шешіміне сәйкес құрылған қоғамдық-саяси ұйымды айтады.

\***Алаш милициясы** – халықтық милиция 1917 жылдың 5-13 желтоқсан күндері Орынборда өткен 2-ші жалпы қазақ съезінің шешіміне сәйкес құрылған Алаш автономиясының қарулы жасақтарын айтады.



\***Выборг воззваниясі** – 1-ші Мемлекеттік Дума таратылғаннан соң, оның бірқатар мүшелері патша үкіміне қарсы наразылық актісін қабылдау үшін Финляндияның Выборг қаласына аттанады. Выборг үндеуіне Ә.Бөкейханов қол қойған.

\***Партиялық-** бөлінбеушілік мағынасында

\***Федерация** – азаматтығы бірыңғай, біртұтас ортақ, одақтық мемлекет құратын мемлекеттердің бірігу формасы.

\***Пансион** – жанында жатақханасы бар орта дәрежелі оқу орны

\***Уәжіп** – негіз, дәлел, себеп.

\***Контрибуция** – соғыста жеңілген мемлекеттен ықтиярсыз алынатын алым.

## 6. Сілтемелер тізімі

1. Қазақстан тарихы, 3 том. «Атамұра» баспасы. Алматы, 2002 ж., 527 б.
2. Әдәкімұлы Ә. Қазақстан тарихы, Алматы, 1997 ж., 146 б.
3. Кононов.А.Н. История изучения тюрских языков в России. Л., 1982 г.,стр 292.
4. Өтениязов С.К. Шоқан өскен орта. «Ғылым» Алматы, 1995 ж., 79-81 бб.
5. Қазақстан тарихы, 3 том. «Атамұра» баспасы Алматы, 2002 ж., 532 б.
6. Ақайұлы. Ы. Қазақ ғылымы: кім, не, қайда, қашан?.Алматы 2007 ж., 52-54бб.
7. Өтениязов С.К. Шоқан өскен орта. «Ғылым» Алматы, 1995ж., 83-85 бб.
8. Мусин Ч. Қазақстан тарихы, Алматы, 2003 ж., 172 б.
9. Ивлев Н.П., Масанов Н.Э. Этнограф и публицист XIX века М.С. Бабажанов. Алма-Ата, 1988 г., 16 стр.
10. Мұсабаева А.Н. М.С. Бабажановтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі. Автореферат. Алматы, 1995 ж., 16 б.
11. Қазақстан тарихы, 3 том. «Атамұра» баспасы Алматы, 2002ж., 535-536 бб.
12. Маданов Х. Қазақ мәдениетінің тарихы. Алматы 1998 ж., 219-210 бб.
13. Мусин Ч. Қазақстан тарихы, Алматы, 2003 ж., 173 б.
14. Құдайбердиев Ш. Түрік, қырғыз, қазақ, һәм хандар шежіресі. Алматы, 1993 ж., 23 б.
15. Қазақстан тарихы, 3 том. «Атамұра» баспасы. Алматы, 2002ж., 539-540 бб.
16. Жұмабаев М. Таңдамалы. Аламты. "Ғалым". 1992 ж.
17. Мәдібай Қ. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Алматы-2001ж.,175 б.
18. Мұқанов С. Қазақтың ХУІІІ-ХІХ ғасырдағы әдебиетінің тарихының очерктері. 1 бөлім. Алматы, 1960 ж.
19. Мұқанов С. Қазақтың ХУІІІ-ХІХ ғасырдағы әдебиетінің тарихының очерктері. 1 бөлім. Алматы, 1960ж.
20. Мәдібай Қ. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Алматы 2001ж.,175 б.
21. Божекеев М. XIX ғасырдың екінші жартысы -XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің даму өзгешеліктері. Докторлық диссертация. Қолжазба. Алматы, 1970 ж., 117-131 бб.
22. Алқамса жырлар. Алматы "Жазушы". 1991ж., 106-206 бб.
23. Досмұхамедов Х. "Аламан". Жазушы, 1991ж., 102-147 бб.
24. Джумалиева Л.Т. Мұрат Мөңкеұлының мұралары. (оқу-әдістемелік құрал) Ақтау, 2010 ж., 5-9 бб.
25. Әбжанов Х. Тарих және қазақ зиялысы. Егемен Қазақстан. 2002 ж., 25 қыркүйек.
26. Қазақстан тарихы, 3 том. «Атамұра» баспасы. Алматы, 2002 ж., 720 721бб.
27. Шонанұлы Т. Жер тағдыры - ел тағдыры. Алматы 1995 ж., 140 б.
28. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы, 1995ж., 96 б.
29. Қойшыбаев Б. Өркениетті күрес ізашары. Егемен Қазақстан. 2010ж., 25 қыркүйек.
30. Есмағамбетов К. Тәуелсіздіктің таңшолпаны. Егемен Қазақстан. 2007 ж., 9 қаңтар.
31. Мәмет С. «Халық жауынан» халық батырына айналған. Егемен

Қазақстан. 2009 ж., 29 сәуір.

32. Ғали Т. Мұстафа Шоқайға қатысты тың дерек пен жаңа фотосурет табылды. Қазақ тарихы. 2010 ж., № 1
33. Есмағамбетов К. Тәуелсіздіктің таңшолпаны. Егемен Қазақстан. 2007 ж., 9 қаңтар.
34. Таңжарық Т. Мұстафаның мұрасы. Дала мен қала. 2010 ж., 26 шілде.
35. Есмағамбетов К. Тәуелсіздіктің таңшолпаны. Егемен Қазақстан. 2007 ж., 9 қаңтар.
36. Мұстафа Шоқай. Таңдамалы. II том. Алматы «Қайнар» 1998 ж.
37. Қазақстан тарихы, 3 том. «Атамұра» баспасы. Алматы, 2002 ж., 706 б.
38. Озғанбай Ө. Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан. Алматы, 2006 ж., 155-156 бб.
39. Бәкір Ә. Алаштың Әлиханы. Егемен Қазақстан. 2008 ж., 23 қыркүйек.
40. Тойынбаева Ш. Алаш туын көтеріп, азаттыққа жол ашқан. Егемен Қазақстан. 2008 ж., 18 желтоқсан.
41. Қазақстан тарихы, 3 том. «Атамұра» баспасы. Алматы, 2002 ж., 706-707бб.
42. Бәкір Ә. Алаштың Әлиханы. Егемен Қазақстан. 2008 ж., 23 қыркүйек.
43. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. 3- том. Алматы. 2001 ж. 275-бет.
44. Кеңес Нұрпейісов. Алаш һәм Алашорда. Алматы. 1995 ж. 160-бет.
45. С. Ахметов. Халел Досмұхамедұлы және Батыс Алашорда. Қазақ тарихы, 2004 ж. №3. 91-бет.
46. Алашорда. Сб. документов. Сост. Мартыненко Н. Алматы, 1992 ж. 98 б.
47. Нұрпейісов К., Құлкенов М., Хабижанов Б., Мектепов А. Халел Досмұхамедұлы және оның өмірі мен шығармашылығы. Алматы, 1992 ж., 161 б.
48. Озғанбаев Ө. Аңыз ғұмыр. Егемен Қазақстан. 2003ж., 26 қараша.
49. Абдуллаев К.А., Еркінбекова Б.К., Сағымбаева К.С. Халел Досмұхамедов жайлы не білесіз?. Қазақ батырлары. 2003ж., мамыр, № 5, 7б.
49. Маданов Х. Қазақ мәдениетінің тарихы. Алматы, 1998 ж., 242 б.
50. Қазақстан тарихы, 3 том. «Атамұра» баспасы. Алматы, 2002 ж., 712 б.
51. Маданов Х. Қазақ мәдениетінің тарихы. Алматы, 1998 ж., 242 б.
52. Қазақстан тарихы, 3 том. «Атамұра» баспасы. Алматы, 2002 ж., 712 б.
53. Жанпейісов Е. Ұлттық рухтың ұлы тіні. Алматы, 1999 ж., 4 б.
54. Жанпейісов Е. Ұлттық рухтың ұлы тіні. Алматы, 1999 ж., 250-251 бб.
55. Жанпейісов Е. Ұлттық рухтың ұлы тіні. Алматы, 1999 ж., 564 б.
56. Мажитов Р. Жаһанша Досмұхамедов Қазақ тарихы. 2004 ж., № 5, 98-99 бб.
57. Қазақстан тарихы, 3 том. «Атамұра» баспасы. Алматы, 2002 ж., 712-713 б.
58. Әлім Қ. Қазағын оятып, ойлантқан. Егемен Қазақстан. 2010 ж., 24 қараша.
59. Қазақстан тарихы, 3 том. «Атамұра» баспасы. Алматы, 2002 ж., 608 б.
60. Сабыров С. Қазақстан тарихы. Алматы, 2002 ж., 107б.
61. Дулатов М. Шығармалары. Алматы, 1991 ж., 6-7 бб.
62. Озғанбай Ө. Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан. Алматы, 2006 ж., 51 б.
63. Қуатов Б. Отанымыздың тарихы туралы саяси әңгіме. Алматы, 1993, 71 б.
64. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. Алматы, 1995 ж., 34-35 бб.
65. Қазақстан . Ұлттық энциклопедия. Алматы, 1998 ж., 249-250 бб.

66. Шоқай М. Таңдамалы. – Алматы: Қайнар. – т.1. – 1998.-405-б.
67. Сонда, 360-б.
68. Түркістан шейттері. Ыстамбұл, 1969. (Түрік тілінен тәржімалаған – Ф. Әли). Жұлдыз, 1997ж., N1. 104 б.
69. Озғанбай Ө. Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан. Алматы, 2006 ж., 146 б
70. Озғанбай Ө. Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан. Алматы, 2006 ж., 149-150 бб.
71. Оғанбаев О. Демократия бастауында... Ақиқат, 1996 ж., N11, 40-41 бб.
72. Қалиев С. А. Байтұрсыновтың педагогикалық көзқарастары. Қазақ халқының тәлім-тәрбие тарихынан. А., 1992 ж., 193-208 бб.
73. Сухбанбердина Ү. Қазақ баспасөзі тарихынан. «Айқап». Жинақ. Алматы, 1995 ж., 6 б.
74. Зиманов С.З., Идрисов К.З. Общественно-политические взгляды Мухамеджана Сералина. Алматы, 1989 ж., стр. 63
75. Зиманов С.З., Идрисов К.З. Общественно-политические взгляды Мухамеджана Сералина. Алматы, 1989 ж., стр. 65
76. Зиманов С.З., Идрисов К.З. Общественно-политические взгляды Мухамеджана Сералина. Алматы, 1989 ж., стр. 69
77. Дулатов М. Шығармалары. Алматы, 1991 ж., 300 б.
78. Озғанбай Ө. Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан. Алматы, 2006 ж., 159-160 бб.
79. Седельников Т. Борьба за землю в Киргизской степи, Алма-Ата. 1991 г., стр 3
80. Сапарғалиев Г. Карательная политика царизма в Казахстане (1905-1917) Алма-ата, 1966 г., стр 366-369

## 7. Тест тапсырмалары

1. Аралас орыс-қазақ мектептерінің ашылуына бастама болған патша әкімшілігінің ағартушылықты дамыту туралы заңы қай жылы қабылданды?

- A) 1902 ж.
- B) 1906 ж.
- C) 1909 ж.
- D) 1910 ж.
- E) 1914 ж.

2. XX ғасыр басында қазақ интеллигенциясының ықпалды бөлігі қандай позицияны ұстанды?

- A) Социалистік.
- B) Монархиялық.
- C) Либерал-демократиялық.
- D) Коммунистік.
- E) Консервативтік.

3. Столыпиннің аграрлық реформасын жүзеге асырудың және қоныс аударудың нәтижесінде қазақтардан қанша млн десятина жер тартып алынды?

- A) 5 млн. десятина.
- B) 10 млн. десятина.
- C) 14 млн. десятина.
- D) 17 млн. десятина.
- E) 20 млн. десятина.

4. Ә.Бөкейханов II Мемлекеттік Думаның қай фракциясының құрамына кірді?

- A) Дала фракциясы.
- B) Кадет.
- C) Мұсылман.
- D) Социал-демократиялық.
- E) Большевиктік.

5. XIX ғасырдың II жартысындағы қай қалада тұңғыш кітапхана ашылды?

- A) Шымкентте.
- B) Ақмолада.
- C) Қазалыда.
- D) Семейде.
- E) Әулие-Атада.

6. XIX ғасырдың II жартысындағы Қазақстанның қай қаласы ғылыми зерттеулер орталықтарының бірі болып саналды?

- A) Орал.
- B) Орынбор.
- C) Семей.
- D) Верный.
- E) Ақмола.

7. XX ғасыр басында «Қазақ» газеті қандай саяси-идеялық бағытты ұстанды?

- A) Либерал-демократиялық.
- B) Аграрлық-демократиялық.

- C) Социал-демократиялық.
- D) Ұлттық.
- E) Социалистік.

**8.** XX ғасыр басында «Айқап» журналы қандай саяси-идеялық бағытты ұстанды?

- A) Мұсылмандық.
- B) Ұлттық.
- C) Аграрлы-демократиялық.
- D) Либерал-демократиялық.
- E) Пантүркілік.

**9.** 1905 жылы Успен кен орында құрылған алғашқы жұмысшы ұйымын көрсетіңіз?

- A) большевиктік ұйым.
- B) коммунистік партия.
- C) «бірлік».
- D) капиталға қарсы күрестегі орыс-қырғыз одағы.
- E) социал-демократиялық ұйым.

**10.** Егер де 1853 жылдан 1905 жылға дейін қазақтардан 4 млн. десятина жер тартып алынса, 1906-1907 жылдары бұл цифр қаншаға жеткен?

- A) 14 млн.десятина.
- B) 15 млн.десятина.
- C) 16 млн.десятина.
- D) 17 млн.десятина.
- E) 40 млн.десятина.

**11.** Қазақтарда демократиялық қозғалыстың жаңа кезеңі қай уақытта басталды?

- A) 1910 жылы.
- B) 1911 жылы.
- C) 1912 жылы.
- D) 1914 жылы
- E) 1915 жылы.

**12.** «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен далаларының суреттемесі» еңбегінің авторы кім?

- A) Н.Рычков.
- B) П.Паллас.
- C) В.Радлов.
- D) А.И.Левшин.
- E) П.Семенов-Тянь-Шанский.

**13.** 1911 жылы жарық көрген «Түркілер һәм қырғыз-қазақ хандар тарихының шежіресі» еңбегінің авторы кім?

- A) С.Торайғыров.
- B) С.Көбеев.
- C) М.Жұмабаев.
- D) Ш.Құдайбердиев.
- E) А.Құнанбаев.

**14.** Ш.Уәлихановтың қай еңбегінде оның Қашқария экспедициясының нәтижесі баяндалған?

- А) «Алтыншар жағдайы немесе Қытайдың Нан Лу (Кіші Бұхария) провинциясының алты қаласы туралы»
- В) «Қытай империясының батыс провинциялары және Құлжа қаласы»
- С) «Ыстықкөл сапарының күнделігі»
- Д) «Қырғыздар туралы жазбалар»
- Е) «Қазақ өлкесіндегі мұсылмандық туралы»

**15.** Қазақстанның жазба әдебиетінің негізін қалаушы?

- А) А.Байтұрсынов
- В) А.Құнанбаев
- С) Бұхар жырау
- Д) Ы.Алтынсарин
- Е) Ш.Құдайбердиев

**16.** «Ресей империясының түрлі провинцияларына саяхат» еңбегінің авторы кім?

- А) Н.Рычков.
- В) П.Паллас.
- С) Р.Радлов.
- Д) А.И.Левшин.
- Е) П.Семенов-Тянь-Шанский.

**17.** 1887 жылы Ырғыздағы қыздар училищесі кімнің ұсынысы бойынша ашылды?

- А) С.Торайғыров.
- В) Ы.Алтынсарин.
- С) Ш.Уәлиханов.
- Д) Ш.Құдайбердиев.
- Е) А.Құнанбаев.

**18.** «Орынбор ведомствосы қырғыздарының үйлену және құда түсу дәстүрлерінің очеркі» еңбегінің авторы кім?

- А) С.Торайғыров.
- В) Ы.Алтынсарин.
- С) Ш.Уәлиханов.
- Д) Ш.Құдайбердиев.
- Е) А.Құнанбаев.

**19.** А.Құнанбаевтың еңбегін атаңыз?

- А) «Ескендір»
- В) «Орынбор ведомствосы қырғыздарының үйлену және құда түсу дәстүрлерінің очеркі»
- С) «Қырық мысал»
- Д) «Қырғыздар туралы жазбалар»
- Е) «Қазақ өлкесіндегі мұсылмандық туралы».

**20.** XIX ғасырдың II жартысындағы қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ сазгерін атаңыз?

- А) Құрманғазы.
- В) Дәулеткерей.

- C) Тәттімбет.
- D) Сармалай.
- E) Біржан сал.

**21.** Қазақстанға жер аударылып, қарапайым әскер болып қызмет атқарған ақын кім?

- A) А.С.Пушкин.
- B) Т.Г.Шевченко.
- C) Даль.
- D) В.И.Тютчев.
- E) М.Ю.Лермонтов.

**22.** 1841 жылы ашылған қандай мектеп?

- A) Азиялық мектеп.
- B) Алғашқы қыздар гимназиясы.
- C) Жәңгір ханның мектебі.
- D) Орынбор училищесі.
- E) Ырғыз мектебі.

**23.** Ш.Уәлиханов қай орыс зерттеушісін «Қазақ тарихының Геродоты» деп атаған?

- A) Н.Рычков.
- B) П.Паллас.
- C) В.Радлов.
- D) А.И.Левшин.
- E) П.Семенов-Тянь-Шанский.

**24.** А.Байтұрсынов қай газетті басқарды?

- A) «Айқап».
- B) «Қазақ»
- C) «Түркістан даласының газеті»
- D) «Искра»
- E) «Жұлдыз»

**25.** 1911 ж. Орынборда жарық көрген «Маса» жинағының авторы кім?

- A) Абай.
- B) С.Торайғыров.
- C) А.Байтұрсынов.
- D) Ш.Құдайбердиев.
- E) С.Дөнентаев.

**26.** XX ғасыр басында қай баспасөз органы Қазақстан халқы арасында ағарту және білім беру идеяларын уағыздады?

- A) «Айқап»
- B) «Сібір өмірі»
- C) «Сібір телеграфы»
- D) «Сары-Арқа»
- E) «Облыстық ведомстволар»

**27.** «Қазақ» газетінің редакторы кім?

- A) Ж.Аймауытов.
- B) А.Байтұрсынов.
- C) М.Сералин.



- D) М.Дулатов.
- E) Ә.Бөкейханов.

**28.** «Айқап» журналының редакторы кім?

- A) Б.Қаратаев.
- B) С.Торайғыров.
- C) С.Сейфуллин.
- D) М.Сералин.
- E) И.Жансүгіров.

**29.** 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің сипаты қандай?

- A) Халық-демократиялық.
- B) Социалистік.
- C) Буржуазиялық.
- D) Буржуазиялы-демократиялық.
- E) Отаршылдыққа қарсы.

**30.** Қазақстанның қай облысында 1916 жылы шаруалар көтерілісі кең тарады?

- A) Маңғыстау.
- B) Орал.
- C) Торғай.
- D) Сырдария.
- E) Семей.

**31.** 1916 жылғы Торғай көтерілісін кім басқарды?

- A) Т.Бокин және Б.Әжікеев.
- B) А.Иманов және А.Жангелдин.
- C) С.Меңдешев және А.Әйтиев.
- D) С.Сейфуллин және Т.Рысқұлов.
- E) Ә.Бөкейханов және А.Байтұрсынов.

**32.** 1916 жылы Қазақстаннан қай жас аралығындағы ер адамдар тыл жұмыстарына алынды?

- A) 18-25.
- B) 20-30.
- C) 19-43.
- D) 25-40.
- E) 15-25.

**33.** 1916 жылы көтеріліс кезінде патша өкіметімен қудаланған Жетісудан Қытайға көшуге мәжбүр болған халық саны қанша?

- A) 150000 адам.
- B) 270000 адам.
- C) 300000 адам.
- D) 400000 адам.
- E) 180000 адам.

**34.** 1916 жылы көтеріліске интеллигенцияның қай бөлігі қосылды?

- A) Либералдық..
- B) Ұлттық-демократиялық..
- C) Радикалдық бөлігі.
- D) Ресей интеллигенциясы.

Е) Оңшылдар.

**35.** 1916 жылы 25 маусымдағы патша жарлығына Алаш интеллигенциясының басшылары қандай көзқараста болды?

А) Жарлықты қолдады.

В) Қарсы шықты.

С) Ашық шайқасқа шақырды.

Д) Ымыраға келу саясатын ұстанды.

Е) Күту бағытын ұстанды.

**36.** 1916 жылғы көтеріліс барысында сардарбек болып сайланған кім?

А) Ә.Жангельдин.

В) А.Иманов.

С) Т.Рысқұлов.

Д) Т.Бокин.

Е) Б.Әшекеев.

**37.** 1916 жылы көтеріліс кезінде Верный уезінің ханы болып сайланған кім?

А) Б.Әшекеев.

В) Ә.Жангельдин.

С) О.Шонов.

Д) А.Иманов.

Е) Т.Бокин.

**38.** 1916 ж. көтеріліс барысында Торғай облысының ханы болып сайланған:

А) Ұ.Саурықов.

В) Ә.Жанбосынов.

С) А.Қошанов.

Д) О.Шонов.

Е) Н.Қияшов.

**39.** 1916 жылы 1-3 желтоқсанда ІУ Мемлекеттік Думаның отырысында патша өкіметінің 1916 жылы көтерілісті жаншуын қатаң сынға алған кім?

А) Керенский.

В) Милюков.

С) Бөкейханов.

Д) Скобелев.

Е) Шушков.

**40.** 1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліс көрініс тапқан С.Мұқановтың еңбегі қалай аталады?

А) «Қартқожа»

В) «Ботагөз»

С) «Қилы заман»

Д) «Құлагер»

Е) «Құралай сұлу»

**41.** 1915-1918 жылдары қайсы оқиға орыс шикізат отарларының, соның ішінде Қазақстанның маңызын жоғарылатты?

А) Революциялық өрлеудің жаңа кезеңі.

В) Отарлаудың күшеюі.

С) І дүние жүзілік соғыс.

Д) Ресейдің Германиямен карама-қайшылығының күшеюі.

Е) Ресей орталығындағы экономикалық құлдырау.

**42.** 1916 жылы 25 маусымдағы патша жарлығынан мұсылман діндарлары қандай бағыт ұстанды?

А) Жігіттерді ешқандай жағдайда бермеу.

В) Күреске міндетті түрде қатысу.

С) Кім соғысқысы келсе, өздері білсін.

Д) Патша әскерімен күресу, ал майданға бармау.

Е) Әскерге адам алудан мұсылман діндарларын босату.

**43.** «Алаш» партиясын құрған кім?

А) А. Байтұрсынов.

В) А. Бөкейханов.

С) М. Дулатов.

Д) Қ. Тоғысов.

Е) М. Сералин.

**44.** І-ші бүкіл қазақ съезі қай жылы болды?

А) 1917 ж. наурыз.

В) 1917 ж. мамыр.

С) 1917 ж. шілде.

Д) 1917 ж. қыркүйек.

Е) 1917 ж. қараша.

**45.** Уақытша үкіметтің комиссары ретінде Ә.Бөкейханов басқарған облысты атаңыз?

А) Торғай.

В) Орал.

С) Петропавл.

Д) Семей.

Е) Ақтөбе.

**46.** «Алаш» партиясы қашан құрылды?

А) 1916 ж.

В) 1918 ж.

С) 1919 ж.

Д) 1917 ж.

Е) 1913 ж.

**47.** «Алаш» партиясының бағдарламасы қай баспасөзде жарияланды?

А) «Қазақ» газеті.

В) «Айқап» журналы.

С) «Ақ жол» газеті.

Д) «Еңбекші қазақ» газеті.

Е) «Правда» газеті.

**48.** 1917 ж. күзінде Қазақстанда өзін «Қырғыз (Қазақ) социалистік партиясы» деп атаған және 1918 жылдан бастап Алаш орда үкіметіне қарсы большевиктердің одақтасы болған ұлттық-саяси ұйым «Үш жүз» партиясы құрылды. Оның басшысы кім болды?

А) К. Тоғысов.

В) Ә. Жангелдин.

С) А. Иманов.

D) Т.Рысқұлов.

E) Т.Бокин.

**49.** 1917 жылы сәуірде Орталық Шуро (Түркістан мұсылман одағы) хатшысы болып сайланған кім?

A) М.Шоқай.

B) М.Тынышпаев.

C) С.Торайғыров.

D) .Бөкейханов.

E) М.Дулатов.

**50.** Қоғам қайраткері, дәрігер, Алаш қозғалысының мүшесі, Ойыл Уәләятының басшысы кім?

A) Ақбаев Жақып.

B) Досмұхамедов Халел.

C) Дулатов Міржақып.

D) Бабаев Жүсіп.

E) Асылбеков Абдолла.

**51.** Уақытша үкімет кімнің мүддесін көздеді?

A) шаруалар.

B) жұмысшылар.

C) солдаттар.

D) буржуазиялар.

E) жұмысшылар мен шаруалар.

**52.** Алаш қозғалысына қарсы партияны атаңыз?

A) большевиктер.

B) эсерлер.

C) меньшевиктер.

D) кадеттер.

E) анархистер

**53.** Азық-түлік салғырты Азамат соғысы жылдарының қай кезеңінде енгізілді?

A) 1918ж. сәуір.

B) 1918ж.мамыр.

C) 1918ж.қараша.

D) 1919ж.қаңтар.

E) 1919ж.наурыз.

**54.** 1919 жылы бүкілодақтық атқару комитетінің (ВЦИК) қаулысында Кеңес үкіметіне қарсы күреске қатысқан Алаш Орда мүшелері туралы не айтылды?

A) Ату жазасы бұйырылды.

B) Абақтыға жабу бұйырылды.

C) Ештеңе айтылған жоқ.

D) Амнистия жарияланды.

E) Шетелге жер аудару бұйырылды.

**55.** 1918 ж. көктемде Кеңес үкіметі Алашордаға қарсы күресін неден бастады?

A) Алашорда басшыларын тұтқындады.

B) Алашордаға қарсы қарулы күрес бастады.

- C) «Қазақ» газетін жапты.
- D) Алашорданы Кеңестерге бағындырды.
- E) Алашорданы жойды.

**56.** «Алаш» автономиясы қашан құрылды?

- A) 1916 ж.
- B) 1917 ж.
- C) 1918 ж.
- D) 1920 ж.
- E) 1919 ж.

**57.** Орынборда Кеңес үкіметін орнату үшін большевиктер кімдермен күресті?

- A) Генерал Деникиннің әскерімен.
- B) Атаман Дутовтың әскерімен.
- C) Адмирал Колчактың әскерімен.
- D) Ағылшын интервенттерімен.
- E) Адмирал Врангельдің әскерімен.

**58.** 1918-1920 жж. Азамат соғысы кезінде Қазақстан территориясы Қызыл Армияның қай майданының құрамында болды?

- A) Батыс майдан.
- B) Шығыс майдан.
- C) Оңтүстік майдан.
- D) Оңтүстік-батыс майдан.
- E) Солтүстік-батыс майдан.

**59.** Қазақстанда Кеңес үкіметінің орнауы үшін күрескен большевик-қазақ кім?

- A) Ш.Құдайбердиев.
- B) Ә.Бөкейханов.
- C) М.Тынышпаев.
- D) А.Байтұрсынов.
- E) Т.Боқин.

**60.** Черкасск қорғанысына қатысушылар кімнің әскеріне қарсы күресті?

- A) Дутов әскеріне.
- B) Деникин әскеріне.
- C) Врангель әскеріне.
- D) Чехословак отрядтарына.
- E) Анненков әскеріне.

**61.** Алаш үкіметінің басшысы кім болды?

- A) М.Шоқай.
- B) М.Тынышпаев.
- C) Ә.Бөкейханов.
- D) С.Меңдешев.
- E) С.Сейфуллин.

**62.** Қазақстандағы азамат соғысы мен шетел интервенциясына не себеп болды?

- A) Дутовтың Орынборды алуы.
- B) Колчактың басқыншылығы.

- C) Ағылшындардың Орта Азияға кіруі.
- D) Чехословак корпусының бүлігі.
- E) Жетісудағы Анненков басқыншылығы.

**63.** Қазақстандағы Черкасск қорғанысы қайда орналасқан?

- A) Орынбор маңында.
- B) Батыс Қазақстанда.
- C) Жетісуда.
- D) Солтүстік Қазақстанда.
- E) Оңтүстік Қазақстанда.

**64.** Алаш Орда үкіметінің алғашқы орналасқан жерін атаңыз?

- A) Семей.
- B) Орынбор.
- C) Ташкент.
- D) Орал.
- E) Омбы.

**65.** «Алаш Орда» үкіметін сайлаған екінші бүкіл қазақтық съезд қашан және қайда өтті?

- A) 1917 ж. қараша, Қоқан.
- B) 1917 ж. қараша, Ташкент.
- C) 1917 ж. желтоқсан, Орынбор.
- D) 1917 ж. желтоқсан, Омбы.
- E) 1918 ж. қаңтар, Семей.

**66.** 1917 ж. қарашада құрылған Түркістан Автономиясы құрамына кірген Қазақстан облысын атаңыз?

- A) Сырдария және Петропавл.
- B) Сырдария және Семей.
- C) Сырдария және Жетісу.
- D) Сырдария және Жаркент.
- E) Закаспий және Орал.

**67.** Мұсылман дінін мемлекеттік дін деп ресми жариялаған автономия

- A) Түркістан Автономиясы.
- B) «Алаш» Автономиясы.
- C) Қырғыз АКСР-і.
- D) Бөкей ордасының ұлттық-территориялық автономиясы.
- E) Бөкей ордасы.

**68.** Түркістан Автономиясының орталығы Қоқан қаласы Ташкент Кеңесінің шешімімен қашан талқандалды?

- A) 1918 ж. Қаңтарда.
- B) 1918 ж. Ақпанда.
- C) 1918 ж. Наурызда.
- D) 1918 ж. сәуірде.
- E) 1918 ж. мамырда.

**69.** «Алаш Орда» үкіметінің Уақытша Халықтық Кеңесінде орыс және басқа да қазақ-қырғыз арасында өмір сүруші халықтарға неше орын бөлінді?

- A) 25 орын.
- B) 10 орын.

- C) 15 орын.
- D) 18 орын.
- E) 20 орын.

**70.** 1918 ж. қаңтар мен 1917 ж. қарашада өткен Құрылтай жиналысына сайлаулар нені көрсетті?

- A) Қазақстан жұмысшыларының басым бөлігі «Алаш» партиясының бағдарламасын қолдады.
- B) «Алаш» партиясын көпшілік халық қолдамады.
- C) Жұмысшылардың басым бөлігі большевиктерді қолдады.
- D) Жұмысшылар эсерлерді қолдады.
- E) Жұмысшылардың көпшілігі мұсылман жетекшілерін қолдады.

**71.** Кескілескен шайқастар нәтижесінде Ташкентте Кеңес үкіметі қашан орнады?

- A) 1917 ж. 25 қазан.
- B) 1917 ж. 1 қараша.
- C) 1917 ж. 10 желтоқсан.
- D) 1918 ж. 18 қаңтар.
- E) 1918 ж. 15 қаңтар.

**72.** Қазақстанда бірқатар өнеркәсіп орындарын ұлттандыру

- A) 1917 ж. қазан.
- B) 1917 ж. күз.
- C) 1917 ж. қыс.
- D) 1918 ж. көктем.
- E) 1918 ж. маусым.

**73.** Қазақстандағы азамат соғысының соңғы фронты - Солтүстік Жетісу фронты қашан жойылды?

- A) 1920 ж. сәуір.
- B) 1920 ж. мамыр.
- C) 1920 ж. маусым.
- D) 1920 ж. наурыз.
- E) 1920 тамыз.

**74.** 1920 ж. наурызда өз жақтастарымен кеңес үкіметінің жағына шыққан Алаш Орда басшыларының бірін атаңыз?

- A) А.Ермеков.
- B) Х. Тоқтамысов.
- C) А.Байтұрсынов.
- D) Х.Досмұхамедов.
- E) Ж.Досмұхамедов.

**75.** Азамат соғысы жылдарында Ақтөбе фронтына қару жеткізген экспедицияны кім басқарды?

- A) Т.Бокин.
- B) А.Иманов.
- C) Ә.Жангелдин.
- D) А.Розыбақиев.
- E) Т.Рысқұлов.

**76.** «Алаш Орданы» жою туралы шешім қай жылы қабылданды?

- A) 1918 ж. 9 наурыз.
- B) 1919 ж. 9 наурыз.
- C) 1920 ж. 9 наурыз.
- D) 1921 ж. 9 наурыз.
- E) 1922 ж. 9 наурыз.

**77.** Қоқан автономиясының (1917 ж.) басшысы кім?

- A) Ә.Бөкейханов.
- B) М.Шоқай.
- C) А.Байтұрсынов.
- D) М.Дулатов
- E) Х.Досмұхамедов.

**78.** Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы қашан құрылды? А) 1918 ж.

- B) 1919 ж.
- C) 1920 ж.
- D) 1922 ж.
- E) 1936 ж.

**79.** Қазақ АКСР-ның алғашқы астанасы болған қала?

- A) Верный.
- B) Омск.
- C) Орынбор.
- D) Қызылорда.
- E) Алматы.

**80.** ҚазАКСР-ның құрылуы туралы декрет қай жылы шықты?

- A) 1920 ж. тамыз.
- B) 1919 ж. шілде.
- C) 1918 ж. сәуір.
- D) 1925 ж. сәуір.
- E) 1920 ж. қазан.

**81.** 1921 жылғы жер-су реформасының негізгі мақсаты не?

- A) Барлық жерді мемлекет қарамағына беру.
- B) Жерді колхоздарға беру.
- C) Жерді халыққа жалға беру.
- D) Шаруаларға патша өкіметінің тартып алған жерлерін қайтару.
- E) Жерді байларға сату.

**82.** 1920 ж. ҚазАКСР ОАК-нің басшысы кім болды?

- A) С.Меңдешев.
- B) А.Байтұрсынов.
- C) М.Сералин.
- D) М.Дулатов.
- E) А.Бөкейханов.

**83.** «Қосшы» одағы қашан құрылды?

- A) 1922 ж.
- B) 1919 ж.
- C) 1921 ж.
- D) 1917 ж.



Е) 1936 ж.

**84.** Қазақстанда азық-түлік салғырты азық-түлік салығымен алмастырылды?

А) 1923 ж. ақпан-наурыз.

В) 1922 ж. қыркүйек.

С) 1921 ж. наурыз-сәуір.

Д) 1920 ж. мамыр.

Е) 1922 ж. сәуір.

**85.** Қазақстанда өнеркәсіпті қалпына келтіру үдерісі орталыққа қарағанда жәй жүрді? Ол қай жылдарда аяқталды?

А) 1924 - 1925 жж.

В) 1925 - 1926 жж.

С) 1926 - 1927 жж.

Д) 1927 - 1928 жж.

Е) 1928-1929 жж.

**86.** Орынбор қай жылдары ҚазАКСР-ның астанасы болды?

А) 1919-1924 жж.

В) 1920-1924 жж.

С) 1924-1929 жж.

Д) 1923-1928 жж.

Е) 1925-1929 жж.

**87.** 1921 жылғы жер-су реформасының барысында Жетісудың жергілікті халқына қанша жер қайтарылды?

А) 177 мың десятина.

В) 208 мың десятина.

С) 460 мың десятина.

Д) 320 мың десятина.

Е) 280 мың десятина.

**88.** Қазақ даласына Коммунистік партияның ұлттық саясатын түсіндіру мен Кеңес үкіметі декреттерін үгіттеу үшін қай жылы «Қызыл керуен» жіберілді?

А) 1920 ж.

В) 1922 ж.

С) 1923 ж.

Д) 1925 ж.

Е) 1926 ж.

**89.** «Қызыл керуенді» кім басқарды?

А) Ғ. Мұратбаев.

В) Ә. Жангелдин.

С) А. Байтұрсынов.

Д) С. Сейфуллин.

Е) Т. Рысқұлов.

**90.** XX ғ. 20 жылдарында «Қызыл керуеннің» жүрген жолы атаңыз?

А) Орынбордан Семейге дейін.

В) Семейден Өскеменге дейін.

С) Орынбордан Петропавлға дейін.

Д) Петропавлдан Көкшетауға дейін.

Е) Көкшетаудан Қарағандыға дейін.

**91.** 1889 жылдан бері партия мүшесі В.Радус-Зенькович ҚазАССР қандай мансапқа ие болды?

- A) ХКК-ң төрағасы.
- B) Ішкі істер халық комиссары.
- C) Сауда халық комиссары.
- D) Білім беру халық комиссары.
- E) Сыртқы істер халық комиссары.

**92.** Жер-су реформасын жүргізуге Қазақстанның қай қайраткері қатысты?

- A) А.Асылбеков және Д.Бәрібаев.
- B) Б.Әшекеев және А.Байтұрсынов.
- C) А.Иманов және В.Лукашов.
- D) Ә.Әйтиев және Б.Әшекеев.
- E) Б.Алманов және С.Пестковский.

**93.** Қазақстандағы индустриализациясының алғашқы объектісін көрсетіңіз?

- A) Балқаш мыс комбинаты.
- B) Шымкент қорғасын зауыты.
- C) Зырянов полиметалл комбинаты.
- D) «Түркісіб» теміржолы.
- E) Ащысай кен орны.

**94.** Қазақстандағы ұжымдастыру қалай жүргізілді?

- A) Шаруашылық шешімі бойынша.
- B) Жергілікті билік шешімі бойынша.
- C) Референдум бойынша.
- D) Күшпен жүргізілді.
- E) Демократиялық жолмен.

**95.** 1924 жылы ұлттық-мемлекеттік межелену кезінде ҚазАССР құрамына кірген облыстарды атаңыз.

- A) Семей және Ақмола.
- B) Торғай және Орал.
- C) Жетісу және Сырдария.
- D) Закаспий облысы және Бөкей ордасы.
- E) Петропавл және Көкшетау.

**96.** Қазақстандағы күштеп ұжымдастыруға қарсы жаппай қарулы көтерілістер қай жылдары болды?

- A) 1921-1922 жж.
- B) 1929-1931 жж.
- C) 1931-1933 жж.
- D) 1937-1938 жж.
- E) 1938-1939 жж.

**97.** Қазақстанның қай қаласы 1925 жылы астана болды?

- A) Арқалық.
- B) Ақмола.
- C) Қызыл-Орда.
- D) Алма-Ата.
- E) Шымкент.

**98.** Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру қай жылы басталды?

- A) 1933 ж.
- B) 1932 ж.
- C) 1930 ж.
- D) 1929 ж.
- E) 1927 ж.

**99.** Ұжымдастыру және аштық жылдарында Қазақстаннан көшіп кеткен халық саны:

- A) 200 мыңнан астам адам.
- B) 300 мыңнан астам адам.
- C) 500 мыңнан астам адам.
- D) 400 мыңнан астам адам.
- E) 600 мыңнан астам адам.

**100.** Қашан қазақ жазуы араб графикасынан латын әліппесіне ауысты?

- A) 1929 ж.
- B) 1931 ж.
- C) 1933 ж.
- D) 1939 ж.
- E) 1940 ж.

**101.** Қазақстанда өнеркәсіп қай бағытта дамыды?

- A) Дайын өнім өндіру.
- B) Машина жасау.
- C) Негізінен шикізат өндіру.
- D) Тек қана азық-түлік өнімдерін өндіру.
- E) Өнеркәсіп дамыған жоқ..

**102.** Алматыда алғашқы ашылған жоғары оқу орнын атаңыз?

- A) Қазақ Мемлекеттік Университеті.
- B) Алматы Медециналық Институты.
- C) Қазақ Педагогикалық Институты.
- D) Алматы Ветеринарлық Институты.
- E) Ауыл шаруашылық Институты.

**103.** 1935 жылы жарық көрген «Қазақтың көне заманнан бергі тарихы» еңбегінің авторы кім?

- A) Е.Бекмаханов.
- B) М.Әуезов.
- C) М.Тынышпаев.
- D) С.Аспендияров.
- E) Т.Рысқұлов.

**104.** «Қазақ халқының 1000 әні» және «Қазақ халқының 500 әні мен күйі» жинағының авторы кім?

- A) Б.Астафьев.
- B) А.Бимбойс.
- C) А.Жұбанов.
- D) А.Затаевич.
- E) Е.Брусиловский.

**105.** Алгебра пәнінің қазақ тіліндегі алғашқы оқулығын жасаған кім?

- A) Қ.Сәтпаев.

- B) С.Торайғыров.
- C) С.Сейфуллин.
- D) М.Сералин.
- E) А.Байтұрсынов.

**106.** Қазақстанда кириллица қашан енгізілді?

- A) 1929 ж.
- B) 1935 ж.
- C) 1940 ж.
- D) 1946 ж.
- E) 1949 ж.

**107.** Орта Азияның ұлттық-мемлекеттік межеленуі және қазақ жерлерінің біртұтас Қазақ Совет мемлекетіне бірігуі қай жылы болды?

- A) 1921 ж.
- B) 1926 ж.
- C) 1924ж.
- D) 1924 ж.
- E) 1931 ж.

**108.** Қазақстан қай жылы индустриаландыру бағытына көшті?

- A) 1925 ж.
- B) 1927 ж.
- C) 1930 ж.
- D) 1931 ж.
- E) 1933 ж.

**109.** Сібір мен Орта Азияны байланыстырған Түрксіб темір жол құрылысы қай жылы басталды?

- A) 1925 ж.
- B) 1926 ж.
- C) 1927 ж.
- D) 1928 ж.
- E) 1929 ж.

**110.** Қай жылы ҚазАКСР ОАК-нің қаулысымен «қазақ, «Қазақстан» деген нақты атаулар қабылданды?

- A) 1920 ж. 9 ақпан.
- B) 1925 ж. 9 ақпан.
- C) 1929 ж. 9 ақпан.
- D) 1933 ж. 9 ақпан.
- E) 1936 ж. 9 ақпан.

**111.** Алғашқы бесжылдық жылдарын атаңыз?

- A) 1927-1931 жж.
- B) 1928-1932 жж.
- C) 1928-1934 жж.
- D) 1927-1932 жж.
- E) 1929-1934 жж.

**112.** Индустриаландыру жылдарында құрылып, «Екінші Баку» атанған мұнай базасын атаңыз?

- A) Мұнайлы Ембі.

- B) Мұнайлы.
- C) Жаңаөзен.
- D) Теңіз мұнайы.
- E) Қашаған.

**113.** Қазақстандағы «стаханов» қозғалысын жалғастырушы кім?

- A) С.Сәдуақасов.
- B) Т.Күзембаев.
- C) О.Жандосов.
- D) Д.Омаров.
- E) Т.Қозыбеков.

**114.** Қазақстанның көшпелі және жартылай көшпелі еңбек шаруашылықтарын отырықшылықтарға көшіру процесін толығымен аяқтау қай жылға жоспарланды?

- A) 1931 ж.
- B) 1932 ж.
- C) 1933 ж.
- D) 1934 ж.
- E) 1935 ж.

**115.** 1933 ж. наурызында ұжымдастыру нәтижесінде пайда болған апаттың көлемі туралы Сталинге хат жазған Қазақстанның көрнекті қоғам қайраткері кім?

- A) С.Сәдуақасов.
- B) Т.Рысқұлов.
- C) Ы.Құрамысов.
- D) Е.Алтынбеков.
- E) К.Қуанышов.

**116.** Алаш Орда үкіметінің қай мүшесі репрессияға ұшырады?

- A) С.Аспендияров.
- B) Қ.Жұбанов.
- C) Е.Бекмаханов.
- D) Т.Рысқұлов.
- E) Ж.Досмұхамедов.

**117.** Ф.Голощекин қай жылдары Қазревкомды басқарды?

- A) 1918-1920 ж.ж.
- B) 1920-1922 ж.ж.
- C) 1919-1923 ж.ж.
- D) 1925-1933 ж.ж.
- E) 1925-1931 ж.ж.

**118.** «Кіші Қазан» бағытына қарсы шыққан Қазақстанның қоғам қайраткері кім?

- A) С.Сәдуақасов пен Ж.Мыңбаев.
- B) Ы.Құрамысов.
- C) Т.Рысқұлов.
- D) М.Нұрмақов пен Д.Омаров.
- E) М.Курнаков.

**119.** 1930 жылдың сәуірінде ОГПУ шешімі бойынша ату жазасы 10 жыл түрмеге отырумен алмастырылып, 1935 жылы Соловец лагерінде қайтыс болған қоғам қайраткерін атаңыз?

- A) М.Дулатов.
- B) Ж.Аймауытов.
- C) А.Байтұрсынов.
- D) Ә.Бөкейханов.
- E) И.Жансүгіров.

**120.** «Кіші Қазан» идеясының авторы кім?

- A) И.Сталин.
- B) С.Садуақасов.
- C) Ф.Голощекин.
- D) Н.Бухарин.
- E) О.Жандосов.

**121.** Патша әкімшілігінің ағартушылықты дамыту туралы заңы қай жылы қабылданды?

- A) 1902 ж.
- B) 1906 ж.
- C) 1909 ж.
- D) 1910 ж.
- E) 1914 ж.

**122.** XX ғасыр басындағы қазақ интеллигенциясының бағыты қандай болды?

- A) Социалистік.
- B) Монархиялық.
- C) Либерал-демократиялық.
- D) Коммунистік.
- E) Консервативтік.

**123.** II Мемлекеттік Думаның қай фракциясының құрамына Ә. Бөкейханов кірді?

- A) Дала фракциясы.
- B) Кадет.
- C) Мұсылман.
- D) Социал-демократиялық.
- E) Большевиктік.

**124.** «Қазақ» газеті қандай саяси-идеялық бағытты ұстанды?

- A) Либерал-демократиялық.
- B) Аграрлық-демократиялық;
- C) Социал-демократиялық;
- D) Ұлттық;
- E) Социалистік.

**125.** «Айқап» журналы қандай саяси-идеялық бағытты ұстанды?

- A) Мұсылмандық.
- B) Ұлттық.
- C) Аграрлы-демократиялық.
- D) Либерал-демократиялық.

Е) Пантүркілік

**126.** 1906-1907 жылдары қазақтардан қанша млн. десятина жер тартып алынды?

А) 14 млн.десятина.

В) 15 млн.десятина.

С) 16 млн.десятина.

Д) 17 млн.десятина.

Е) 40 млн.десятина.

**127.** «Түркілер һәм қырғыз-қазақ хандар тарихының шежіресі» еңбегінің авторы кім?

А) С.Торайғыров.

В) С.Көбеев.

С) М.Жұмабаев.

Д) Ш.Құдайбердиев.

Е) А.Құнанбаев.

**128.** Қашқария экспедициясы Ш.Уәлихановтың қай еңбегінде баяндалған?

А) «Алтыншар жағдайы немесе Қытайдың Нан Лу (Кіші Бұхария)

провинциясының алты қаласы туралы»;

В) «Қытай империясының батыс провинциялары және Құлжа қаласы»

С) «Ыстықкөл сапарының күнделігі»

Д) «Қырғыздар туралы жазбалар»

Е) «Қазақ өлкесіндегі мұсылмандық туралы»

**129.** Қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаған классик?

А) А.Байтұрсынов.

В) А.Құнанбаев.

С) Бұхар жырау.

Д) Ы.Алтынсарин.

Е) Ш.Құдайбердиев.

**130.** «Ресей империясының түрлі провинцияларына саяхат» еңбегінің авторы кім?

А) Н.Рычков.

В) П.Паллас.

С) Р.Радлов.

Д) А.И.Левшин.

Е) П.Семенов-Тянь-Шанский.

**131.** Ырғыздағы алғашқы қыздар училищесі кімнің ұсынысы бойынша ашылды?

А) С.Торайғыров.

В) Ы.Алтынсарин.

С) Ш.Уәлиханов.

Д) Ш.Құдайбердиев.

Е) А.Құнанбаев.

**132.** «Орынбор ведомоствосы қырғыздарының үйлену және құда түсу дәстүрлерінің очеркі» еңбегінің авторы кім?

А) С.Торайғыров.

В) Ы.Алтынсарин.

- С) Ш.Уәлиханов.
- Д) Ш.Құдайбердиев.
- Е) А.Құнанбаев.

**133.** Қазақстанға жер аударылып Форт-Шевченкода әскери қызмет атқарған ақын кім?

- А) А.С.Пушкин.
- В) Т.Г.Шевченко.
- С) Даль.
- Д) В.И.Тютчев.
- Е) М.Ю.Лермонтов.

**134.** Алғашқы 1841 жылы ашылған қандай мектеп?

- А) Азиялық мектеп.
- В) Алғашқы қыздар гимназиясы.
- С) Жәңгір ханның мектебі.
- Д) Орынбор училищесі.
- Е) Ырғыз мектебі.

**135.** «Маса» жинағының авторы кім?

- А) Абай.
- В) С.Торайғыров.
- С) А.Байтұрсынов.
- Д) Ш.Құдайбердиев.
- Е) С.Дөнентаев.

**136.** Қай баспасөз органы Қазақстан халқы арасында ағарту және білім беру идеяларын уағыздады?

- А) «Айқап»
- В) «Сібір өмірі»
- С) «Сібір телеграфы»
- Д) «Сары-Арқа»
- Е) «Облыстық ведомстволар»

**137.** 1916 ж. 25 маусым жарлығына Алаш интеллигенциясы қандай көзқараста болды?

- А) Жарлықты қолдады;
- В) Қарсы шықты;
- С) Ашық шайқасқа шақырды;
- Д) Ымыраға келу саясатын ұстанды;
- Е) Күту бағытын ұстанды.

**138.** 1916 жылғы көтеріліс барысында Торғай облысының ханы болып сайланған кім?

- А) Ұ.Саурықов.
- В) Ә.Жанбосынов.
- С) А.Қошанов.
- Д) О.Шонов.
- Е) Н.Қияшов.

**139.** 1916 ж. 1-3 желтоқсанда 4 Мемлекеттік Думаның отырысында патша өкіметінің 1916 ж. көтерілісті жаншуын қатаң сынға алған кім?

- А) Керенский.



- В) Милюков.
- С) Бөкейханов.
- Д) Скобелев.
- Е) Шушков.

**140.** С.Мұқановтың 1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліске арналған еңбегі қалай аталады?

- А) «Қартқожа»
- В) «Ботагөз»
- С) «Қилы заман»
- Д) «Құлагер»
- Е) «Құралай сұлу»

**141.** «Алаш» партиясын құрған кім?

- А) А.Байтұрсынов.
- В) А.Бөкейханов.
- С) М.Дулатов.
- Д) Қ.Тоғысов.
- Е) М.Сералин.

**142.** І-ші бүкіл қазақ съезі қай жылы болды?

- А) 1917 ж. наурыз.
- В) 1917 ж. мамыр.
- С) 1917 ж. шілде.
- Д) 1917 ж. қыркүйек.
- Е) 1917 ж. қараша.

**143.** Ә.Бөкейханов Уақытша үкіметтің комиссары ретінде басқарған облыс?

- А) Торғай.
- В) Орал.
- С) Петропавл.
- Д) Семей.
- Е) Ақтөбе.

**144.** Қай баспасөзде «Алаш» партиясының бағдарламасы жарияланды?

- А) «Қазақ» газеті.
- В) «Айқап» журналы.
- С) «Ақ жол» газеті.
- Д) «Еңбекші қазақ» газеті.
- Е) «Правда» газеті.

**145.** «Үш жүз» партиясының басшысы кім болды?

- А) К.Тоғысов;
- В) Ә.Жангелдин;
- С) А.Иманов;
- Д) Т.Рысқұлов;
- Е) Т.Бокин.

**146.** 1917 ж. сәуірде Түркістан мұсылман одағының хатшысы болып сайланған кім?

- А) М.Шоқай.
- В) М.Тынышпаев.
- С) С.Торайғыров.

D) Ә.Бөкейханов.

E) М.Дулатов.

**147.** Ойыл Уәләтының басшысы, дәрігер, Алаш қозғалысының мүшесі кім?

A) Ақбаев Жақып.

B) Досмұхамедов Халел.

C) Дулатов Міржақып.

D) Бабаев Жүсіп.

E) Асылбеков Абдолла.

**148.** Уақытша үкімет кімнің мүддесін көздеді:

A) шаруалар.

B) жұмысшылар.

C) солдаттар.

D) буржуазиялар.

E) жұмысшылар мен шаруалар.

**149.** 1918 ж. көктемде Кеңес үкіметі Алашордаға қарсы күресін неден бастады?

A) Алашорда басшыларын тұтқындады.

B) Алашордаға қарсы қарулы күрес бастады.

C) «Қазақ» газетін жапты.

D) Алашорданы Кеңестерге бағындырды.

E) Алашорданы жойды.

**150.** Алаш Орда үкіметінің алғашқы орналасқан жерін атаңыз?

A) Семей.

B) Орынбор.

C) Ташкент.

D) Орал.

E) Омбы.

**151.** «Алаш Орда» үкіметін сайлаған екінші бүкілқазақтық съезд қашан және қайда өтті?

A) 1917 ж. қараша, Қоқан.

B) 1917 ж. қараша, Ташкент.

C) 1917 ж. желтоқсан, Орынбор.

D) 1917 ж. желтоқсан, Омбы.

E) 1918 ж. қаңтар, Семей.

**152.** 1917 ж. қарашада құрылған Түркістан автономиясы құрамына кірген Қазақстан облысын атаңыз:

A) Сырдария және Петропавл.

B) Сырдария және Семей.

C) Сырдария және Жетісу.

D) Сырдария және Жаркент.

E) Закаспий және Орал.

**153.** Мұсылман дінін мемлекеттік дін деп ресми жариялаған автономия:

A) Түркістан Автономиясы.

B) «Алаш» Автономиясы.

C) Қырғыз АКСР-і.

D) Бөкей ордасының ұлттық-территориялық автономиясы.

Е) Бөкей ордасы.

**154.** «Алаш Орда» үкіметінің Уақытша Халықтық Кеңесінде орыс және басқа да қазақ-қырғыз арасында өмір сүруші халықтарға неше орын бөлінді?

А) 25 орын.

В) 10 орын.

С) 15 орын.

Д) 18 орын.

Е) 20 орын.

**155.** 1918 ж. қаңтар мен 1918 ж. қарашада өткен Құрылтай жиналысына сайлаулар нені көрсетті?

А) Қазақстан жұмысшыларының басым бөлігі «Алаш» партиясының бағдарламасын қолдады.

В) «Алаш» партиясын көпшілік халық қолдамады.

С) Жұмысшылардың басым бөлігі большевиктерді қолдады.

Д) Жұмысшылар эсерлерді қолдады.

Е) Жұмысшылардың көпшілігі мұсылман жетекшілерін қолдады.

**156.** Алашорданы тарату туралы шешім қашан қабылданды?

А) 1919 жылдың 21 тамыз айында

В) 1920 жылдың 9 наурызында

С) 1921 жылдың 30 шілдесінде

Д) 1922 жылдың 15 ақпанында

Е) 1923 жылдың 29 қарашасында

**157.** Алаш зиялыларын Кеңес өкіметі жағына шақырып, ұлттық келісім тактикасына қол жеткізген ағартушы, гуманист?

А) Б. Майлин

В) С. Сейфуллин

С) М. Жумабаев

Д) Т. Рысқұлов

Е) А. Байтұрсынов

**158.** Алаш өкілдерін Кеңес өкіметі жағына шығуға итермелеген қандай жағдай?

А) Ақ гврдияшылардың жеңіле бастауы

В) Соғыстың ұзаққа созылуы

С) Халықтың өтініш білдіруі

Д) Ақ гвардияшылар мен интервенттердің қатігездігі.

Е) Барлығы дұрыс

**159.** «Алаш» партиясының мүшелері кімдер?

А) С. Сәдуақасов, Т. Рысқұлов

В) С. Торайғыров, Ш. Құдайбердиев

С) С. Сейфуллин, М. Жумабаев

Д) Б. Майлин, І. Жансүгіров

Е) Берілген жауаптардың бәрі дұрыс

**160.** «Қазақ ұлтының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды» деп кім жазды?

А) Ә. Бөкейханов

В) С. Садуақасов

С) М. Дулатов

- Д) М.Жұмабаев
- Е) А.Байтұрсынов

**161.** «Алаш» партиясының Жетісу облыстық съезі қашан болды?

- А) 1917ж. ақпан
- В) 1917ж. наурыз
- С) 1917ж. сәуір
- Д) 1917ж. желтоқсан
- Е) 1917ж. қыркүйек

**162.** «Алаш» қозғалысы қашан ұйымдастырылды?

- А) 1905 ж.
- В) 1908ж.
- С) 1910ж.
- Д) 1913ж.
- Е) 1917ж.

**163.** «Алаш партиясының басты мақсаты қандай болды?

- А) Монархияны қайта құру
- В) Кеңес үкіметін жақтау
- С) Қосөкіметті жою
- Д) Автономиялық ұлттық мемлекет құру
- Е) Уақытша үкіметті қолдау

**164.** Шыңғыс хан ұрпағы, Ресей либералдық-демократиялық қозғалысының қайраткері, бұрынғы кадет корпусының мүшесіболған қазақ зиялысы кім?

- А) А.Байтұрсынов
- В) Ә.Бөкейханов
- С) К.Тоғысов
- Д) Ә.Ермеков
- Е) Т.Рысқұлов

**165.** А.Байтұрсынов пен М.Сералин қай аймақты республика құрамына қосу қажеттігін дәлелдеді?

- А) Павлодар
- В) Ақмола
- С) Қостанай
- Д) Орынбор
- Е) Петропавл

## Мазмұны

Кіріспе .....	3
1. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның мәдениеті.....	5
2. XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың басындағы ұлт зиялыларының қалыптасуы. ....	17
3. Мемлекеттік Дума және қазақ зиялыларының қызметі.....	35
4. Қорытынды.....	51
5. Глоссарий .....	56
6. Сілтемелер тізімі .....	58
7. Тест тапсырмалары .....	61



Пішімі 60x84 1/12  
Көлемі 87 бет 7,25 шартты баспа табағы  
Таралымы 20 дана.  
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ  
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.  
Ақтау қаласы, 32 ш/а.

